АЛТЫНОРДАЛЫҚ ҚАРАҒАЙЛЫ, ҰШҚАН, АЩЫСАЙ ҚАЛАЛАРЫ: ТАРИХЫ ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯСЫ



У. Ахметова, Ә. Мұқтар, А. Тұраруұлы, А. Жұмабаев,
Ж. Байғалиев, М. Шагирбаев

АЛТЫНОРДАЛЫҚ ҚАРАҒАЙЛЫ, ҰШҚАН, АЩЫСАЙ ҚАЛАЛАРЫ: ТАРИХЫ ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯСЫ

Сарайшық 2025

УДК 902/904 (574)
ББК 63.4 (5Қаз)
А46

Баспаға Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК Ғылыми кеңесі ұсынған (2025 жылы 28 тамыздағы №2 хаттама)

Пікір жазғандар:
Тарих ғылымдарының докторы, профессор М. Қожа
Доктор PhD Сырым Есен

У. Ахметова, Ә. Мұқтар, А. Тұраруұлы, А. Жұмабаев, Ж. Байғалиев, М. Шагирбаев
Алтынордалық Қарағайлы, Ұшқан, Ащысай қалалары: тарихы және археологиясы. Ұжымдық монография. – Алматы: «Махамбет» халықаралық қор мекемесі, 2025. - 192 бет.

ISBN 978-601-12-4689-7

Монография ортағасырлық Ұшқан қаласы мен соңғы жылдары «Сарайшық» музей-қорығы ғалымдары зерттеулері нәтижесінде ашылған және 2021-2025 жылдар аралығында зерттеу аумағына алынған Қарағайлы, Ащысай мекендерінің тарихы мен археологиясына арналған. Аталған елді мекендер Үргеніш пен Сарайшық, Сарайшық пен Еділ бойындағы алтынордалық астаналық қалалар аралығын байланыстыра, Ұлы Жібек жолы бойындағы ортағасырлық керуен сарайлар мен керуен жолында маңызды логистикалық орталықтар қызметін атқарған. Зерттеу барысында табылған түрлі нысандар, жәдігерлер, остеологиялық және нумизматикалық материалдар өткен бай тарихымызды жаңа қырынан тануға мүмкіндік береді.

Монография Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің 2023-2025 жылдары арасында бағдарламалы-нысаналы қаржыландырылған BR 22082480 «Алтынордалық Сарайшық, Ұшқан, Ащысай, Қарағайлы ескерткіштері тарихи-мәдени мұра контекстісінде (XIII-XV ғғ.)» атты ғылыми бағдарламасы негізінде дайындалды.

Болат Батыр
«Махамбет» халықаралық қор мекемесі, 2025

КІРІСПЕ

Ұлы Жібек жолында орналасып, сонау шығыс пен батысты жалғаған керуен жолдарында бабаларымыздан қалған бай тарихи–мәдени мұра ескерткіштері жетерлік. Тарихи-мәдени ескерткіштер қазірде туризм құрылымында басты жетекші сала болып келе жатқаны анық. Қазақстан халықаралық туризм жүйесіне ену үшін халықаралық сүре жолда орналасқан тарихи маңызы бар ортағасырлық ескерткіштерді зерттеп, қалпына келтіріп, ел игілігіне айналдыру басты мұрат.

Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгелі өткен тарихымыздың бұрын белгісіз болған тұстары жарыққа шыға бастады. Сонау көне заманнан бүгінге дейінгі аралықта ата-бабаларымыз көшіп-тұрақтаған, ізін қалдырған, әлемдік өркениетте алар орны бар мыңдаған тарихи-мәдени мұраларымыз жаңғырды, тың деректер әлемдік архивтердан, кітапханалардан атамекенге оралды. Бұл бағытта Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК ғалымдары да еңбек етіп келеді. Соның айқын дәлелі «Сарайшық» музей-қорығы орындаған Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің 2023-2025 жылдарға бағдарламалы-нысаналы қаржыландырылған BR 22082480 «Алтынордалық Сарайшық, Ұшқан, Ащысай, Қарағайлы ескерткіштері тарихи-мәдени мұра контекстісінде (XIII-XV ғғ.)» орындалған ғылыми бағдарламасы. (Ғылыми жетекшісі Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің ғалымы т.ғ.д. Ұ.Т. Ахметова).

Бағдарламаның мақсаты - Алтын Орданың қала мәдениеті ескерткіштерін Каспий аумағының қазақстандық бөлігіндегі бұрыннан белгілі және соны зерттеулер нәтижесінде жаңадан анықталған қалалар мен қоныстарды одан әрі зерттеу жұмыстарын жүргізу. Мақсатымызды жүзеге асыруда Каспий аймағының қазақстандық бөлігінде жаңадан Алтын Орда кезеңі ескерткіштерін анықтауда далалық барлау жұмыстарымен айналысу, XIII-XV ғасырлардағы халықтың материалдық және рухани мәдениетін зерттеуде алтынордалық ескерткіштер Ұшқан, Ащысай, Қарағайлы, Сарайшық орындарында археологиялық қазбалар жүргізіп, стратиграфиялық кескіндер салу және архив деректерін жинау, зерттеу тақырыбы бойынша тарихи-

мәдени туризмді дамытуда тарихи-археологиялық және мәдени мұра объектілерін табу және оны тіркеу, насихаттаудың басымдықтарын негіздеу.

Музей-қорық жаңа нысандарды зерттеуге белгілі ғалымдар З. Самашев, М. Елеуов, М. Қожа, М. Қасенов, этнограф Ж. Ерназаров, Ресейлік мамандар А.Г. Ситдиков, В. Плахов, П. Петров және Түрік Республикасы Анкара университетінің профессоры, PhD Мухаррем Атчекен қатысты.

Алғашқы зерттеулер барысында Ұлы Жібек жолы бойындағы Сарайшық қаласымен байланыста болған Ушқан, жаңадан тың ашылған Ащысай, Қарағайлы қалаларын зерттеу басты назарға алынды.

Ушқан қаласына кешенді зерттеулер жүргізілмеуіне қарамастан бұл ескерткіш ғылым үшін белгілі. Патшалы Ресей заманында қала туралы ақпараттар И.Г. Гербер, А.И. Левшин, кейін археологтар П.С. Толстов, Ә. Марғұлан, Л.Л. Галкин, З. Самашев, этнограф С. Әжіғали зерттеулерінде кездеседі [1]. Л.Л. Галкин 1367 жылғы ағайынды Пициганилердің жасаған картасында көрсетілген алтынордалық Трестарго (Трестаго) қаласын Ушқан қаласы, П.С.Толстов, Ә. Марғұлан, Л. Галкин, З. Самашев, С. Әжіғали керуен сарай деп анықтайды.

Араға уақыт сала Ушқан қаласы орындарында археолог М. Қасенов, «Сарайшық» музей-қорығы ғалымдары У. Ахметова, А. Тұраруұлы, А. Жұмабаев, Ж. Байғалиев жұмыс жасады [2].

2025 жылы алғаш рет Ушқан орнында кешенді қазба жұмыстары жүргізілді. Қазба барысында тарихи нысан орнына, оның айналасына кеңірек зерттеу жұмыстары жасалды. Ғылыми зерттеуге т.ғ.д., профессор Ә. Мұқтар, т.ғ.д., қауымдастырылған профессор У.Ахметова, астрахандық археолог, алтынордалық қалалар, керуен жолдары, керуен сарайлары маманы В. Плахов, археолог А. Тұраруұлы, А. Жұмабаев, Ж. Байғалиев қатысты. Қазба барысында табылған тастардан қаланған ғимарат көптің назарын аударды. Сонымен бірге В. Плаховтың жобалауы бойынша қазба орнынан алыс емес аймақтан керуен-сарай орны анықталғандай болды. Бұл мәселелер болашақ ізденістер барысында нақтыланбақ.

Ащысай, Қарағайлы қалалары туралы ақпараттар бұрын ғылым үшін белгілі болған емес.

1861 жылы Ащысай өзегі бойын аралаған әскери топограф А. Алексеев өз хабарламасында: «Есть еще развалины построек, современные городу Сарайль-Джадиту, на речке Солянке, в 20 верстах

от Сарайль-Джадита, по направлению на запад, не обнесенные валом. Тут есть признаки развалившейся башни. Осколки посуды, форма кирпича и деньги точно такие же, как и в Сараиль-Джадите», - деп жазған болатын [3]. Әйтсе де, белгісіз себептермен А. Алексеевтің бұл көрсеткен құландыларды одан әрі қарай зерттеу жалғаспай қалған.

2021-2022 жылдары «Сарайшық» музей-қорығы ғалымдары Сарайшық – Сарай Бату аралығына далалық барлау экспедицияларын ұйымдастырды. Нәтижесінде Ашысай, Қарағайлы қалаларымен қатар бұрын анықталмаған - Канал тұрағы, Ащысай 2 тұрағы, Бурабай тұрағы, Есмахан тұрағы, Көздіқара тұрағы, Ешім ата тұрағы, Жорғатай тұрағы, Сарыөзек 1, 2, 3 тұрақтары анықталды. Жаңа ескерткіштер Бұғылөзек, Бақсай, Ащысай, Сарыөзек өзектерінің арнасы бойынан табылды [4].

Жаңадан табылған алтынордалық елді мекендер арқылы Сарайшық қаласынан Еділ бойындағы Алтын Орда астаналары аралығындағы 3 керуен жолы анықталды[5]. Олар Сарайшықтан Каспий теңізі арқылы Қажы Тарханға, Сарайшықтан Сарай Батуға, Сарайшықтан Сарай Беркеге баратын жолдар деп нақтыланды.

2022-2024 жылы алғаш рет Ащысай мен Қарағайлы орнында қазба жұмыстары басталды. Зерттеу барысында 2022 жылы Қарағайлыдан ортағасырлық элиталық кесене, 2024 жылы өндіріс орны, Ащысайдан ортағасырлық тандыр пеш, кандар табылды. Бұл жұмыстар 2025 жылы жалғасын тапты. Зерттеу нәтижесінде Алтын Орда кезеңі туралы қазақ тарихы мен археология ғылымына тың материалдар берді [6].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Левшин В.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. -Алматы, 1996. - 658 с.; История и культура Атырау в русских источниках (XVIII–XX вв.). Т. 1 / Сост. М.К. Кипиев; научн. ред. Ж. Шалгынбай. -Атырау, 2014. - 29-30 с.; Галкин Л.Л. Отчет о работе Волго-Уральской экспедиции в Северо-Восточном Прикаспии в 1983 году // Архив ИА КН МОН РК. Без инв №.9 с.; Самашев З. Отчет о работе Западно-Казахстанской археологической экспедиции ИА МН -АН РК на городище Сарайчик в 1997 году по договору с Атырауским областным Управлением культуры. -Алматы, 1998. – 312 с. Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейі қоры.; Ажигали С.Е. Архитектура кочевников - феномен истории и культуры Евразии (памятники Арало-

Каспийского региона). – Алматы: Научно–издательский центр «Ғылым», 2002. – 654 с.

2 Касенов М.С. Ұшқан қаласы // Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің Хабаршысы. №4 (35), 2014. 7-12 б.; Касенов М.С., Жұмабаев А.Ж., Тұраруұлы А. Ұшқан қаласында жүргізілген жұмыстар (2021 ж. археологиялық барлау қорытындысы бойынша) // ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы. Том 109. -2023. №2. -174-180 б.; Ахметова У.Т., Мұқтар Ә.Қ., Кольцов П.М., Қасенов М.С., Жунисханов А.С., Имашев Э.Ж., Тұраруұлы А., Жумабаев А.Ж. «Қазақстанның батыс өңіріндегі алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлар: пәнаралық зерттеулер (XIII–XV ғғ.)» ғылыми жобаның 2021 ж. арналған жылдық есебі. Ғылыми жетекшісі У.Т. Ахметова. -Сарайшық: «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы, 2021. -165 б.

3 Сарайшық - бабалар мұрасы. Сарайшық қалашығының тарихы туралы дереккөздер / Құр. Ж.К. Жұмабаева, М.Қ. Кипиев / Ғыл. ред. Ж.К. Жұмабаева. –Атырау: «Ағатай» баспасы, 2015. -56-57 б.

4 Петров П.Н., Муктар А.К., Биккиняев Н.Х., Жумабаев А.Ж. Нумизматические находки в средневековом городе Сарайчук по результатам археологических исследований. Ч. I // Материалы по археологии и истории античного и средневекового Причерноморья. 2022. № 14.-С. 382-404; Петров П.Н., Ахметова У.Т., Жумабаев А.Ж. Нумизматические находки в средневековом городе Сарайчук по результатам археологических исследований. Ч. II // МАИАСП. -2023. -№ 15. –С. 845-860; Муктар А.К., Ахметова У.Т., Имашев Э. Ж. Золотоордынские караванные пути и караван-сараи на юге и Юго-западе Западного Казахстана и юге Волго-Уральского междуречья в XIII–XVI вв. // Oriental Studies. 2023. Vol. 16. Is. 5. P.1065-1086; П. Н. Петров, У. Т. Ахметова, М. С. Касенов, Н. Х. Биккиняев. Монетные находки XIII—XIV вв. на караванных трассах Сарайчука. Stratum plus. Археология и культурная антропология. 2024. №6. - С. 103-118; Ахметова У.Т., Мұқтар Ә.Қ., Кольцов П.М., Қасенов М.С., Жунисханов А.С., Имашев Э.Ж., Тұраруұлы А., Жумабаев А.Ж. «Қазақстанның батыс өңіріндегі алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлар: пәнаралық зерттеулер (XIII-XV ғғ.)» ғылыми жобаның 2021 жылға арналған жылдық есебі»./Ғылыми жетекшісі, т.ғ.д. У.Т. Ахметова. – Сарайшық: «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы, 2021. – 165 б.; Ахметова У.Т., Мұқтар Ә.Қ., Тұраруұлы А., Жумабаев А.Ж. «Қазақстанның батыс өңіріндегі алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлар:

пәнаралық зерттеулер (XIII-XV ғғ.)» ғылыми жобаның 2022 жылға арналған жылдық есебі»./ Ғылыми жетекшісі, т.ғ.д. У.Т. Ахметова. – Сарайшық: «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы, 2022. – 191 б.; Ахметова У.Т., Мұқтар Ә.Қ., Тұраруұлы А., Жумабаев А.Ж. «Қазақстанның батыс өңіріндегі алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлар: пәнаралық зерттеулер (XIII-XV ғғ.)» ғылыми жобаның 2023 жылға арналған жылдық қорытынды есебі». »/ Ғылыми жетекшісі, т.ғ.д. У.Т. Ахметова. – Сарайшық: «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы, 2023. – 200 б.; Ахметова У.Т., Мұқтар Ә.Қ., Плахов В., Тұраруұлы А., Жумабаев А.Ж. «Научный отчет об археологических работах по теме «Исследование средневекового мавзолея в местности Карагайлы»». –Сарайшык, 2022. -59 с.; Ахметова У., Мұқтар Ә., Қасенов М., А. Тұраруұлы, А. Жұмабаев. Батыс Қазақстандағы Алтынорда қалалары, керуен сарайлары және керуен жолдары (XIII-XVI ғғ.). Монография. – Алматы: «Болат медия» мекемесі, 2023. - 158 б.; Ахметова У., Мұқтар Ә., Қасенов М., Тұраруұлы А., Жұмабаев А. Жайық бойы Алтынорда қалалары (XIII-XVI ғғ.). Кітап. –Алматы: «Болат медиа» мекемесі, 2023. -148 б.; Мұқтар Ә., Ахметова У., Петров П., Тұраруұлы А., Жұмабаев А. Ортағасырлық Сарайшық: тарихи деректері, археологиясы, нумизматикасы, картографиясы. Ұжымдық монография. – Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2024. – 368 б.

5 Муктар А.К., Ахметова У.Т., Имашев Э. Ж. Золотоордынские караванные пути и караван-сараи на юге и Юго-западе Западного Казахстана и юге Волго-Уральского междуречья в XIII–XVI вв. // Oriental Studies. 2023. Vol. 16. Is. 5. P.1065-1086

6 Тұраруұлы А., Плахов В.В. Қарағайлы қонысындағы кесененің қазбасы// Марғұлан оқулары. Алматы, 2023. Т.1. 297-304 б; Ахметова У.Т., Мұқтар Ә.Қ., Плахов В., Тұраруұлы А., Жумабаев А.Ж. «Научный отчет об археологических работах по теме «Исследование средневекового мавзолея в местности Карагайлы». – Сарайшык, 2022. -59 с.

1 АЛТЫНОРДАЛЫҚ ҚАРАҒАЙЛЫ МЕКЕНІ: АЛҒАШҚЫ ЗЕРТТЕУЛЕР ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

1.1 2022-2024 жылдардағы Қарағайлыдағы далалық барлау экспедициялары

«Сарайшық» музей-қорығы ұйымдастырған далалық археологиялық экспедициясы 2022 жылы барлау нәтижесінде Атырау облысы Махамбет ауданы аумағынан, Сарайшық ауылының батысында 20 км, Таңдай ауылының оңтүстіктігінде 15 км жерден жаңа бұрын ғылымға белгісіз болған археологиялық ескерткішті анықталды. Қарағайлы деп аталатын жерде ортағасырлық ірі қоныс болғаны қанықкан мәдени қабат арқылы дәлелденді. Ескерткіш Ащысай өзегінің ескі арнасының бойында орналасқан. GPS координаты: N 47°24,544'; E 51°29,187'. Ескерткіштің аумағы осы жердегі барлық нысандармен қосып есептегенде шамамен 1000x1000 м. Жергілікті тұрғындардың айтуынша, бұл жердің Қарағайлы атануына себеп – осы жерде ертеректе судан өтетін көпір қарағай ағашынан салынған екен. Жердің атауы сол көпірге байланысты ел ішінде «Қарағай көпір», «Қарағай», «Қарағайлы» деген түрлі нұсқада атаулары айтылады. Ал орта ғасырлардағы атауы бізге белгісіз. Әзірге белгілі дерек, 1861 жылы Сарайшықта болған әскери топограф А. Алексеевтің: «Ащысай (Солянка) өзенінің бойында, Сарайшықтан батысқа қарай 20 верст жерде, жалмен қоршалмаған Сарайшықпен замандас құрылыс қирандылары бар» деген хабарламасы ғана [1, 56 б.]. Ащысай өзені бойында Қарағайлыдан басқа да бірнеше қоныс, тұрақтар бар.

Ескерткіш жер үстін тексеру кезінде нефриттен жасалған сәндік жапсырмалар, Өзбек ханның атынан шығарылған мыс пұлдар табылды (1-2 сурет). Нефриттен өңдеп жасалған сәндік жапсырмалар Шағатай Ұлысына қараған Шыңжаң өлкесінен керуен сауда жолы бойымен тасылған болса керек.



1-сурет. Қарағайлы қалашығынан табылған нефриттен жасалған сәндік жапсырмалар 2022жыл. (Фотосурет Ж.Байғалиев)



2-сурет. Өзбек ханның мыс пұлдары және моншақтар 2022жыл. (Фотосурет Ж.Байғалиев)

Мыс тиындардың кездесуі бұл қаланың сауда керуені жолында орналасқанына, ақша қатынасы, сауда нарығы болғанына дәлел болады. Өзектің екі жағын бойлай көптеген қыш ыдыстардың сынықтары, метал бұйымдар фрагменттері, мал сүйектері кездеседі. Қыш бұйымдардан көбіне қызыл түсті сырланбаған қыш ыдыстар

сынықтары басым (3-сурет). Қызыл сырланбаған қыш ыдыстар сыртына тік сызықты, ирек сызықты өрнектер салынған. Екі қыш ыдыстың тұтқасында «айқыш» таңбасы сызылған белгі табылды. Таңбалардың қызметін анықтау бойынша, археолог В.С. Ольховский ыдыс секілді бұйымдарға үш нәрсені лайықты көреді, олар: меншіктік, авторлық және тұмар ретінде [2]. Қарағайлы ыдыстарындағы таңба меншіктік белгісі болуы мүмкін. Шығыр ыдыстарының бөліктері бар, соған қарағанда қала тұрғындары егін суарумен айналысқан. Шығыр құрылғысымен Ащысай өзегінен жоғарыға, бау-бақшалар үшін су шығарылған. Қызыл қыш ыдыспен қатар, сырлы қыш ыдыстар да қолданылған. Сырлы ыдыстарда көк түс көп қолданылған. Олардың кейбірі кашин балшығынан қалыпталған. Сырлы қыш ыдыс сынықтарының ою-өрнегін безендіру «резерваж» әдісімен салынған. Сұр балшықты қалыптау арқылы жасалған қыш ыдыстың сынығы да кездеседі. Қыш ыдыстардың бәрі көзе шарығында жасалған.

Сонымен қатар, тағы бір ескеретін жай, ескерткіш үстінен ортағасырлық материалдармен бірге тас еңбек құралдары, микролит жаңқалар кездеседі.



3-сурет. Қарағайлы қалашығының қыш ыдыстар сынықтары. 2022 жыл.

Ескерткіштің батысқа қарай дөңгелек пішінді аласа төбешіктер орналасқан. Осындай оба тәріздес биіктігі 40 см-дей төбешіктің біріне қазба салынған кезде қабырғасы қыш кірпіш пен саман кірпіштен

аралас тұрғызылған ғимарат орны ашылды. Зерттеу барысында бұл адам жерленген мазар екені анықталды.

2023-2024 жылдары бағдарлама бойынша жоспарланған далалық экспедициялар жалғасты. Экспедицияларға белді ортағасырлық тарихшы мамандар т.ғ.д., профессор М. Елеуов, т.ғ.д., қауымдастырылған профессор У. Ахметова, т.ғ.к. А. Пушкарев, ресейлік ғалымдар т.ғ.к., нумизмат П. Петров, археолог В. Плахов қатысты.

«Сарайшық» музей-қорығы археологиялық экспедициясының зерттеуі барысында Қарағайлы қаласына геомагниттік түсірілім жасалды. Түсірілім магнитометр-градиентометр «Foerster Ferex 4.032» құрылғысымен жүргізілді. Ескерткіштің әр аумағынан 3 учаске зерттелді. №1 учаске 50-100 м аумақта белгіленіп, 0,5-1 м аралықта кескін бойымен жүріп отыру арқылы учаске түгелдей шолынды. Бірнеше нысан құрылысы бар екені байқалады. №3 нысанның сұлбасы ірі ғимаратқа ұқсас, айрықша байқалып тұрды. Түсірілім кескінінде учаскедегі №3 нысаннан шығысқа қарай метал қалдықтарының әсері көп болғандықтан метал өндірісіне қатысты нысандар табылуы мүмкін екені байқалды. Бұл жерге метал шлактары немесе дайындама сомтемірлер жинақталғаны анық. Қалашықтағы көше немесе жол болуы мүмкін жолақты сызықта назар аудартады. №3 нысаның құрылысы ең қызықты болды [3]. Осы нысанға 2024 жылға қазба жүргізу ұсынылып, ғылыми бағдарламаның күнтізбелік жоспарына сай жұмыстар жүргізілді.


1.2 Қарағайлы мекеніндегі мазарды зерттеу мәселелері

2022 жылы анықталған алтынордалық Қарағайлы мекенінен қыш кірпіштен салынған мазар орнына археологиялық зерттеу жүргізілді. Қарағайлы мекенінен табылған Мазар екі бөлмеден тұратын ғимарат, солтүстік-оңтүстік бағытта салынған. Іргетас бойымен есептегенде сыртқы өлшемдері: солтүстіктен оңтүстікке 11,45 м, батыстан шығысқа 7,30 м болды (4-8 сурет). Кесене порталы оңтүстік жағында, ал портал бұрыштары пилястрмен жиектелген. Портал қабырғаларының ені шамамен 1,6 м. Пилястрлар ұзындығы 0,5 м, сыртқа қарай қабырғадан 5 см шығыңқы келген. Мазардың порталы ғимараттың алдына қарай жалпағынан құлаған. Оның әсіресе, шығыс жағындағы қаландылары жақсы сақталған қалпында жатыр. Портал қыш кірпіштен қаланған, биіктігі шамамен 6 м-ге жуық деп есептелді. Қабырғаның кейбір бөліктері 30 см қалыңдыққа дейін сақталған.


Мазардың ішкі бөлмелерін ашу кезінде топырақта алебастр сылағының қалдықтары араласқаны кездеседі. Мазар қабырғасы ішкі жағынан ақ алебастр сылақпен сыланған болса керек. Кіреберіс кіші бөлме - зияратхананың көлемі 4,8х2,4 м. Төрге қарай орналасқан үлкен бөлме – көрхананың көлемі 4,8х4,8 м болды. Бұл екі бөлме есік орны бар қабырғамен бөлініп тұр. Қабырғаларының қалыңдығы 1,25 м, сақталған биіктігі 80 см. 8 қатарға дейін кірпіштер қаландысы сақталған, кірпіштер сұрғылт топырақты балшық ерітіндісімен бекітілген. Қабырға сауытты қалау түрінде тұрғызылған: ішкі жағына саман кірпіштер қаланып, сыртқы беттерін қыш кірпішпен қаптап қалаған. Саман кірпіштің де, қыш кірпіштің де көлемдері бірдей: 25х25х5 см. Көрхана бөлмесінің еденіне де осындай көлемдегі қыш кірпіштер төселген. Ғимарат қабырғаларының сыртқы жағынан іргетас бөлігінде екі қатар саман кірпіштен қаланған төсенішпен қапталған. Ол кірпіштер сұр түсті, қалыңдығы 9 см, ұзындығы 37-39 см. Порталда қалыңдығы шамамен 190 см болатын зияратханаға өтетін есік болды. Есік табалдырығының биіктігі 25 см сақталған. Мазардың төбесі күмбезделіп жабылған болса керек.




4-сурет. Қарағайлы мекенінен табылған мазар.2022 ж.




5-сурет. Кесене жоспары



6-сурет. Кесене қалдықтарының А – А бойындағы қимасы



7-сурет. Кесене қалдықтарының Б – Б бойындағы қимасы



8-сурет. Шартты белгілеулер

Мазарда жалпы 6 жерлеу орны анықталды. Оның біреуі зияратхана бөлмесіне жерленген, басқалары көрханада анықталды. Көрхананың орталық бөлігінде 2 жерлеу орны қатар орналасқан. Олар зерттеу барысында лақатқа жерленген ер адам мен әйел адамдікі екені анықталды. Мазар негізінен осы кісілерге арнап салынған болса керек. Ол екеуінің лақатының қабырғасына шикі кірпіштер қаланған және үстінде қабіртастары бар. Басқалары бұрышқа, бөлме ішіндегі бос жерлерге жерленген, үстіне қабіртасы салынбаған. Марқұмдардың бәрінің бастары батыс бағытқа, аяқтары шығысқа созылған. Әйел адам қабірінің аяқ жағында, лақаттың солтүстік-шығыс бұрышында қызыл түсті сырланбаған қыш құмыра табылды. Құмыраның сабы лента тәріздес жасалған. Құмыраның биіктігі 13,5 см, тұлғасының ең күмпиген (шеңберленген) жерінің диаметрі 14 см, түбінің диаметрі 6,5 см. Дене тұрқы дөңгелене күмпиіп келген. Мойнының биіктігі 2,5 см, ернеуі сыртына дөңгелене қайырылған. Тік орналасқан, ені 3 см лента тәріздес тұтқасы ернеуінен басталып құмыраның орта бөлігіне дейін жетеді. Құмыраның орта бөлігінде, иығында және мойнына жалғасар тұста айналдыра тік сызықты өрнектер ойылып салынған. Құмыра түбі тегіс келген.

Әйел сүйегінің оң жақ иығында алтын жалатылған күміс жіпті матаның талшықты түйірі сақталған. Көлемі 5х4х3 см. Бас сүйегінің астында да осындай мата түйірі табылды (9-сурет). Мата қалдығы бойынша арнайы зерттеу жүргізілді. Бұны Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті жанындағы археологиялық институтының ғалымы, мата реставраторы Т.Н. Крупа зерттеуге алды

(9-сурет). Мата қалдығы арнайы тазалаудан өткізіліп, микроскоппен зерттеу, рентген сәулелерін өткізу, химиялық, органолептикалық сараптамадан өтті (10-сурет). Зерттеу сараптамасы бойынша матада алтын жалатылған, күміс түсті жіптер қолданылғаны анықталды (11-сурет). Мата қалдығы болжам бойынша XII-XIII ғасырларға кезеңделеді.



9-сурет. Мазардан табылған алтын жалатылған күміс жіпті мата қалдығы



10-сурет. Ақ түсті мақтадан тоқылған мата (микроскоппен 40 есе үлкейтілген)

Олардың аяқ жағында лақатта 4-5 жасар бала жерленген. Ер адам мен әйел адам лақаты үстіне қыш кірпіштерден қаланған қабір үсті белгітасы Батыс Қазақстан өңіріне тән үштас, бестас тәріздес сатылы пирамида пішінінде болғаны байқалады. Қабірүсті белгітасының батыс жақ іргесінде ақшыл саз қабатты топырақ үстінде көлемі 40х40 см майлы күйе қабаты бар. Майлы күйе қабатының қалыңдығы шамамен 5 мм-дей. Осы күйе қазақ қоғамында әлі де кездесетін шырақ жағу дәстүрінен қалған деп болжам жасауға болады. Әдетте шырақты әулие адамдардың моласында, қасиетті жерлерде жағу орын алған.

Лақат бетіне жұқа бұтақтардың діңін салып, оның үстін терімен, терінің үстін қамыспен жапқан. Лақатты бұлайша жабу түрі XIV ғасырға дейінгі жерлеулерде кездеседі, кейіннен сағана-склептерге жерлеу қолданылған.

Табылған мата қалдығының фрагменттік сипатта болуы өкінішке орай артефактқа толық атрибуция жасауға мүмкіндік бермеді. Дегенмен, бірқатар жанама белгілерге сүйене отырып, бұл мақта, жібек және алтын жіптерден жасалған шаш ұстайтын торлы баудан тұратын бас киім бөлігі деп болжауға болады (11-сурет). Бұл торлы бау әйелдің барлық шашын жинақы ұстауына қажет болды деп болжауға болады, өйткені, марқұмның басының шүйде жағында және иығында алтын жіптер табылған. Бірқатар технологиялық ерекшеліктерге сүйене отырып, бас киім ілмекпен жасалған деп болжауға болады. Мақта жіптерінің қасиеттеріне байланысты (олар жібек және алтын жіптерге қарағанда айтарлықтай қалың) басындағы торды бекітетін жиек ілмекпен жасалған болуы мүмкін. Торы бар бас киім Еділ бойында кездесті (Қазан, Ресей Федерациясы) және Таяу Шығыстан бізге белгілі.

Алтын жіптерді жасау технологиясы таяушығыстық технологияның ерекшеліктерін көрсетеді, бұл бізге Шығыс Еуропа материалдарынан белгілі. Ұқсас алтын жіптердің табылуы Украинадағы (Харьков облысы Веселая Могила қорғаны) XII ғасырдың обасынан және моңғолдар заманына дейінгі Көне Орыс мемлекетінің (Чернигов) ескерткіштерінен табылған. Торлы бас киімдер Жерорта теңізі аймағында антикалық заманнан бері белгілі және Византияда орта ғасырларға дейін дәстүрлі түрде қолданыла берген. Табылған заттың жалпы сақталу жағдайын зерттей келе және жоғарыда аталған ұқсас олжаларға сүйене отырып бас киімнің біршама ертеректе жасалғаны және жерлеуге дейінгі қолдану іздері бар екені байқалады. Бұны артефактінің әр жерінде тозған және үзілген, шиыршықталған тұстары бар алтын жіптер айқын дәлелдейді [4].




11-сурет. Табылған мата фрагментінен алынған үлгі (алтындалған жіп, микроскоппен 90 есе үлкейтілген)

Орталық екі жерлеу орнынан ер және әйел адамның сүйектерінен ғылыми үлгілер алынып, Литва Республикасындағы ғылыми қызметтер көрсететін «Барнас» компаниясының зертханасында тексерілді. Сүйектерді зерттеген компанияның сертификаты бойынша ер адамнан алынған ғылыми үлгінің жасы б.з. 1222-1285 жылдар аралығында деп 95,4% дәлдікпен көрсетті. Ал, әйел адамнан алынған ғылыми үлгінің жасы б.з. 1229-1305 жылдарды көрсетті. Яғни, кесене XIII ғасырмен мерзімделеді деп сенімді түрде айтуға болады (12-сурет).

Тұрақты изотопты талдау бойынша нәтиже Қарағайлы кесенесіне жерленген адамның тамақ рационын да анықтауға мүмкіндік берді. Тағам құрамындағы көміртектің изотоптық көрсеткіштері ($\delta^{13}C$) негізінде тамақ түрлерін анықтау мүмкін болды, ал тағамдағы азоттың изотоптық көрсеткіштерінен ($\delta^{15}N$) тамақ түрлерінің құрылымын білуге болады. $\delta^{13}C$ жеке адамның диетасындағы өсімдіктердің қатынасын бағалау үшін қолданылады. Адамдардың $\delta^{13}C$ көрсеткіштері олар тұтынатын жануарлардың көрсеткіштеріне қатысты шамамен 1,5–2‰ артуы мүмкін. $\delta^{15}N$ негізінен азық-түлік тізбегінің әр кезеңінде 3-6 промиль жоғарылайтын жеке адамның трофикалық деңгейін анықтайды. Көптеген өсімдіктерде $\delta^{15}N$ көрсеткіштері 0-ден 5 промильге дейін, ал өсімдікті тағамдар жейтін адамдарда шамамен 9 промиль құрайды екен. Азот изотоптары

деңгейіне ол адамның тұтынған суы мен климаттың да әсері болады. Бұл әсіресе, аймақтағы ылғалдылықтың төмендеуінен $\delta^{15}N$ жоғарылауына әкеледі. Қарағайлы кесенесіндегі ер адам ғылыми үлгісінде көміртектің изотоптық көрсеткіштері төмен -15,25 промиль. Ал, азоттың изотоптық көрсеткіштері жоғары, 16,32 промиль көрсетті, бұл негізінен ет және сүт өнімдерін жегендігін байқатады (12-сурет). Қарағайлы қалашығы тұрғындары ет пен сүт тағамдарын күнделікті өмірде көп тұтынған деп есептеуге болады. Қазба кезінде қалашық тұрғындарында мал өнімдері мен тұщы судағы балыққа деген деген тәуелділіктің жоғары екендігі айғақталды. Бұл - аймақтың экономикасының негізі ет және сүт болып қала берді дегенді білдіреді.



12-сурет. Қарағайлы ескерткішінен алынған № 1 үлгі қорытындысы

Қарағайлы кесенесінен алынған антропологиялық материалдарға генетикалық зерттеулер жүргізу үшін шетелдердегі зертханаларға ғылыми үлгілер жіберілді. Олардың нәтижесі, жынысы, нәсілі, ДНК топтары алдағы жылдарда белгілі болады. Ғылыми үлгілердің толық зерттеулерінен кейін осы аймақта орта ғасырларда өмір сүрген халықтар туралы мол ақпараттар алынады деген сенім бар.

Құрылысы осындай кесенелер ішінде Солтүстік Каспий аймағы аумағында зерттелген әзірге жалғыз кесене боп табылады. Кесенедегі зерттеу жұмыстарына ортағасырлар маманы археолог М. Елеуов, археолог В. Плахов тартылды.

Қабырғалар ішіне шикі кірпіштер қолдана отырып сауытты қалау тәсілі ерте кезеңге, шамамен XIII ғасырға жатуы мүмкін. Бұл 25х25х5 см өлшемдегі нашар күйдірілген қыш кірпіштердің болуымен дәлелденеді. Аймағымызда XIV ғасырдың қыш кірпіштері жоғары сапалы болғаны белгілі. Ал XV ғасырда 23х23х5 см өлшемді кірпіштер қолданылған. Бірақ, 23х23х5 см өлшемді күйдірілген кірпіштермен сауытты қалау түрі Төменгі Еділ бойындағы XIII ғасырдың және одан бұрынғы ғасырлардың мемориалды құрылыстарында кездеседі [5]. Яғни, бұл жерден батысқа қарай 350 км қашықтықтағы аймақта болған.

Қалашықтың мәдени қабатында кремний жаңқалары, қырғыштар, микролиттер кездесетініне қарайтын болсақ, бұл аймаққа адамдар қоныстануы неолит, энеолит кезеңдерінен-ақ басталған деп санауға болар еді.

Қарағайлы қазбасына қатысқан астрахандық археолог В. Плахов ескерткішті Ресей Федарциясындағы Орынбор облысындағы Қызыл мешіт және Астрахан облысындағы Комсомол ескерткіштерімен салыстырып: «Мавзолеи на Карагайлы, поселке Комсомольский и у поселка Кызыл мечеть в принципе схожи по плану, имеют похожие обряды захоронений поэтому есть основания предполагать что мавзолеи близки по времени возведения. Дату строительства мавзолея на Карагайлы можно выявить в ходе раскопок близ него печей для обжига кирпичей и жилищ строителей. Схожие прямоугольные продольно осевые с двумя помещениями мавзолеи также встречены на Нижнем Поволжье и Северном Кавказе и близ Уральска Западно-Казахстанской области. Но все они относятся к XIY-XY векам судя изразцам на кашине», - деген пікір білдірген [6]. Ғалым одан әрі: «Судить о функции мавзолея: является ли он символом власти или символом веры усопших мы в нашем случае пока не можем. Ясно одно: он предназначен для захоронения статусного лица и его близких на родовой территории, придавая ей юридическую значимость по наследственной принадлежности. В дальнейшем археологические и междисциплинарные исследования на городище частично приоткроют объективную картину общественных, политических и религиозных событий того времени в частности на этом объекте. Это важно, так как антропогенное воздействие на него остановилось около середины 14 века и памятник был законсервирован природой до нашего времени в непотревоженном виде», - деп сипаттама береді [6].

1.3 2024 жылғы археологиялық қазба жұмыстары және олардың нәтижелері

2024 жылы Сарайшық музей қорығы археологтары 2023 жылғы археологиялық экспедициясы барысында анықталған №3 нысаның үстіне қазба салды. Қазба аумағы солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа 15 м, оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа 20 м болды. Қазба бағыты үй-жайдың қабырғаларымен бағыттас етіп қазылды. Қазба алаңы 5х5 метр шаршы секторларға бөлінді. Олар барлығы 12 сектор болды. Солтүстік-оңтүстік бағытында үш қатар шаршыдан, батыс-шығыс бағытында төрт қатар шаршыдан қазылды.

Алғашқы 10 см-дей күрек қабаты алынған соң шикі саман кірпішті қабырғаның сұлбасы көріне бастады. Одан әрі қазу барысында ғимараттың төрт қабырғасы анықталды. Бұл ғимараттың шығыс жағынан тағы бір іргелес бөлме ашылды. Бөлме қабырғалары кірпішінің құрамы осы жердегі топырақ құрамымен бірдей болғандықтан қабырғаның көзге айырмасы білінбейді, тек кірпіштердің сыртына аздап тұздардың (карбонаттардың) жиналуы қабырғаны анықтауға түрткі болды. Қабырғаларды анықтау кезінде оның сылағы, беткі қабаты көзге білінбей қырылып кететін.

Топырақтан ашылған ғимараттың қабырғалары шикі саман кірпіштен соғылған. Кірпіштер күлгін түсті, балшық ерітіндісі ашық сары түсті келген. Кірпіштің көлемі 40х20х8 см. Ғимарат екі бөлмеден тұрады (13-сурет). Оңтүстік-батыс жағында үлкен бөлме және солтүстік-шығыс жағында кіреберіс кіші бөлме - тамбур бар. Екі бөлмені бөліп тұрған қабырғаның оңтүстік жағында есік болған, есіктің ені 1 м. Кіші кіреберіс бөлмеге сырттан да, оңтүстік жағынан кірген есік бар. Есік орны оңтүстік қабырғаның шығыс шетінде ашылды, оның ені 0,65 м. Кіреберіс бөлме көлемі 2,15х2,5 м болса, төргі үлкен бөлме көлемі 7,5х8 м болды. Қабырғалардың орташа қалыңдығы 0,9-1,2 м шамасында болады. Бұзылулар салдарынан кей жерлері 45 см-ге дейін жіңішкеріп кеткен. Ғимараттың батыс қабырғасының орта бөлігі қалың келген, бұл жерде қабырғаны жартылай сфера түріндегі контрфорспен бекіткен болуы мүмкін. Егер бұл ғимаратты мешіт құрылысы деп есептесек, контрфорс ішке қарай шығыңқы михрабтың ролін атқаруы мүмкін деген болжам бар. Бөлме едені жер бетінен 80 см шамасындағы тереңдікте анықталды. Едені нығыздалып сазбен сыланған. Бөлмелер ішкі көрінісінен ешқандай құрылыстың орны табылған жоқ. Заттай жәдігерлерден батыс бұрыштан екінші күрек қабатынан қорғасын бұйым, оңтүстік қабырға бойынан шыны моншақ

қана шықса, ал қазбадағы басқа жәдігерлердің бәрі ғимараттың сыртынан табылды [7].



13-сурет. Қазбаның жоғарыдан көрінісі

Қарағайлыдан анықталған ғимаратқа ұқсас құрылыс 2014 жылы Батыс Қазақстан облысындағы ортағасырлық Жалпақтал қалашығынан табылған болатын. Бұл ескерткіште басқа ғимараттармен қатар «мешіт» деп аталған құрылыс зерттелген. Мешіт ғимаратының жобасы да төртбұрышты келген, көлемі 12х11 м. Қабырғалары үлкен форматтағы саман кірпіштен тұрғызылған, екі қатар кірпіштер қаланған. Қабырғаның сақталған биіктігі 1 м, ішкі жағынан сылағы бар. Ал, едені топырақпен сыланған. Ғимараттың төбесі тегіс келген, төбесін 4 қатар орналасқан әртүрлі диаметрлі ағаш тіректермен бекіткен деп есептеледі. Төбесі қамыспен жабылып, саз балшықпен сыланған деп болжанды. Ғимаратқа солтүстік қабырғаның шығыс бұрышындағы есіктен кірген. Тар ауыз қуысы шығыс қабырға бойымен сырғып өтетін болған. Оңтүстік қабырғаның ортасында төбесі жарты шар тәріздес аласа михраб ойығы болған, ені 0,9 м. Жалпақтал мешітінің айрықша ерекшелігі - бөлменің бұрыштарында қабырғаға шамалы ойылып салынған қуыс түріндегі екі ошақ пештерінің табылуы.

Ғимараттың солтүстік-шығыс бұрышына қабырғаларының қалыңдығы 1,2 м болатын, өлшемі 2,84х4,3 м шаршы тамбур салынған. Бұл кішкентай бөлмеге кіретін екі есік болды: бірі көшеден, екіншісі мешіт ішінен. Зерттеушілер тамбурды минареттің іргесі болса керек

деп есептейді. Әрі, Жалпақталдағы мешіт ғимараты сол уақытта Батыс Қазақстандағы Алтын Орда дәуірінен қалған жалғыз мешіт деп көрсетеді. Осы уақытқа дейін Алтын Ордада белгілі болған барлық мешіттер монументалды қалалық ғимараттар болып табылады. Жалпақтал мешіті ауылдық шағын мешіттің сирек үлгісі ретінде саналған.

Қазбада геотүсірілімде көрсетілген ғимарат қабырғалары дәл ашылды. Бұл болашақта кейбір жер астындағы нысандарды күректің көмегінсіз, қазба салмай-ақ зерттеуге мүмкіндік беретін зерттеу әдістерін жасақтауға негіз болатын жоба бола алады деп есептейміз.

Ғимараттың шығыс жағында геомагниттік түсірілімде көрсеткендей көптеген шаруашылық мақсатта қазылған шұңқырлар ашылды (14-сурет). Қазбада ашылған шұңқырлардың саны 13. Олардың барлығының қабырғалары тік, түбі тегіс етіп қазылған. Іші топырақпен толтырылған, қыш ыдыстар сынықтары, мал сүйектері аралас шықты. Сонымен қатар, ірі балық сүйектері, сазан, бекіре тұқымдас балықтардың қалдықтары көп табылды. Каспий теңізін мекен етіп, тұщы ағын сулы өзендерге уылдырық шашуға шығатын бекіре балықтарының сүйектері табылуына қарағанда, ерте кезеңде Ащысай өзегі Жайық өзенінен ағып Каспий теңізіне барып құйылатын суы мол, ағынды болған болуы мүмкін. Өйткені, бекіре тұқымдастар негізінен теңізді жайлайды. Тек, уылдырық шашу кезінде тұщы сулы өзендерге шығады. Тұрғындар балық аулау кәсібімен айналысқаны анықталды, әрі балық тұрғындардың тағам рационында мал етінен кейінгі орында болған.



14-сурет. Ғимараттың шығыс жағындағы шаруашылық мақсаттағы шұңқырлар

Кейбір шұңқырлардың түбінде метал өндірісінің шлактары, қатты күйген күл қалдықтары бар. Сонымен бірге, шұңқырлардан шлактармен қатар, сомтемір дайындамалары, қола бөлшектер табылды. Осы жерден метал құюға арналған ыдыс – отбақыр да (тигель) табылды. Ыдыс пішіні жарты шар пішінде, биіктігі 3,7 см, диаметрі 5,7 см (15-сурет). Осының бәрі қалашықта метал өндірісі кәсіпшілігімен айналысқанын байқатады. Әзірге қазба аумағынан метал балқыту пештерінің орны табылмады. Дегенмен, болашақта қазбаны кеңейтіп, аталған нысанды іздестіру қажет етіледі.



15-сурет. Балқыған металды қалыпқа құюға арналған отбақыр ыдысы

Кейбір маңызды шаруашылық шұңғырларын сипаттап өтейік. №4 шұңқыр пішіні әр түрлі екі шұңқырдың қосындысынан тұрады. Оның бірінің пішіні дөңгелек келсе, екіншісі төртбұрышты. Солтүстік-оңтүстік бағытта созылып жатыр. Төртбұрышты шұңқырдың көлемі 1х1 м, дөңгелек шұңқырдың диаметрі 1,4 м. Қабырғалары тік, түбі тегіс. Дөңгелек шұңқыр төртбұрышты шұңқырдан тереңдеу қазылған. Дөңгелек шұңқыр тереңдігі 68 см, төртбұрыш шұңқыр тереңдігі 40 см. Іші саз топырақ, қыш сынықтары, мал, балық сүйектерімен толтырылған.

№6 шұңқырда бірінің пішіні дөңгелек, екіншісінің пішіні төртбұрышты екі шұңқырдың қосылғанынан ашылды. Төртбұрышты шұңқырдың батыс бұрышында дөңгелек шұңқыр қазылған. Оның оңтүстік шеті №5 шұңқырмен шектеседі. Төртбұрышты шұңқырдың көлемі 1х1,3 м, дөңгелек шұңқырдың диаметрі 1,35 м. Тереңдігі 20 см. Қабырғалары тік, түбі тегіс. Іші саз топырақ, қыш сынықтары, мал сүйектері, метал қалдықтарымен толтырылған.

№7 шұңқыр жобасында төртбұрыш пішінде болған. Көлемі 1,4х1,1 м, тереңдігі 15 см. Қабырғалары тік, түбі тегіс келген. Іші күл аралас топырақпен толтырылған. Топырақта қыш ыдыс сынықтары мен мал сүйектері де кездеседі. Шұңқыр ішінен темір шлактары мен қола бөлшектері шықты. Шұңқырдың оңтүстігінде қатты күйген жер бар. Шұңқыр метал өндірісі мақсатында пайдаланылған болуы мүмкін.

№8 шұңқыр пішіні төртбұрышты келген. Көлемі 1,1х1,45 м. Тереңдігі 45 см. Қабырғалары тік қазылған, түбі тегіс келген (16-сурет). Ішінде күйе іздері бар, метал шлактары, сомтемір дайындамалары шықты. Метал балқыту пешіне арнап қазылған болса керек. Саз топырақпен толтырылған, қыш ыдыс сынықтары, мал сүйектері аралас келген.



16-сурет. Төртбұрыш пішінді №8 шұңқыр

№9 шұңқыр ор түрінде ұзынша келген. Ұзындығы 1,6 м, ені 30 см. №8 шұңқырдың оңтүстік жағына тақалып қазылған. Қабырғалары тік, түбі тегіс. Қабырғаларында күйе іздері бар. Іші саз топырақпен толтырылған.

№10 шұңқыр №9 шұңқырдың оңтүстігінде орналасқан. Пішіні дөңгелек, диаметрі 1 м. Тереңдігі 30 см. Іші саз топырақпен бірге метал қалдықтары, сомтемір дайындамалар, күл, қыш сынықтары, мал сүйектерімен толтырылған.

Солтүстік жиектен ұзындығы 60 см саман кірпішті әлдебір ғимараттың қабырғасының аздаған бөлігі шығып тұр. Қабырға ені 20 см. Қабырғаның кірпіштері ашық сарғыш түсті саз балшықтан құйылған.

Қазбадан 16 мыс тиындар табылды, олар негізінен Өзбек, Жәнібек хандардың кезінде соғылған тиындар.

Сонымен қатар, қазбадан шығарылған топырақ арасынан қоладан сәндеп жасалған жапсырма мен тоға табылды. Көп мөлшерде қызыл түсті қыш ыдыстар сынығы шықты. Олардың арасында шығыр ыдысының сынықтары мен құмандардың шүмектері көп кездеседі. Ортасына тесік жасалған қыш ыдыс фрагменттері ұршық үшін дайындалған болса керек. Сырлы қыш ыдыс сынықтары біршама аз кездеседі. Сырлы ыдыс ішінің түбіне гүлді өрнек безендірген. Ақ фонға қою көк, алтын түсті түспен безендірілген ыдыс сынықтары кездесті. Талькохлорит минералынан жасалған ыдыстың 2 фрагменті кездесті. Бұл әдетте Хорезмнен келген бұйым саналады. Талькохлориттен жасалған ыдыста піскен тамақ ерекше дәмді болуымен белгілі болды. Қола бұйымдар бөлшектері арасынан дискі тәріздес бөлшектерімен жамалған детальдар бар.

Анықталған ғимарат мешіт құрылысы немесе керуеншілер жүгін сақтайтын қойма болуы мүмкін деген болжам бар. Ал, ғимараттан шығысқа қарай метал өңдеумен айналысқан кәсіпшілік болған болса керек. Көп мөлшерде метал шлактары, сомтемірлер, қола, қорғасын бөлшектері, отбақыр ыдысы табылуы осы ойға негіз болады (17-сурет).



17-сурет. Қарағайлы қаласынан табылған темір метал қалдықтары. 2024 ж.

Шығыр ыдыстары сынықтары, бекіре, сазан, жайын секілді ірі балықтар сүйектері Ащысай өзегінің суы мол болғанын байқатады.


Нумизматикалық материалдар көбіне керуен жолындағы елді мекендерден табылады. Қарағайлы қалашығы анықталғаннан бері 30-ға жуық тиындар табылды. Бұл ақша қатынасы тұрақты болғанын көрсетеді.

Сырланбаған қыш ыдыстар осы қалашықта жасалған болуы мүмкін. Оларға шеберлер өз таңбаларын салып отырғаны байқалады. Сырлы қыш ыдыстар аз кездескеніне қарағанда, олар керуендер арқылы келген тауарлар болса керек. Жоспар бойынша ашылған құрылыстың түрі ертерек мешіттердің типтік жоспарына сәйкес келеді. Оның құрылымын талдап, мешіт екені нақты анықталған соң, Каспий маңы аймағындағы ең ерте құрылыстардың бірі ретінде қайта қалпына келтіруді қолға алған жөн.

Жалпы айтқанда, Қарағайлы қалашығына жүргізілген алғашқы қазба нәтижелері, қалашықтың ортағасырларда керуен жолының Сарай-Бату – Сарайшық маршруты арасындағы маңызды бекеті болғанын көрсетеді. Қарағайлыны Сарайшық аймағындағы (оазисіндегі) ірі қалалардың бірі деп санауға болады. Қала орнындағы ізденістерді жалғастырып, терең зерттеулер жүргізу ұсынылады.

1.4 2025 жылғы қазба жұмыстары және олардың қорытындылары

2025 жылғы археологиялық маусымда ортағасырлық Қарағайлы қаласында 2024 жылы жүргізілген қазба аумағы кеңейтілді. Қазба жұмыстары үшін т.ғ.к. А. Пушкаревтың магниттік түсірілімі басшылыққа алынды (1-сурет).



1-сурет. Қарағайлы аумағында жүргізілген магниттік түсірілім. Авторы А. Пушкарев.

Жоғарыда көрсетілген магниттік түсірілімде №2-мен белгілінген нысан 2024 жылы жүргізілген қазба жұмыстары барысында анықталған болатын (2-сурет).



2-сурет. 2024 жылы Қарағайлы қаласында жүргізілген археологиялық қазба нысаны

Одан өзге табылған ғимараттың айналасы қызыл үзік сызықтармен ерекшеленген. Магниттік түсірілім кезінде сызбада көрсетілген зерттеу алаңында оң және қосымша аномалиялардың шоғырлануы байқалды. Бұл аномалиялық шоғырланулар 2024 жылғы қазба барысында нысанның солтүстік-шығыс жағында шаруашылық шұңқырлары анықталды. Металл іздегіш құрылғымен жұмыс жасау барысында қазба аймағынан сомтемір дайындамалары (шала балқытылған темір) кездесті. Сомтемір дайындамалары (крица) - бұл болат немесе темір өңдеудің алғашқы кезеңінде алынатын, қоспалардан толық тазартылмаған, болат пен шлактан тұратын кеуекті масса. Археологиялық қазбаларда көбіне ежелгі металлургия ошақтары, ұстаханалар маңынан табылатын металл өңдеу кәсібінің белгісі ретінде кездеседі.


Бекітілген қазба аумағы әуеден дрон көмегімен панорамалық суреттерге түсірілді. 2024 жылы қазба жүргізілген аумақтың шығыс және солтүстік бағытын кеңейту мақсатында 10х10 м^2 аумақ белгіленді. Сондай-ақ батысқа бөлігінің өткен жылғы беткі топырақғы алынып, тағы да қазылды (3-сурет). Белгіленген аумақ 0-15 см аралығында алынды. Қазу барысында шығыр түбі, қыш ыдыс ернеулері, ыдыс тұтқалары, ыдыстың түп бөліктері, диірмен тасы

бөлігі, сүйектен өңделген шүмек, мал сүйектері және балық сүйектері табылды.




3-сурет. 2025 жылы Қарағайлы қаласында жүргізілген археологиялық қазба нысаны

2025 жылғы Қарағайлы қаласындағы қазба жұмыстары барысында ұзындығы 2 м болатын саз балшықтан қаланған қабырға анықталды. Қабырға қалыңдығы – 10 см, биіктігі – 34 см. Оның айналасында шаруашылық шұңқырлары ашылды (4-сурет).







4-сурет. Қарағайлы қазбасында анықталған қабырға бөлігі

Қазба аумағынан жер бетінен -25 см тереңдікке дейін қазу кезінде 175 дана жануар сүйектері жинап алынды. Осы тереңдікте табылған қыш ыдыс сынықтарын саралар болсақ:

1. Шығыр ыдысы бөлігі – 7 дана
2. Ыдыс шүмегі – 1 дана
3. Сырлы қыш ыдыс бөліктері – 10 дана
4. Ыдыс түптері – 20 дана
5. Ыдыс ернеулері – 18 дана
6. Ыдыс тұтқалары – 17 дана
7. Ыдыс жақтаулары – 80 дана

Барлығы: 153 дана. Сондай-ақ талькхлорид минералынан жасалған ыдыс сынығы – 1 дана.

Қазба аумағын 25-50 см аралығында қазу барысында шаруашылық шұңқырлары анықталды. Олардың жалпы саны – 13. Шаруашылық шұңқыры анықталған соң оның шекарасы белгіленіп, қазылды. Шұңқырлардың толтырылған топырағының кескіні зерттелді.

№1 шұңқыр. Қазбада анықталған қабырғаның шығысында орналасқан. Мал сүйектері, 1 дана қыш ыдыс бөлігі табылды. Шұңқыр өлшемі: 120х167 см. Тереңдігі – 25 см. Шаруашылық шұңқыры көп бұрышты пішінде, қабырғалары салыстырмалы түрде тік, түбі тегіс келген. Шұңқырдың жоғары қабатында тығыз келген түсі ашық қоңыр, құрамы ұсақ тастар мен әктасты шөгінділер бар. Кейінгі қабатта қара-қоңыр түсті, сазды, тығыз емес, ішінде күл қабаттары, органикалық заттардың іздері (жану қалдықтары, көмірленген қалдықтар), ал түбінде ашық сары түсті топырақ байқалады (5-сурет).



5-сурет. №1 шұңқыр

№ 2 шұңқыр. Пішіні сопақша келген. Өлшемі: 145х230 см. Тереңдігі –65 см. Қабырғасы жоғары жағы біршама кең, ал түбіне қарай тарыла түскен. Қазба барысында шұңқырдан мал сүйектері, темір бөліктері мен керамика сынықтары анықталды. Топырақ қабатының жоғары бөлігі бозғылт сұр түсті, тығыз құрылымды. Одан кейін сарғыш-қоңыр түсті қабат орналасқан. Бұл топырақ құрамы шұңқырдың негізгі бөлігін толтырған. Түбі мен қабырғаларында күл түстес саз топырақ байқалады (6-сурет).



6-сурет. №2 шұңқыр

№3 шұңқыр. Пішіні тік төртбұрышты келген. Қабырғалары тік орналасқан. Өлшемі: 140х140 см. Тереңдігі – 20 см. Топырақ қабатының жоғары бөлігі бозғылт сұр түсті, арасында ұсақ құрылыс тастары, жануар сүйектері кездесті. Кейін топырақ қабаты түбіне қарай сарғылт түске ауысады. Одан мал сүйектері, майшам бөлігі, қыш ыдыс сынықтары табылды (7-сурет).




7-сурет. №3 шұңқыр

№4 шұңқыр. Шаруашылық шұңқырының пішіні дөңгелек келген, ал түбі төртбұрыш тәріздес. Өлшемі: 125х140 см. Тереңдігі – 36 см. Топырақ қабаты: жоғарғы бөлігінде ашық сарғыш түсті тығыз қабат байқалады. Ол — ұзақ уақыт тапталған мәдени қабат болуы мүмкін. Топырақ құрамы: құрылымы ұсақ түйіршекті, борпылдақ емес. Күл іздері көрінбейді (8-сурет).




8-сурет. №4 шұңқыр

№5 шұңқыр. Қазба жұмыс барысында белгіленген аймақтың батыс жиегі бойынан кезекті шаруашылық шұңқыры орны байқалды. Шұңқыр сопақша келген. Қабырғалары түбіне қарай түзу орналасқан. Шұңқыр диаметрі – 140 см, тереңдігі – 40 см. Шұңқырдың жоғарғы жағында ашық сұрғылт қабат байқалады. Ортаңғы бөлігінде топырақ сәл сарғыш реңге өзгерген, төменгі бөлігінде қоңырқай түсті қабат айқын көрінеді. Топырақ құрамы орташа тығыздықтағы, ұсақ түйірлі, кей жерлерінде топырақ құрылымының өзгеруі байқалады (9-сурет).



9-сурет. №5 шұңқыр

№6 шұңқыр. №3-4 шаруашылық шұңқырларының солтүстігінде орналасқан. №6 шұңқыр №7 шұңқырмен бірге орналасқан. Бірақ №6 шұңқыр диаметрі кішірек келген. Пішіні шеңбер тәріздес. Қабырғалары салыстырмалы түрде тік, түбі тегіс. Диаметрі – 150 см, тереңдігі – 40 см. Шұңқырдың жоғарғы топырақ қабаты ашық сұр, тығыз келген. Ортаңғы және төменгі қабаттарда қара қоңыр және сұрғылт топырақ араласқан (10-сурет).



10-сурет. №6 шұңқыр

2 және 6 шаруашылық шұңқырлары арасында тереңдігі – 10 см болған 2 м ұзындықтағы арна ашылды. Оның не мақсатта пайдаланылғаны белгісіз. Қазба барысында шұңқырдан металл қалдықтары табылды (11-сурет).



11-сурет. №6 шұңқырдан табылған металл бөлігі

№7 шұңқыр. Шаруашылық шұңқыры №6 шұңқырмен қосылып орналасқан. Екі шұңқыр пішіні 8 саны тәріздес келген. Шұңқыр пішіні шеңбер тәріздес. Диаметрі – 170 см, тереңдігі – 20 см (12-сурет).



12-сурет. №7 шұңқыр

№8 шұңқыр. Қазба орнының батыс бөлігінде №5 сектордың солтүстігінде орналасты. Өлшемі: 140х160 см, тереңдігі – 60 см. Шұңқыр пішіні тіктөртбұрышты келген. Қабырғалары тік, ішкі жағына қарай сәл қиғаштай түскен. Қабырғаларының сақталуы біркелкі емес, кей тұстарда шөгу байқалады. Шұңқырдың түбі тегіс, бірақ шетінен ортасына қарай аздап иілген. Топырақ құрамы: жоғарғы қабатта – ашық қоңыр түсті, құрылымы тығыз саз топырақ. Ортаңғы және төменгі бөлігінде – қою қоңыр түсті (13-сурет). Шұңқырдан көптеген керамика ыдыстарының фрагменттері шықты.



13-сурет. №8 шұңқырдан табылған керамика сынықтары

№9 шұңқыр. Қазбаның солтүстік-шығыс бұрышында орналасқан. Шұңқыр пішіні шеңбер тәріздес келген. Оның көп бөлігі белгіленген қазба аймағынан тыс орналасқан. Шұңқырдың диаметрі – 140 см, ал тереңдігі – 20 см.

№10 -шы шұңқыр қазбаның солтүстігінде, №9-шы шұңқыр қазбаның батысында орналасқан. Шұңқыр диаметрі – 160 см, тереңдігі – 54 см.

№11 шұңқыр. Қазбаның солтүстігінде орналасқан. Шұңқырдан жануар сүйектері және керамика сынықтары табылды. Сондай-ақ, аралап кесілген мүйіз бөлігі табылды (14-сурет). Шұңқыр диаметрі – 150 см, тереңдігі – 42 см.



14-сурет. №11 шұңқырдан табылған жәдігер

№12 шұңқыр. Шаруашылық шұңқыры қазбаның солтүстік батыс бұрышында орналасқан. Шұңқыр ішінде өрт іздері бар. Сондай-ақ шұңқырдан, жануар сүйектері мен керамика сынықтары, ыдыстың

шүмек, тұтқа сынды бөліктері табылды. Шұңқыр пішіні шеңбер тәріздес келген. Өлшемі: 190х200 см, тереңдігі – 40 см (15-сурет).



15-сурет. №12 шұңқырдан табылған жәдігерлер

№13 шұңқыр. Қазбаның солтүстік-батыс бөлігінде орналасқан. Шаруашылық шұңқырлар арасындағы көлемі ең үлкені. Қазба жұмыстары барысында шұңқырдан майшам бөлігі анықталды (16-сурет).



16-сурет. №13 шұңқырдан табылған жәдігер Майшам қоятын құты



Мұндай шұңқырлар әдетте үй маңындағы шаруашылық қажеттерге – қалдық көму, азық сақтау, күл шығару сияқты мақсаттарға арналған болуы ықтимал. Зерттеу әрі қарай стратиграфиялық талдау және табылған материалдарға негізделіп нақтылана түседі (17-сурет).



17-сурет. 2024-2025 жылдардағы Қарағайлы қазбасының жалпы көрінісі


Сондай-ақ, археологиялық қазба жұмыстары барысында нумизматикалық жәдігерлер де табылды. Анықталған тиындардың жалпы саны – 4 дана. Тиындар тазаланды. Тек бір тиында ғана жазулар сақталған.

№	Табылған жері	Салмағы (гр)	Диаметр (мм)
Q-17	Қазбаның батысы 4-қабат	1.88	17
Q-18	Қазбаның солтүстігі 2-қабат	1.51	16
Q-19	Қазбаның солтүстігі 2-қабат	1.08	18
Q-20	Қазбаның батысы 4-қабат	1.55	15
Q-17			

Q-18	
Q-19	
Q-20	



18-сурет. Сүйектен жасалған бұйым



19-сурет. Шыны моншақтар және каури бақалшағы 2025 ж.

2025 жылғы археологиялық маусымда жүргізілген зерттеулер нәтижесінде ортағасырлық Қарағайлы қаласы Алтын Орда дәуіріндегі мәдени-экономикалық орталықтардың бірі болғанын растайтын деректер алынды. Қазба барысында құрылыс қалдықтары (саз кірпіштен қаланған қабырға), шаруашылық шұңқырлары, жануар сүйектері, керамика сынықтары, металлургиялық өндіріс қалдықтары (сомтемірлер), түрлі тұрмыстық заттар және тиындар біздің тұжырымды дәлелдей түседі.

Табылған керамикалық бұйымдар Алтын Орда кезеңіне тән, олардың ішінде сырлы ыдыстардың фрагменттері де кездеседі. Бұл Қарағайлыда қолөнер, сауда дамығандығын білдіреді. Сонымен қатар, металл қалдықтарының анықталуы қала аумағында қарапайым металлургиялық өндіріс ошақтарының болғанын болжауға мүмкіндік береді. Жалпы алғанда, 2025 жылғы далалық маусым зерттеулерінің нәтижелері Қарағайлы қаласының XIII–XV ғасырларда қалалық мәдениет дамыған Жайық-Еділ аумағындағы маңызды орталықтардың бірі болғанын көрсетеді. Қала мәдени қабатының стратиграфиялық құрылымы, тұрмыстық және архитектуралық кешендердің сипаттамасы, табылған заттай деректер болашақта Қарағайлының тарихи орны мен рөлін терең зерттеуге негіз болады.

Алынған ғылыми материалдар келешекте монографиялық еңбектер мен ғылыми мақалаларда пайдалануға, сондай-ақ археологиялық мұра ретінде ескерткішті қорғау және туристік әлеуетті дамыту бойынша ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік береді.

Қазба жұмыстарынан табылған жануар және мал сүйектеріне археозоологиялық талдау жасау үшін Ә. Марғұлан атындағы Археология институтының археозоология зертханасына жіберілді. Ал нумизматикалық материалдарды атрибуциялау жұмыстары жүргізілді.

Қарағайлы қаласы – Батыс Қазақстан өңіріндегі Алтын Орда дәуірінің жарқын ескерткіштерінің бірі ретінде танылды. Қазба барысында анықталған материалдар бұл ескерткіштің сауда керуен жолдары бойындағы ірі бекет, діни-әкімшілік орталық болу мүмкіндігін көрсетеді. Алдағы уақытта кешенді зерттеулер жалғасып, Қарағайлы қаласының тарихи-мәдени мұра ретіндегі ғылыми және туристік әлеуетін кеңінен таныту ұсынылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Сарайшық - бабалар мұрасы. Сарайшық қалашығының тарихы туралы дереккөздер / Құр. Ж.К. Жұмабаева, М.Қ. Кипиев / Ғыл. ред. Ж.К. Жұмабаева. – Атырау: «Ағатай» баспасы, 2015. -224 б.

2 Ольховский В.С. Тамга (к функции знака). /Историко-археологический альманах, No7. Армавир, 2001. С. 75-86

3 «Қазақстанның батыс өңіріндегі алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлар: пәнаралық зерттеулер (XIII-XV ғғ.) ғылыми жобаның 2022 жылға арналған жылдық есебі»./Ғылыми жетекшісі т.ғ.д. У.Т. Ахметова. – Сарайшық, 2022. -191 б.;

4 Крупа Т.М. Дослідження залишків текстилю давньоруського часу з розкопок Чернігова 2006-2009 рр. // О. Моця, А. Казаков. Давньоруський Чернігів. - К.: Стародавній світ, 2011. - С.303-314; Крупа Т.Н. Парча половецкого времени из кургана «Веселая могила» на Харьковщине // Степи Европы в эпоху средневековья / Под ред. А.В. Евглевского. – Донецк: ДонНУ, 2012. – Т.10. – С.299-314.

5 Ахметова У.Т., Мұқтар Ә.Қ., Плахов В., Тұраруұлы А., Жумабаев А.Ж. Научный отчет об археологических работах по теме «Исследование средневекового мавзолея в местности Карагайлы». – Сарайшық, 2022. -59 с.

6 Отчет об археологических раскопках в Ахтубинском районе Астраханской области в 1985 г. Астраханский музей-заповедник. Нв. 16220. Курган 24. С. 9-11, рис. 42 – 44; Палимпсестова Т.Б., Рунич А.П. О Ессентукийских мавзолеях и ставке Узбек-хана // СА, № 2. - 1974 С. 231-237; Байпаков К.М., Смагулов Е.А., Ахатов Г.А. Ортағасырлық Жайық қала жұрты. Средневековое городище Жайык. The Medieval Jaiyk Site. -Алматы: «Credo», 2005. С. 92-111.

7 BR10164208 «Алтынордалық Сарайшық, Ұшқан, Ащысай, Қарағайлы ескерткіштері тарихи-мәдени мұра контекстісінде (XIII-XV ғғ.)» бағдарламасының зерттеу жұмыстарының орындалуының 2024 жылғы жылдық есебі. (ағымдық есеп).» /Бағдарлама жетекшісі т.ғ.д., қауымдастырылған профессор У.Т. Ахметова. - Сарайшық: «Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы», 2024. -288бет.

2 АЛТЫНОРДАЛЫҚ ҰШҚАН ҚАЛАСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

2.1 Ұшқан қаласының зерттелу тарихы

Ортағасырлық Ұшқан қаласы Атырау облысында, Жылыой ауданы, Құлсары қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 55 км қашықтықта орналасқан. GPS координаты: N 46° 35,095'; E 54° 30,604'. Қала Еуропа мен Азия елдері арасындағы керуен сауда жолы бойында салынған деп айтылады. Қазіргі кезде қаланың орталық бөлігі үстінде Ұшқан қорымы орналасқан (1-сурет). Қорымда тас өңдеу шеберлері ойып-қашап жасаған құлпытастар, ұлутас блоктарынан салынған кесенелер, сағанатамдар бар (2-сурет).

Ұшқан ата қорымы атауымен елге белгілі қорымда қазірде қабірдің басына қойылған ескерткіштер 94 құлпытас, 3 қойтас, 8 сағанатам және 1 сандықтастың сәулеттік, тарихи-этнографиялық маңызы бар сәулет нысаны ретінде мемлекет тарапынан қорғауға алынған. Соның ішінде Ұшқан ата қорымы басындағы 77 құлпытасында жазылған таңба мен жазулар оқылып, эпиграфикалық ескерткіштер тізіміне енгізілген. Бұның өзі қорымда XYIII ғасыр ортасынан XX ғасыр бас кезеңінің қабір басына қойылған құлпытастар [1, 99-142б.].

Ескерткіштің қасында бұлақ суы ағып жатыр. Тұщы сулы бұлақ адамдар тұрмысына пайдалануға жарамды.

Ұшқан ата зираты қорымның оңтүстік бастысында орналасқан. Зираттың ұстіңгі жақ беті ертедегі дәстүрмен топырақпен үйіліп, басына ағаш белгі қойылған.

Ескерткіштің атауы қорымда жерлеген «әулие» Ұшқан атаға байланысты қойылған. Аңыз бойынша, бұл жерде «көріпкел» ғалым Ұшқан ата ағайындарын өлтірген жауларынан кек алу үшін Мысырдан келе жатқанда қаза тапқан делінеді [2, 28 б.]. Алайда, басқа бір жорамалдар бойынша ескерткіш атауы шипалы қасиеті бар бұлаққа байланысты «үш аққан» сөзінен шыққан деп те айтылады [3, С.110]. Сонымен бірге, XVIII ғасырдағы қазақтар мен торғауыт қалмақтар арасындағы қанды шайқастармен байланысты аталған деген нұсқа да бар [4, С.280].



1-сурет. Ұшқан қорымы мен цитаделдің жалпы көрінісі



2-сурет. Ұшқан қорымындағы қабір үсті белгілері

Ұшқан қаласы туралы 1367 жылы ағайынды Пициганилердің жасаған картасында алтынордалық Трестарго (Трестаго) қаласы деп көрсетілген [5, С.32]. Археолог Л. Галкин өз ғылыми есебінде Ұшқан қаласы мен Трестаргоны бір қала деп есептейді.

1889 жылы Ұшқан туралы М.Н. Чернышевский Батыс Қазақстанға

Үстірт арқылы «темір жол салу» жобасы экспедициясының құрамында болған кезінде қорым туралы деректерді жазып қалдырған және фотосуреті сақталған [6].

XIX ғасырда Ұшқан қаласы туралы А.И. Левшин «Ескі Ноғай жолын» сипаттағанда Учукан немесе Учканда құландылар, тұщы су көзі бар екенін атап өтеді [7, С.109]. Сонымен бірге А.И. Левшин Сарайшықтан Үстірт арқылы өтетін Қос құдыққа (Мыңсуалмасқа) дейінгі керуен жолы Тасқұдық пен Сағыз өзеніндегі Таскешу көпірімен, Қайнар бұлағымен, Жем өзені бойында Ұшқан ірі керуен сарайы орналасқан деп көрсетеді [2,189б.].

И.Г. Гербердің «Астраханнан Хиуа мен Бұхараға саяхат журналындағы» 1732 жылғы 19 ақпан күнгі жазбасында: «оңтүстікке жүріп..., көне қираған қаланың орнына келгені» айтылады. Мұнда олар көптеген үйлер мен үлкен керуен-сарайдың іргетасын, өңделген және күйдірілген тастардан тұрғызылған үйлердің қабырғалары мен жертөлелерді көзімен көрген.

«Ортада үлкен су алабы және әп-әсем «мөлдір суы» бар тағы бір бұлақ болды және қаланың бір жағында көптеген бейіттер бар... Мен бұл бейіттердің арасынан қандай да бір жазу бар ма екен деп іздедім, бірақ таба алмадым. Олардың уақыт өте бүлінгені соншалық, әмір Мұхаммед сынды кейбір есімдерден басқа ешнәрсе оқу мүмкін емес еді. Осыдан бұл қабірдегілердің барлығы мұсылман болған, ал қалада да осындай адамдар тұрған болуы тиіс деген қорытынды жасауға болады. Бұл бейіттердің арасында бір мұсылман әулиенің бейіті орналасқан, оны біздің керуендегі бұхарлықтар, хиуалықтар және басқа да татарлар Чван-Ата (Tschwan Attah) немесе ұшатын әке деп атаған және олар бұл қарттың қанаттары бар екенін, ол осы жерді жаратып, өңдегенін айтты. Анда-санда осында ұшып келіп, су жетпеген жағдайда, қайнар бұлақтың көзі бар болуы мүмкін жерге таяғын қадап қалса, бұлақ көзі пайда болушы еді дейді. Бұл жердің басқа аты жоқ, осы негізін қалаушы Чван-Ата (TschwanAttah) атауымен аталады. Бейітке керуенде бізбен бірге болған барлық мұсылмандар арнайы құлшылықтарын атқарды, құрбандыққа азын-аулақ ақша, басқа да нәрселерді қабір үстіне қойды, кешке қарай көптеген шырақтар жағылды. Бұл жерге салуға көп шығын кеткен болуы керек, өйткені бұл жерде Ембі мен Яык өзендерін қоспағанда, кірпіш жағатын ағаш жоқ, қырылған тастарды да алыстан жеткізу керек болды. Бұл жерге қала салуға көп шығын кеткен болса керек, өйткені, бұл жақта Ембі мен Жайық өзендерін қоспағанда, кірпіш күйдіруге арналған ағаш та жоқ, тегістелген тастарды да алыстан жеткізген болса керек», - деп

жазылған [8, С.29-30].

В.В. Григорьевтің «Хиуа хандығының және оған Сарайшық бекінісінен апаратын жолдардың сипаттамасы» атты еңбегінде де Ұшқан атауы кездеседі. «Бақашы мекеніненЕмбіні артқа тастап, жол Каспий теңізінің жағасына қарай Учукан бұлақтарына дейін аздап еңіске түседі (Учукан, сірә, Ушқан «үш бұлақ» сөзінің бұрмаланған түрі); олардағы ащы және тұщы су бір жылғаға қосылып, теңізге қарай екі версттей (шақырым) ағып, қайтадан әртүрлі салаларға бөлініп, ойпаттарға сіңіп кетеді. Бұлақтардың жанында көшпелілердің айтуы бойынша, Шыңғыс хан ордалары салған тас ғимараттардың құландылары бар. Бүйір жағында, оң қолға қарай 3 верстке дейінгі аралықта Учуканское деген көл бар, ондағы тұз құрғақ, тұтынуға өте қолайлы. Көлдің ұзындығы 15 версть шамасында, ал ені жарты версть» деген шығыстанушының сипаттамасы да біраз мәлімет келтірген [3, С.69-70].

А. Чулошников та Хиуадан Жайыққа баратын керуен жолы бойында Ушқан бұлағы болғанын жазды: «Хиуа қаласынан бастап, одан екі күндік жердегі Құлабия жотасына барып, сол жерден Көлпан даласы арқылы тағы бір күндік жол жүріп, шөлейт, құмды Үстірттегі Сам құдықтарына тағы үш аптада жетеді; одан кейін Ушқанның үш тармағы (Учукан бұлақтары) арқылыЕмбі өзеніне қарай – шамасы Қандыауыз даласына – ол жерден Сағыз өзеніне, осы аттас мекенге дейін, ақырында Жайықтың төменгі ағысындағы Жайық қаласына жетеді...», - деп суреттейді [9, С.68-89].

Ә.Х. Марғұлан Ушқанды керуен-сарайға жатқызады. «XIII-XV ғасырларда Сарайшық пен Үргеніш арасында үлкен керуен жолы болды, оның бойында пошталық бекеттер мен тұрғын үйлер салынған керуен-сарайлар бой көтерді. Бұл құрылыстардың құландылары күні бүгінге дейін бар, мысалы, Сағыз, Қайнар өзендерінде – біріншісінен шығысқа қарайEmbі өзені бойында (Бақашы-әулие құландылары), Үш-Қиянда (Каспий теңізінің шығыс жағалауында) және т.б. жерлерде» [10, С.85-88].

Ә. Марғұланның Ушқаннан тапқан қыш ыдыстар сынықтарының суреттері оның 1950 жылғы ғылыми есебінде жарияланған. Онда қыш сынықтары мен жасыл түсті шыны сынығы және ирек сызықты қызыл қыш құмыра бөліктері, ыдыс ернеулері, тұтқалары бейнеленген. Тағы бір суретте сырлы қыш ыдыс сынықтары бейнеленген [11, С.48-49].

1950 жылы Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы Мәскеуден Хорезм өлкесіне дейін автокөліктер арқылы барлау жұмыстарын жүргізеді. Ол туралы «Барлауды жалғастыра отырып,

отряд Учукан бұлақтары маңындағы үлкен сорға жетіп, онда Алтын Орда дәуіріне жататын бірқатар жерлеу құрылыстары бар үлкен зиратты зерттеді. Көптеген құлпытастар бір кездері осында болған, кейіннен бұзылған ғимараттың сәулеттік бөліктерінен тұрғызылған, шамасы, зерттеуге алынған керуен жолындағы керуен-сарайларының бірі болса керек. Осында жиналған сырлы және сырланбаған қыштар Кават-кала мен Шемаха-каланың қазбаларынан табылған қышқа ұқсас. Олар моңғол дәуіріне дейінгі кезеңге және моңғол дәуіріне жатады» деп «Археологические и этнографические работы Хорезмийской экспедиции 1949–1953 гг» монографиясында жазады [12, С.16].

Экспедиция басшысы П.С. Толстов та Ұшқанда керуен-сарай құландысы бар деп есептейді және Ұшқан керамикасы құрамында Алтын Орда дәуірінен бұрынғы қыш ыдыстарға ұқсас ыдыстар бар екеніне сенімді.

Ұшқан қорымындағы жерлеу ескерткіштерін 1973 жылдары архитектор М.М. Меңдіқұлов зерттеді. Ол, 1987 жылы шыққан «Памятники народного зодчества Западного Казахстана» атты кітабында қорымдағы құлпытастар мен кесенелерінің фотосын жариялап сипаттама жазған [13, С.160].

1983 жылы Ұшқан қаласы құландыларын мәскеулік археолог Л.Л. Галкин зерттейді. Ол «қала қолөнер қаласы емес, «әулиелі» жер болған» деп есептейді. Қала орнында қыштың аздығын және мәдени қабаттың жұқалығын атап өтеді. Мәдени қабаттың қалыңдығы 35-40 см деп көрсеткен. Төрт пештің орнын анықтағаны жазылған. Қаланың жобасын сызып, XIV-XV ғасырлармен мерзімдейді [14, С.9].

Қала аумағы солтүстіктен оңтүстікке 150 м-ге созылған, ені 80 м.

1997 жылы қала орнында археолог З. Самашев жетекшілік еткен Батыс Қазақстан археологиялық экспедиция болады. Олар қала құрылымы мен қорымның фотосуретін өздерінің ғылыми есебіне енгізген [15].

2000 жылдары этноархеолог С.Е. Әжіғали Ұшқан қаласы туралы аңыздар мен деректерді саралап, қорымдағы құлпытастар мен кесенелерді талдайды. Олардың жасалуы мен қойылуы туралы құнды зерттеулер жүргізеді. Қалада керуен-сарай мен мешіт болғанын, олардың қирап қалғанын да атап өтеді. Ұшқан қорымындағы құлпытастар XVIII–XX ғасырларда қойылған деп мерзімдейді. Құлпытастардың фотосуреттерін жариялап, Ұшқан - Трестарго (Трестаго) қаласы туралы мәліметтер берген [16, С.654].

Жерлеу ескерткіштері құлпытастар, қойтастар, сандықтастар, тілінген тас плиталар мен ірі блоктардан қоршалған сағанатамдар

түрінде, сондай-ақ ірі, көлемді келген күмбезді мазар түрінде жасалған. Ескерткіштердің сәулеттік-көркемөнер құндылығы әр түрлі. Олардың арасында 94 құлпытас, 3 қойтас, 8 сағанатам мен 1 сандықтас бар. Кесенелер мен басқа да құрылыстарға ортағасырлық қала ғимараттарының қыш кірпіштері пайдаланылған. Осы себептен қаланың бұрынғы кезеңдегі қыш кірпіштен салынған ғимараттарынан түк қалмаған. Ұшқан қорымындағы шикі саман кірпіштен тұрғызылған ортағасырлық ескерткіштер нашар сақталғанымен, кейінгі уақытта салынған кесене, мазарлар күні бүгінге дейін алғашқы қалпынан көп өзгермеген. Қорымдағы құлпытастарды пайда болу ерекшелігі жағынан үш кезеңге бөліп қарауға болады:

1. XVIII ғасырдың ортасынан XIX ғасырға дейінгі, сәндік декор айқын, анық, көлемді;

2. XIX ғасырдың орта шені, жәй рельефті әсемдік элементтері мен эпиграфикасы үйлесімді;

3. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басы, құлпытастар өте үлкен, бағана тәріздес.

Қорымдағы соңғы кезеңде жасалған құлпытастар ағайынды тас қашаушы шеберлер Елеусін мен Елболсын Егісінұлдарының қолынан шыққан екен [17, 96 б.].

Құлпытастардың эпиграфикасы мен таңбасына қарағанда, Ұшқан Ата қорымында адай, кете, шекті, тағы да өзге рулардың өкілдері жерленген [18, 8 б.].

Бүгінгі күнде Ұшқан Ата қорымына жергілікті тұрғындармен бірге көрші облыстардан да адамдар зиярат етеді, «киелі мекен» деп есептеледі.

Ұшқан қорымы жанындағы жер астынан шығып жатқан бұлақ бұрынғы ғасырларда көшпелі қазақтардың көктемгі және күзгі көш жолында адамдарға қызмет еткен.

2021 жылы «Сарайшық» музей-қорығының археологиялық экспедициясы ортағасырлық Ұшқан қаласына археологиялық зерттеу жұмысын жүргізді. Жұмыс барысында қаланың жалпы аумағы шамамен (СО-БШ) 500х300 м екені анықталды. Қаланың цитаделі солтүстік-батыс жағында орналасқан, көлемі 150х150 м. Ескерткіш мәдени қабатының қалыңдығы 1-0,5 м аралығында (3-сурет). Қаланың үстіңгі мәдени қабаты кейінгі жерлеу орындарынан, олардың қабір үсті белгілері: құлпытастар мен сағаналар құрылысынан тұрады. Олар қаланың мәдени қабатын бұзып жіберген (4-сурет). Зираттан шығысқа қарай 300 м-ге дейін аумақта қыш кірпішті ғимараттардың

құландылары бар. Қыш кірпіштер сыртында мөлдір сыр жағылғандары да бар. Қыш кірпіштердің көлемі 22х22х5 см.

Ескерткіш үстінен ортағасырлық қыш ыдыстардың сынықтары мен қыш кірпіштер, мал сүйектері көп кездеседі. Сырлы қыш кірпіш сынықтары кездеседі, олар ғимараттардың сыртқы келбетін безендіруге қолданылған болса керек. Беткі қабаттан жиналған керамика үлгілері қызыл, сұр балшықты ыдыс сынықтары және сырланған кашин балшығынан жасалған ыдыс фрагменттері бар. Сырлы ыдыс сынықтары арасында қытай селадонының бөліктері де табылды (5-сурет). Қызыл қыш ыдыстар сыртын ангобпен қаптағаны байқалады,сыртына көбінде тік сызықты, ирек сызықты өрнектер салынған. Қалыпталған сұр түсті керамика сынықтары Хорезммен байланыс болғанын дәлелдейді. Сырлы ыдыстарда жасыл, сары, көк түстер басым. Сонымен қатар өте жіңішке жасалған нәзік шыны сынықтары да кездеседі.



3-сурет. Қалашықтың мәдени қабатын тексеру



4-сурет. Ескерткіштің беткі қабатынан жиналған керамика үлгілері

Табылған метал бұйымдардан мыс оймақ, қола айна сынықтары, қорғасын батырғы, т.б. бұйымдардың фрагменттері бар (4-сурет).



5-сурет. Ұшқан қаласы орнынан табылған метал бұйымдар

Қала орнынан 1 күміс дирхем мен 20 мыс пұл жиналып алынды (6-7 суреттер). Оларды Ұшқанның алғашқы нумизматикалық материалдары деп есептеуге болады. Нумизмат П. Петровтың анықтауынша, күміс дирхем Мохша қаласында Өзбек хан билігі

кезінде, шамамен 1320-1330 жылдары соғылған. Мыс пұлдар арасында Өзбек ханның Хорезмде соғылған тиыны, Жәнібек ханның Сарай әл-Жәдидте соғылған тиындары бар. Сондай-ақ, Қызыр ханның да Хорезмде соғылған, Мүрид ханның Сарайшықта соғылған тиындары кездесті [19]. Мүрид ханның Сарайшықта соғылған тиыны 2025 жылы сәуір айында шыққан экспедиция кезінде кездесті. Осы материалдар қаланың сауда байланыстарын жақсы көрсетеді және оның өмір сүрген уақытын алтынордалық кезең (XIV ғасыр) деген болжам дұрыс деп есептейміз.



6-сурет. Ұшқан қаласы орнынан табылған күміс тиын



7-сурет. Ұшқан қаласы орнынан табылған мыс тиындардың бір бөлігі

Ұшқан қаласы орнына жүргізілген зерттеу жұмысы нәтижелері бойынша мынадай түйіндер айтуға болады. Ескерткіште жүргізілген барлау жұмысы қаланың үстіңгі мәдени қабатының соңғы жүздеген жылдарда өте қатты өзгеріске түскенін байқатады. Қала орнының жаппай зиратқа айналуы мен табиғи факторлардан бүліну салдары бар. Ескерткіш үсті тегіс емес, оның біраз бөлігін ерте кездегі және кейінгі уақытта салынған бейіттер алып жатыр. Сондай-ақ, солтүстік-шығыс

жағында біршама жақсы сақталған «төрткүл» түріндегі қала цитаделінің жобасы байқалады. «Төрткүл» үстіне 2 бақылау қазбасы салынды, одан қыш ыдыс сынықтары мен темір бұйым қалдықтары жиналып, мәдени қабаттың стратиграфиясы тексерілді.


Ескерткіштің беткі қабатынан алғаш рет Жошы Ұлысының тиындары жиналды, олар күміс және мыстан соғылған нумизматикалық жәдігерлер. Қаланың шығыс жағында үстінгі қабатта жақсы сақталған құрылыс қалдықтары байқалады, бұл зиратқа тиіспей, этикалық нормаларды сақтай отыра археологиялық қазба жұмысын жүргізуге мүмкіндік береді.

Ұшқан ескерткіші алғашқы уақытта сауда-керуен жолы бойындағы керуен-сарай қызметін атқарған болуы мүмкін. Оның тұщы сулы бұлақтары керуеншілер үшін тынығатын, күш толықтыратын орынға айналған. Сауда қатынасының артуына байланысты Алтын Орда билеушілері трансконтинталды керуен жолдарын қалпына келтіріп, империяның экономикасы өркендеген кезде қалаға айналған. Алтын Орда мемлекетінің ыдырау кезеңінде қаланың өсуі баяулап, ақырында халықтың қоныстануы тоқтаған. Кейіннен қала орнында киелі мекен ретінде адамдар жерленіп, зиратқа айналады. Ал, халық арасында беделі жоғары Ұшқан Ата жерленген жер және ол туралы аңыз ескерткіштің «әулиелі» жерге айналуына барынша ықпал еткен. XVII-XX ғасырларда зиратта жүздеген құлпытастар, сағаналар, кесенелер салынған.

Ұшқан қаласы орнына жүйелі археологиялық қазба жұмысы әлі күнге дейін жүргізілген емес. Археологиялық қазба жұмысын жүргізу арқылы, алтынордалық қаланың құрылысы мен топографиясы, этно-мәдени ерекшеліктері жөнінде жаңа мәліметтер алуға болады. Еліміздегі ешқандай музейде ортағасырлық Ұшқан қаласына арналған экспозиция жоқ.

2.2 2025 жылғы археологиялық қазба жұмыстары және олардың нәтижелері

2025 жылғы маусым айында ортағасырлық Ұшқан ескерткішіне 5х5 м көлемде қазба салынды. Қазба жүргізуге ескерткіштің солтүстік-шығыс жақ шетінде орналасқан төбенің солтүстік бөлігі таңдалды. Төбенің көлемі шамамен 150х150 м, биіктігі шамамен 1,5-2 м (1-сурет).



1-сурет. Ұшқан ескерткішіндегі зерттеуге алынған төбенің орны

Қазба кезінде шығарылған топырақ арасынан құрылысқа пайдаланылған ұлутас, тақтатастар және тау жынысты кесектер шығып тұрды (2-сурет). Сондай-ақ қыш кірпіш пен оның сынықтары кездеседі. Аздаған қызыл түсті қыш ыдыстар фрагменттері де бар. Топырақтан табылған мал сүйектерінің сақталуы өте нашар. Бұл топырақ құрамында тұздың көп болуынан болса керек. Қазба қабаттарындағы топырақ біркелкі, сары құмды келген. Сонымен қатар, топырақ қабаттарынан от жағылған орындар, күйе іздері де кездеседі.



2-сурет. Қазбадан шыққан ұлутас кесектері

Төбе үстінен -70 см тереңдікте құрылыс іздері анықтала бастады. Ұлутас блоктарынан салынған қабырғалар ашылды. Қабырғаларды толық ашу үшін қазба оңтүстік-шығысқа кеңейтілді. Кеңейте қазудың

нәтижесінде бір бөлменің сұлбасы толық ашылды (3-сурет). Бөлме қабырғаларының бағыты солтүстіктен шығысқа 40º-тай ауытқыған.

Сонымен қатар, блоктардан бөлек қыш кірпіштен бір қатар қаланған жіңішке қабырға ашылды. Ол бөлменің ішінде орналасқан құрылыс түрі секілді.



3-сурет. Қазбадан анықталған құрылыстар

Ашылған бөлменің көлемі (СО-БШ) 310х300 см (4-сурет). Батыс қабырғаның ені 75 см, биіктігі 30 см. Шығыс қабырғасының ені 75 см, биіктігі 40 см. Солтүстік қабырғаның ені 110-115 см, биіктігі 38 см. Оңтүстік қабырғасының ені 80 см, биіктігі 36 см. Бөлме есігі батыс қабырғаның оңтүстік шетінде орналасқан. Есіктің ені 85 см. Есік орнында босағаның орны 4-6 см қабырға ішіне ойылып салынған. Ені 14-16 см. Табалдырық ақ алебастр ерітіндісімен бекітілген ұлутас кесектерінен салынған. Табалдырықтың ені 20 см (5-сурет). Бөлме едені біркелкі тегіс келген. Солтүстік-батыс бұрышта тостаған тәріздес ойық шұңқыр бар. Шұңқырдың бір бөлігінде күйе ізі сақталған. Сонымен қатар бұл жерде дала тышқандарының қазған інінің ойылған іздері байқалады. Шығыс қабырғаның солтүстік шетіндегі ұлутас блогы орнынан алынып, ол жер бос қалған. Оңтүстік қабырғаның шығыс бөлігіндегі ұлутас блоктары да бұзылып алынған. Қабырғаға қойылған осындай блоктардың екеуі бөлменің ортасында жатыр. Шығыс қабырғаның оңтүстік шетінде де есік болған. Бұл жерде табалдырық ізі сақталып, қабырғада босаға орны ойылған. Табалдырық ізімен өлшегенде есік ені 85 см болды. Яғни, осыған қарсы орналасқан

батыс қабырғадағы есікпен көлемі бірдей болған. Есіктерге қарағанда бұл өтпелі бөлме болса керек. Шығыс қабырғадан әрі келесі бөлме орналасқан деп санаймыз.



4-сурет. Қазбадан ашылған бөлме



5-сурет. Бөлме есігінің босағасы мен табалдырығы орны

Солтүстік қабырға екі қатар блоктар сырт жағымен түзу қойылып, ортасын тау жынысты кесектерді саз балшықты ерітіндімен аралас толтырған. Қабырғаның батыс бұрышы мен шығыс жағының блоктары бұзылып алынған.

Шығыс қабырғаның шығыс жақ қатарындағы блоктар алынған, оңтүстік шетінде ғана бір қабырға блогы сақталған.

Оңтүстік қабырғаның оңтүстік-батыс бұрышындағы блоктар ғана 170 см ұзындықта сақталған.

Бөлменің батыс қабырғасы біркелкі жақсы сақталған. Тек солтүстік-батыс бұрышы ғана аздап бұзылған. Қабырғаның сырт жағына 0,5 см қалыңдықта ақ түсті алебастр сылағы жағылған (6-сурет).

Бөлме еденінің топырағы нығыздалған. Шығыс қабырға бойында еденде от жағылған орын бар (7-сурет).

Бөлменің қазу барысында топырақ арасынан ұлутастан кесілген плинфа түріндегі кірпіштер көп шықты. Бұл кірпіштерді ғимарат төбесін күмбездеп жабуға қолданса керек.



6-сурет. Бөлменің сыртқы қабырғасына жағылған сылақ



7-сурет. Бөлме еденіндегі от жағылған орын

Ізбестас блоктардан салынған бөлменің батыс жағында 70 см жерде қыш кірпіштен салынған құрылыс ашылды (8-сурет). Пішіні П-тәріздес келген. Құрылыстың шығыс шетінде жартышар тәріздес деталі бар. Оның ішіне от жағылған, қатты күйген дөңгелек із бар. Оның үстін қазу барысында тандыр пеш блоктарының бөліктері табылды. Жартышар пішіні бір қатар қыш кірпіштен қаланған. Кірпіштердің көлемі 23х23х5 см, 27х6 см. Қыш қабырғалы құрылыстың ұзындығы 365 см. Шығыс жағы оңтүстікке 85 см-ге созылған, батыс жағы 73 см-ге созылған. Қабырғаның 4 қатар қаландысы бар. Жартышар пішіні сынық, жарты кірпіштерден салынған. Оның 2 қатар қаландысы сақталған. Ішкі диаметрі 110 см, сыртынан 133 см.

Бұл құрылыс бөлме ішінде орналасқан болса керек. Алайда бөлме қабырғалары іргетасына дейін бұзылған. Бөлменің тек іргетас шұңқырлары ғана анықталды. Шұңқыр ұзына бойы саз топырақ араласқан тау жынысты кесектер қалдықтарымен толтырылған. Қыш кірпішті қабырғаның батыс шетіне таман, солтүстік жағында күлмен толтырылған шұңқыр тазаланды. Пішіні төртбұрышты, қабырғалары тік келген.



8-сурет. Қыш кірпішті құрылыс

Аумақты шолып шыққан кезде қорымның шығыс жағынан қыш кірпішті ғимараттардың орны байқалды. Оларды тексеру барысында ортағасырлық жерлеу ғимараттарының құландылары екені анықталды. Ғимараттар іргетасына дейін бұзылып алынған. Олардан алынған кірпіштерді кейінгі кезде салынған басқа жерлеу құрылыстарына пайдаланған деп ойлаймыз (9-сурет).

Ескерткіште тұрғын үйлердің орны анықталмады. Бұл Ұшқанды қала, елді мекен ретінде санаған пікірлерге қайшы келіп отыр. Біз топографиясы жағынан Ұшқанды қала емес, керуен-сарай орналасқан нысан деп санаймыз. Белгілі зерттеушілер Әлкей Марғұлан мен А.П.Толстов Ұшқанды керуен-сарай деп есептеді. Ал, археолог Л.Галкиннің 1983 жылғы ғылыми есебінде Ұшқанды қала деп көрсетілген [14].



9-сурет. Ескерткіштің шығыс жағындағы қыш кірпішті ғимараттар құландысы

Ұшқан ескерткішіндегі археологиялық қазба жұмыстары барысында алынған материалдар елді мекеннің тарихи топографиясын зерттеу үшін маңызды болды деп санаймыз. Зерттеу кезінде алынған материалдар қазбада ашылған ғимаратты керуен-сарайдың бір бөлігі деп есептеуге негіз болады. Ескерткіш бұдан оңтүстікке қарай, Үстіртте орналасқан Қосқұдық, Белдеулі керуен-сарайларымен ұқсас келген. Ұшқан керуен-сарайы да ұлутас блоктарынан тұрғызылған. Таскешу тағы өзге де керуен-сарайлар сынды жақын жерде ортағасырлық зират орны болғаны анық. Әдетте қала орналасқан

жерде ірі су қоймасы, өзен-көлдер, теңіз болуы тиіс. Қала тұрғындарын ауыз сумен қамтамасыз етуге суы мол жер қажет. Ұшқандағы бұлақтар көп адамды сумен қамтамасыз ету үшін аздық етеді. Соған орай, бұл аймақта халық саны шектеулі, бұлақ сулары тек сауда жолындағы адамдар мен көліктік малға жететіндей болса керек.

Қазбада анықталған құрылыс қабаты бір деңгейде, Алтын Орда заманына тиесілі мәдени қабат ашылды.

Ақшаның болуы, қызыл түсті қышпен бірге хорезмдік сұр қыштың, сырлы қыш фрагменттерінің кездесуі керуен-сарай қызметіне байланысты болса керек.

Ұшқан керуен-сарайының зерттелуі болашағы зор жоба деп санаймыз. Ескерткіштің сәулеттік ерекшелігін анықтау, халық арасына насихаттау ғылыми қызығушылық қана емес, туристер қызығушылығын да тудырып отыр. Қазірде Ұшқан ата қорымына зиярат етушілер саны артып отыр. Қорым жанына зиярат етушілерге арнап түнейтін үй салынған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Атырау қазақтарының эпиграфикалық ескерткіштері: Ақмешіт, Алтын, Дәрі, Ұшқан ата қорымдары. Т.1 -Атырау: «Ағатай» ЖК, 2017.-152б.

2 Атырау облысының топономикалық атауларының анықтамалығы. Атырау, 2006. -28 б.

3 Сарайшық - бабалар мұрасы. Сарайшық қалашығының тарихы туралы дереккөздер / Құр. Ж.К.Жұмабаева, М.Қ.Кипиев / Ғыл. ред. Ж.К.Жұмабаева. – Атырау: «Ағатай» баспасы, 2015. -224 б.

4 Первые русские научные исследование Устюрта: Сб. материалов. Москва: Изд-во Акад. наук СССР, 1963. - 326 с.

5 Брун Ф. Перипл Каспийского моря по картам XIV столетия. // Записки Новороссийского Ун-та. Одесса,1982. Т. 8. С.32.

6 Жукова Л.И., Левтеева Л.Г. Западный Казахстан глазами путешественика (Дневник М.Н. Чернышевского. 1999.) // ИАН Каз ССР. Сер. Обществ. наук. 1974. №4.

7 Левшин В.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. – Алматы, 1996. - 658 с.

8 История и культура Атырау в русских источниках (XVIII–XX вв.). / Сост. М.К. Кипиев; научн. ред. Ж. Шалгынбай. Атырау, 20147 - Т.1 - 29-30 с.

9 Чулошников А. Торговля Московского государства со Средней Азией в XVI–XVII вв. // Материалы по истории народов СССР. Вып. 3. Материалы по истории Узбекской, Таджикской и Туркменской ССР. Ч. 1. Л.: изд-во АН СССР, 1932. С. 62–89.

10 Маргулан А.Х. Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана. Алма-Ата: Изд-во АН Каз ССР, 1950. - 122 с.

11 Графические работы. План городища Сарайчик, зарисовки керамики ЗКАЭ 1950 (Сарайчик. Караван. Сарай-Ушкон, укрепления на р. Сагиз) (№1-21, 15, 24, 29, 31-49, 56 б/н-2). Архив ИА КН МОН РК. Д. 207. 126 л.

12 Толстов П.С. «Работы Хорезмийской археолого-этнографической экспедиции АН. СССР в 1949–1953 гг.» // Археологические и этнографические работы Хорезмийской экспедиции 1949–1953 гг. М.: изд-во АН СССР, 1958. -Том II. – С. 7–258

13 Мендикулов М.М. Памятники народного зодчества Западного Казахстана. Алма-Ата, «Өнер» 1987. -160 с.

14 Галкин Л.Л. «Отчет о работе Волго-Уральской экспедиции в Северо-Восточном Прикаспии в 1983 году» // Архив ИА КН МОН РК. Без инв №.9 с.

15 Самашев З. «Отчет о работе Западно-Казахстанской археологической экспедиции ИА МН -АН РК на городище Сарайчик в 1997 году по договору с Атырауским областным Управлением культуры»./ Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейі қоры. -Алматы, 1998. – 312 с.

16 Ажигали С.Е. Архитектура кочевников - феномен истории и культуры Евразии (памятники Арало-Каспийского региона). – Алматы: Научно–издательский центр «Ғылым», 2002. – 654 с.

17 Атырау облысы тарих және мәдениет ескерткіштерінің жиынтығы. Жылыой және Мақат аудандары. Атырау – Алматы, 2013. 96 б.

18 Касенов М.С. Ұшқан қаласы // Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің Хабаршысы. №4 (35), 2014. 7-12 б.

19 «Қазақстанның батыс өңіріндегі алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлар: пәнаралық зерттеулер (XIII–XV ғғ.)» ғылыми жобаның 2021 жылға арналған жылдық есебі» / Ғылыми жетекшісі т.ғ.д. У.Т. Ахметова. – Сарайшық: «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы, 2021. -165 б.

3 АЩЫСАЙ МЕКЕНІ: АЛҒАШҚЫ ЗЕРТТЕУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

3.1 2021-2023 жылдардағы далалық экспедициялар нәтижелері

Ескерткіш Атырау облысы, Махамбет ауданы, Сарайшық ауылынан батысқа 13 км қашықтықта, Ащысай (Солянка) өзегінің сол жағалауында орналасқан. Шығыс және оңтүстік-шығыс жағында егістік орны бар.

GPS координаты: N 47° 28,789'; E 51° 32,289'

Археологиялық нысан алғаш рет «Қазақстанның батыс өңіріндегі алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлар: пәнаралық зерттеулер (XIII-XV ғғ.)» бағдарламасы аясында ұйымдастырылған археологиялық барлау кезінде анықталды [1].

Ащысай өзегі туралы Иван Лепехин деген саяхатшының «Дневные записки путешествия доктора академии наук и адъюнкта Ивана Лепехина по провинциям Российского государства в 1768 и 1769 годах» атты жазбасында мәлімет бар: «С утра погода утихла, и мы оставили этот остров. И возвращаясь в город мы заехали к речке Солянке. Эта речка начинается от Уральского последнего форпоста, называемой Сарачиха, в 40 верстах выше Гурьева и впадает в Каспийское море в 17 верстах от города. Ее имя очень похоже с качествами воды. Потому что, вода в ней такая соленая, что совсем невозможно ее употребляеть. Степные солонцы, окружающие эту речку, передают воде свою соль, как и речка Нарын Хара, о которой сказано выше» [2, 105 б.]. Ащысай ескерткішінің көлемі шамамен 300х700 м. Бірнеше саман тастан салынған ғимараттар орны анықталды. Мекеннің батыс жағында қазіргі заманғы қыстақ болған. Қоралардың орны мен иесіз қалған тұрғын үй бар. Осы қыстақтың шаруашылығы үшін ауыр техниканың көмегімен қазылған, күрелген шұңқырлар көп кездеседі (1-сурет).



1-сурет. Ащысай мекені

Жердің беткі қабатында қыш ыдыс сынықтары, мал сүйектері, метал сынығы шашылып жатыр. Аз мөлшерде сырлы қыш ыдыстардың сынықтары да кездеседі. Қыш ыдыстар сынықтары қызыл түсті, көзе шарығында жасалған. Сыртына түзу, ирек сызықты өрнектер салынған. Шығыр ыдысының сынығы табылғанына қарағанда, бұл жерде өзектен су шығарып, егіншілікпен айналысқан болса керек. Қызыл қыш ыдыспен қатар, сырлы қыш ыдыстар да қолданыста болған. Сырлы ыдыстарда көк түс көп қолданылған (2-сурет). Олар кашин балшығынан қалыпталған. Сонымен қатар сұр балшықты қалыпта соғылған қыш ыдыс сынығы да кездесті. Метал, сүйек қалдықтары және Өзбек және Жәнібек хандарға тиесілі бірнеше мыс тиындар табылды (3-сурет). Анықталған мыс тиынның бірі – Өзбек ханның соғылымы. Сарай қаласында 1321-1322 жылдары соғылған. Сонымен қатар, күміс дирхемнен сөздің екінші бөлігі «Тимур» деп оқылды. Бұл Полат-Тимур ханның есімі болуы мүмкін. Табылған олжалар қатарында қызыл түсті жүзіктің көзі бар. Диаметрі 1,1 см. Тағы бір жәдігер – төлкелі, үшқанатты сармат жебесі. Бұл ортағасырларда сәндік мақсатта немесе бойтұмар ретінде пайдаланылған болса керек. Ескерткішке бірнеше шурфтар салынды. Мәдени қабаты 50 см – 1 м шамасында екені анықталды.



2-сурет. Сырлы қыш ыдыстар бөліктері




3-сурет. Мыс тиындар

Ескерткіштің солтүстік бөлігінде сырты темір қоршаумен қоршалған ұлутастан (ракуша) салынған төртқұлақ бейіт бар. Эпитафиясынан мұнда күйші Меңдігерей Әшенұлы жерленгенін білеміз. Руы Әлім Шекті Меңдігерей Әшенұлы 1887-1945 жылдар аралығында өмір сүрген. Арғы аталарынан күйшілік өнерді меңгерген Меңдігерей Батыс Алашорданың ірі өкілдері Жанша, Халел Досмұхамедовтер, Аспандияр Кенжин, Сәлімгерей Қаратілеуовпен бірге жүрген, алашордашылармен ниеттес адам болған. Алашордашыларға арнаған «Аманат» күйін шығарған. Бұл бейіттің батыс жағында төбешіктің төрт жағына ағаш қазықтар қағып тақтайға

«Беріш Тұрыш ата» деген жазу қалдырған. Жергілікті адамдар бұл жердің атауын «Қазанбас» деп атайтынын айтты [3]. Бұл жер орта ғасырлардан бері жергілікті халық мекендеген, қоныстанған орын болса керек.

2023 жылы «Сарайшық» музей-қорығының археологтары т.ғ.к. А.А. Пушкаревпен бірге Ащысай мекенінде геомагнитік түсірілім жұмыстарын жүргізді [4]. Ескерткіште геомагниттік түсірілім зерттеуі нәтижесінде әртүрлі нысандар анықталды. Өкінішке орай, оларды түсіндіру оңай емес, өйткені көрсетілген аномалия нақты танылатын пішінге ие болмады. Сонымен қатар, қазіргі заманғы антропогендік әсерлерге байланысты ескерткіш үстінде түрлі қоқыстар көп мөлшерде жинақталған. Осыған қарамастан, магниттік түсірілім деректері Ащысай мекенін зерттеу өте маңызды екенін көрсетеді. Зерттеу ескерткіш аумағында археологиялық нысандардың бар екені туралы мәліметтер берді. Екіншіден, көрсетілген аномалияларда археологиялық қазба жүргізу қажет материалдар беруі мүмкін. Үшіншіден, ескерткіште геомагниттік зерттеулерді жалғастыру және түсірім аймағын кеңейту қажет, жаңа учаскелерде бұрыннан қалған объектілер табылуы мүмкін (4-сурет).



4-сурет. Ащысай мекені. №1 учаске. Интерпретация жоспары. Орындаған А. Пушкарев


3.2 Ащысай мекеніндегі 2024 жылғы қазба жұмыстары және олардың нәтижелері

Ащысай мекеніндегі 2024 жылғы «Сарайшық» музей-қорығының археологиялық қазба жұмыстары Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2023-2025 жылдарға арналған «Алтынордалық Сарайшық, Ұшқан, Ащысай, Қарағайлы ескерткіштері тарихи-мәдени мұра контекстісінде (XIII-XV ғғ.)» бағдарламасы шеңберінде жүргізілді [5]. Бағдарлама жетекшісі – т.ғ.д., профессор Ұлжан Ахметова. Қазба жұмысына археолог А. Зайнов жетекшілік етті.

Зерттеу қалашықтың мәдени қабатын анықтау, қалашық құрылысының сақталған нысандарын айқындау, анықталған артефактілер негізінде нысандардың хронологиясын, мәдени қатыстылығын зерделеу, қалашықтың экономикалық байланыстарын, ролін негіздеу міндеттерін мақсат етіп қойды.;

Қазба жұмыстары жүргізілген жердің жалпы аумағы: 485 м^2. Қазба саны және олардың ауданы: 1-қазба – 225 м^2, 2-қазба – 100 м^2, 3-қазба – 100 м^2, 4-қазба – 25 м^2, 5-қазба – 35 м^2.

Ащысай елді-мекеніндегі археологиялық қазба жұмыстарын жүргізуге негізгі аумақтарды таңдау үшін 2023 жылы, т.ғ.к. А.А. Пушкаревтің магниттік түсірілімі басшылыққа алынды (5-сурет) [4].



5 -сурет. Ащысай мекені. Интерпретациялық жобасы

№1 қазба. Магниттік түсірілім аумағының Б-ОБ (батыс – оңтүстік-батыс) бұрышынан 15х15 м (225 м^2) аумақ таңдап алынды *(бұдан әрі сектор).* Сектор бір қабат төменге түсірілді, тереңдігі –15 см. 1 күрек қабатын тазарту барысында қыш ыдыстардың фрагменттері (бүйір, ернеу, түбі және тұтқасы), қыш шығырдың түбі, малдың сүйектері анықталды (6-сурет). Анықталған археологиялық жәдігерлер орта ғасырларға, Алтын Орда дәуіріне тән. Мал сүйектері кейінгі уақытта, ферма немесе жеке қожалық жүргізген адамдардан қалған болуы мүмкін. Сектор толық тазартылғаннан кейін от жағылған күйесі бар орындар анықталды. Диаметрлері 80-90 см аралығында.

1-ші күрек қабатында анықталған күйе орындары қалдырылып, сектор іші тағы бір күрек бойы қазылды. Сектордың солтүстік-батыс бұрышында қатты топырақ қабаты қалыптасып, сектор ортасына қарай созылған (7-сурет). Осы жерден тандыр пеш сылағының кішкене фрагменті табылып, мал сүйектері көмілген шұңқыр ашылды. Тазалау барысында қыш ыдыстардың фрагменттері, шығырдың түбі, малдың сүйектері мен от жағылған орындар анықталды (8-сурет). Сектордағы топырақтың түсі күлгін-қызыл және сары боп келген.



6- сурет. Қыш ыдыстардың тұтқалары



7-сурет. №1 қазбада қалыптасқан мәдени қабат



8-сурет. Қыш ыдыстардың фрагменттері

Сектордағы мәдени қабат одан әрі 3-ші күрек қабатында қазылды. Бұл қабаттағы қазба жұмыстары топырақ қабаты түзілімінің неғұрлым қатты жерлері және бірінші, екінші қабаттарда кездескен күйе орындары қалдырыла отырып жүргізілді (9-сурет).



9-сурет. №1-қазбаның жоғарыдан түсірілген жалпы көрінісі

Сектордың солтүстік жиегінің орта тұсынан тұрмыстық қалдықтар жиналған шұңқыр анықталды. Секторды тазалау барысында шикі кірпіштен тұрғызылған бөлме қабырғасы мен пештің кан арнасының орны анықталды. Қабырға нашар сақталған. ОБ-СШ бағытында созылған. Сақталған бөлігінің биіктігі – 0,42 м, ұзындығы – 1,53 м, ені – 0,2 м. Қаландының төрт қатары сақталған (10-сурет).



10-сурет. №1 қазба. Бөлме қабырғасының сақталған бөлігі

Кан арнасы осы қабырғаға шығыс жағында параллель орналасқан. Канның сақталуы нашар, екі жағынан тұрмыстық қалдықтар шұңқыры

қазылып бұзылған. Салдарынан пештің аузы да жойылған (11-сурет). Дегенмен кейбір белгілерге сүйене отырып пеш орны ОБ жағында болған деп жорамалдадық. Канның сақталған бөлігінің ұзындығы 3,2 см, ені 0,4-0,5 м, биіктігі 0,3 м. Канның оңтүстік-шығыс жағында суфа орны бар. Суфаның ені 1,3 м, ұзындығы 1,8 м (12-сурет).

Сектордың шығыс жиегі тұсынан, 50 см тереңдіктен мыс тиын табылды (13-сурет).



11-сурет. Кан жүйесінің қалдығы



12- сурет. Кан мен суфа орнының жоғарыдан түсіріліген көрінісі



13-сурет. Қазбадан табылған мыс тиын

Сектордың шығыс жиегінен 4 м жерден ошақ пештің қалдығы анықталды. Шеңбер пішінді келген, оңтүстік бөлігі сақталмаған. Шамасы пеш аузыда осы жағында болған болса керек. Ошақ диаметрі 0,7 м, биіктігі 0,2 м (14-сурет).



14-сурет. Пештің жоғарыдан түсірілген көрініс

Археологиялық қазба жұмыстарын одан әрі жалғастыру барысында сектордың солтүстік-батыс бөлігінен тұрмыстық

қалдықтар анықталған болатын. Бұл жерден қыш ыдыстың сынықтары, малдың және балық сүйектерінің қалдықтары анықталды. Сонымен қатар, қола дәуіріне тән қыш ыдыстың фрагменті анықталды. Шұңқырды тазалау кезінде көптеген қыш ыдыстардың фрагменттері (бүйірі, ернеуі, түбі және т.б.) мен сүйектен жасалған бұйым табылды (15-сурет).



15-сурет. Сүйектен жасалған бұйым

№2 қазба. Магниттік түсірілім жасалған аумақтан күйдірілген қыш кірпіштің ұсақ сынықтары табылып, көлемі 10х10 м (100 м^2) қазба салынды. Қазба барысында 1-ші күрек қабатында ШБ бағытта тізбектеле қойылған қыш кірпіштер қатары анықталды. Олар тандыр пешке жалғасады. Қыш кірпіштер саны - 8. Тізбектің ұзындығы 1,2 м. Кірпіштердің көлемі бірдей емес: 15х30х5 см, 20х30х5 см болады. Олар жерге тігінен тұрғызылған. Кірпіштерді пештің қасына тас қорап (жәшік) түрінде орнатқан секілді (16-сурет.).

Тандыр пештің сақталған бөлігінің диаметрі – 0,8 м, биіктігі 0,3-0,4 м. Тандыр қабырғасының Ішкі жағынан ромб тәріздес жолақтар ойылып сызылған. Тандырдың аузы ОШ жағыда орналасқан, ені-0,3 м. Тандыр пештің кан арнасы С - СШ бағытқа созылған. Ұзындығы – 2,4 м.

Бұл құрылыстардың қасынан қыш ыдыстар фрагменттері, мал сүйектері мен балық қылқандары, балық қабықтары табылды (17-сурет).

1-ші күрек қабаты зерттеліп болған соң 2-ші қабат 10 см тереңдікте алынды. Қыш ыдыстың фрагменттері, күйдірілген кірпіштің сынықтары, мыс тиын және шыны моншақтың сынық бөлігі табылды. Сонымен қатар, мал сүйектері анықталды.



16-сурет. №2 қазбада анықталған қыш кірпішті құрылыс пен тандыр пеш



17-сурет. Қыш ыдыстар фрагменттері

№3 қазба. Магниттік түсірілім жүргізілген аумақтың солтүстік жиегіне таман салынды. Қазба аумағында қыш ыдыс фрагменттерінің шоғыры байқалады. Бұл жер магниттік түсірілім жоспарында оң және диполярлы аномалия жинақталған аумақ деп көрсетілген. Қазба көлемі

10х10 м (100 м^2). 10-15 см тереңдіктегі топырақ қабаты алынып, беті тазаланып отырды. 1-ші қабатта қыш ыдыстардың сынықтары, мал сүйектері анықталды. 2-ші қабатта да қыш ыдыстардың фрагменттері мен мал сүйектері кездесті. Қазбаның орта бөлігінен СШ бағытқа қараған пеш табылды. Пештің сақталуы өте нашар, кірпіштерінің ізі ғана байқалады. Ені 0,8 м, ұзындығы 1,3 м. БШ бағытында созылып жатыр (18-сурет).



18-сурет. Пештің жоғарыдан түсіргендегі көрінісі

2-ші қабат топырағы тазатылғаннан кейін қазбанің орта бөлігінен күлгін түсті топырақ анықталды. Күлгін түсті топырақ СШ-ОБ бағытында қазбаның шығыс жиегіне дейін созылады. Әрі қарай үлкен көлемдегі қоқыс пен күлдің шоғыры жинақталғаны анықталды. Ол шығыс жиектің кескінінен жақсы көрінеді.

3-ші күрек қабаты 30-35 см тереңдікке дейін қазылды. Қыш ыдыстардың фрагменттері мен мал сүйектерінің кезлесуі жалғаса берді. Пештен СШ бағытқа 2,2 м жерде тұрмыстық қалдықтар көмілген шаруашылық шұңқыры анықталды. Оның ішінен де көп мөлшерде мал, балық сүйектері, қыш ыдыстардың ұсақ сынықтары және жақсы сақталған бүтін шағын қыш құмыра табылды (19-сурет).



19-сурет. Қыш құмыра

№4 қазба. Суландыру жүйесін немесе басқа да құрылыс орны іздерін анықтау мақсатында Ащысай өзенінің жағалауынан 7х5 м (35 м^2) аумаққа қазба салынды. 1 м тереңдікке дейін қазылды. Қазба стратаграфиясы қара-қошқыл, сары топырақ қабатынан және мал күбірінен тұрады (20-сурет).

Әр күрек қабатынан мал сүйектері мен қыш ыдыстардың сынықтары кездесіп отырды (21-сурет).



20-сурет. №4 қазбаның стратиграфиясы



21-сурет. Қыш ыдыстардың фрагменттері

№5 қазба. Ащысай ескерткішінің шығыс бөлігінен металл іздегіш құрылғымен ортағасырлық мыс пұл табылды. Осы жерден көлемі 25 м^2 жерге археологиялық қазба жүргізілді. Қазба 0,5 м тереңдікке дейін зерттелді. Қазба орнының стратаграфиясы таза сары топырақ қабатынан тұрады. Нәтижесінде құрылыс орындары, артефактілер анықталған жоқ.

Археологиялық қазба жұмыстарында магниттік түсірілімдер жоспары негізге алынды. Сонымен қатар, ескерткіштегі алғашқы далалық зерттеу жұмыстары болғандықтан қалашықтың жоспарын білу мақсатында бір-бірінен қашық шағын қазбалар қазылды. Бұл ретте археологиялық нысанның мәдени қабатының жұқалығы да ескерілді.

Қазба жұмыстары барысында қыш ыдыстардың фрагменттері, моншақтар, тиындар, сүйектен жасалған бұйымдар табылды. Құрылыс орындары нашар сақталған. Соған қарамастан, пештің жылу жүйелері, ғимарат қабырғасының бөлігі, тұрмыстық қалдықтар көмілген шаруашылық шұңқырлары табылып отыр. Шұңқырларда балық сүйегінің қалдықтары көп кездеседі. Бұл Ащысай мекені тұрғындарының тамақ рационында балықтың маңызды рөл атқарғанын көрсетеді. Қазба жұмыстары кезінде артефактілермен қатар малдың сүйек қалдықтары өте көп анықталған болатын. Бұл ретте ескерткіштің дәл үстінде қазіргі замандағы мал шаруашылығы нысандары болғандығын ескеру керек. Археологиялық ескерткіштің мәдени қабаты кейінгі антропогендік іс-әрекеттер нәтижесінде бұзылған.

Ащысай мекенінен анықталған артефактілер, құрылыс қалдықтары ортағасырлық Сарайшық материалдарымен ұқсастығы бар. Мәдени қабатының жұқалығын қарап мекеннің тұрғындары аз уақытқа тұрақтаған болуы мүмкін.

Археологтар жаңадан анықталған тарихи ескерткіштің маңызы зор екенін айтады. Ескерткіштегі болашақ зерттеу жұмыстары жақсы деректер мен ақпараттарға қол жеткізеді деп сенім артады.

3.3 Ащысай мекеніндегі 2025 жылғы қазба жұмыстары және олардың нәтижелері

2025 жылғы археологиялық маусымда ортағасырлық Ащысай қаласы үстіне 3 қазба түсті. Қазба жүргізуге жер бетінде байқалған нақты құрылыс іздері бар орындар таңдап алынды. Қазбалар көлемі сол құрылыстардың шекарасына тәуелді түрде қазылды. Бекітілген қазба аумағы әуеден дрон көмегімен панорамалық суреттерге түсірілді.



1-сурет. Ащысай қаласы орнының әуеден көрінісі



2-сурет. Зерттелген қазба орындары



3-сурет. Қаланың беткі қабатында анықталған құрылыс орындары

№1 қазба.

№1 қазба ескерткіштің солтүстік бөлігінде, Ащысай өзегінен шығысқа, зират маңынан қазылды. Бұл жерде беткі қабатта байқалған тандыр пеш құрылысын ашу барысында бір бөлменің сұлбасы анықталды. Тандыр пештен оңтүстік-шығысқа қос арналы кан созылған. Тандыр пештің аузы солтүстікке қараған. Пештің батыс жағында бөлменің батыс қабырғасы анықталды. Батыс қабырғаның солтүстік бұрышында бөлмеге кіретін есік орны ашылды, ені 75 см. Есік табалдырығы сырттан ішке қарай еңіс келген. Яғни бөлме едені сырттан төмен орналасқанын көрсетеді. Еден нығыздалып сыланған. оңтүстікке тандыр пеш аузына дейін жеткен. Бөлменің шығыс жағын жылытылмайтын суфа алып жатыр. Бөлменің солтүстік қабырғасы аралары біршама ашық, көк сұр түсті саман кірпіштерден тұрады. Біздің болжамымыз бойынша, қабырға кірпіштері арасына ағаш сырықтар қойып, торланған және сыртынан балшықпен сыланған болса керек. Бөлменің шығыс қабырғасы айқын анықталған жоқ. Ал оңтүстік қабырға іргелі саман балшықтан соғылған, қалыңдығы 50 см. Бөлме пішіні тік төртбұрышты емес, бұрыштары 90º-та қиылыспаған. Пішіні бойынша трапецияға жақын. Қазба алаңындағы бөлме көлемі (СО-БШ) 370-420х330-380 см. Солтүстік және батыс қабырғаның ені 25 см, сақталған биіктігі 18-20 см. Қабырға іргесіне көк сұр түсті саман кірпіштер қолданылған. Еден көлемі 200х155-175 см. Суфа ені 160 см. Тандырдың диаметрі 46 см, биіктігі 25 см, қабырғасының қалыңдығы

4 см. Ауыз қуысы солтүстікке қараған, ені 20 см, ұзындығы 30 см. Ауыз қуысы мен батыс қабырға аралығы 35 см. Кан арналары оңтүстік-шығысқа 265 см-ге дейін созылған. Арнасының ені 20 см, аралық қабырғасының ені 22 см. Кан айналасына қаланған кірпіштің өлшемі 23х23х5 см.

Тандырдың ауыз қуысы алдына еденнен шұңқыр қазылған. Шұңқыр диаметрі 32-36 см, тереңдігі 38 см. Қабырғасы тік, солтүстік жағы еңістеу келген. Қазбаның шығыс жиегі бойынан бір шұңқыр мен екі от жағылған орын анықталды. Шұңқыр пішіні сопақша келген. Қабырғалары тік, түбі тегіс. Көлемі 95х65 см, тереңдігі 14 см. Іші саз топырақпен толтырылған. Мал, балық сүйегі араласқан. От жағылған орындардың орташа диаметрі 80 см. Қазба барысында мәдени қабатта қыш ыдыс сынықтары, мал сүйектері, балық қалдықтары кездесіп отырды. Қыштың көпшілігі қарпайым сырланбаған қызыл түсті түрі. Бірен-саран сырлы қыш ыдыстар сынығы кездесті. Ыдыстар ішінде шығыр ыдысының сынықтары көп табылады. Бұл қала тұрғындары Ащысай өзегінен су шығарып, бау-бақша еккен болуы мүмкін деген жорамал тудырады. Қара балықтың үсақ сүйектері де көп табылуына қарағанда тұрғындардың тамақ рационында балық тағамдары ерекше орын алған деп ойлаймыз.


Сонымен қатар, қазба маңынан каури қабыршағы табылды.



4-сурет. №1 қазбада ашылған бөлме көрінісі



5-сурет. №1 қазбадағы бөлмеде орналасқан тандыр пеш құрылысы



6-сурет. №1 қазбадағы бөлменің қабырғасы мен есігі орны



7-сурет. №1 қазба Бөлменің едені, суфасы және кан арналары

№2 қазба.

Бұл қазба ескерткіштің оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан. Беткі қабатта қыш кірпіштен салынған ошақты пеш пен бір арналы кан байқалып жатқан жерге салынды. Қазба көлемі 5х5 м болды.

Қазба 10 см тереңдікке дейін қазылды. Пеш ауыз қуысы солтүстікке қараған. Кан арнасы батыстан шығысқа қарай созылған. Пеш құрылысының айналасы тазартылды. Қазба алаңында бөлме қабырғалары анықталған жоқ. Осыған байланысты бұл пеш шыбық ағаштармен торланып, сыртынан саз балшықпен соғылған қабырғалардан тұрғызылған үйдің ішінде болған деп болжалды.

Пеш ошағының диаметрі 54 см. Қабырғасының сақталған биіктігі 7 см, қалыңдығы да 7 см. Пештің ауыз қуысының енім 30 см, ұзындығы да 30 см. Ауыз қуысы алдында көлемі 26х56 см, тереңдігі 15 см шұңқыр бар. Пештің кан арнасының ұзындығы 170 см, ені 12 см.

Қазбадан оңтүстікке 20 м жерден тиындар көмбесі табылды. Көмбе бірдей эмитенттен тұратын 11 тиыннан құралған. Матаға түюлі сақталған.



8-сурет. №2 қазбаның оңтүстіктен көрінісі



9-сурет. №2-ші қазбадан анықталған ошақ пеш



10-сурет. №2 қазба маңынан анықталған тиындар көмбесі

№3 қазба.

Үшінші қазбада ескерткіштің оңтүстік-шығыс бөлігінен қазылды, көлемі (СО-БШ) 7,5х8,5 см. №2 қазбадан солтүстікке қарай 100 м қашықтықтан тандыр пеш орны, кан арнасы анықталды. Қазбадағы құрылыс іздерін ашу барысында екі бөлме анықталды. Бөлмелер шығыс және батыс бөлмелер деп орналасу ретіне қарай аталды. Бөлмелер арасы бір ортақ қабырғамен бөлінген.

Шығыс бөлме көлемі 290х260 см. Қабырғаларының сақталған биіктігі 30 см, ені 60 см. Бөлме есігі шығыс қабырғада орналасқан, ені 77 см. Еденнің көлемі 150х240 см. Оңтүстік қабырғаны бойлай жылытылмайтын суфа орналасқан. Ал, батыс қабырға бойына тандыр пеш салынған, оның кан арналары қабырға бойымен солтүстік бағытқа суфа ішімен жүргізілген. Солтүстік-батыс бұрышта суфа шығысқа бұрылып, 60 см ұзындықта солтүстік қабырға бойында аяқталған. Оңтүстік суфа ені 45 см, батыс суфа ені 85 см, солтүстік суфа ені 60 см болды. Тандыр пеш диаметрі 60 см. Тандыр қабырғасының қалыңдығы 4 см, қабырға 22 см биіктікте сақталған. Ауыз қуысы шығысқа, дәл есік тұсына қараған. Ауыз қуысының ұзындығы 15 см, ені 25 см. Ауыз қуысының алдына, еденді 4 см-ге сәл шұңқыр жасаған. Шұңқыр көлемі 25х20 см. Кан бір арналы, ұзындығы 230 см, ені 15 см, тереңдігі 13 см. Арнасының қабырғаларын қыш кірпіштен қалаған. Кірпіштер өлшемі әр түрлі, бірінің ұзындығы 33 см болса, кейбірі 26х15 см. Тандыр

пештің оңтүстік жағында көлемі 60х80 күйе ізі бар. Бұл жерге пештен шыққан күлді жинап қоятын болса керек.

Батыс бөлменің көлемі 285х240 см. Бұл бөлменің шығыс қабырғасы мен шығыс бөлменің батыс қабырғасы бір боп есептеледі. Қабырғаларының ені 50 см, сақталған биіктігі 12 см. Шығыс қабырға бойында тандыр пеш, оның кан арнасы, суфа орналасқан. Пеш диаметрі 58 см, қабырғасының қалыңдығы 5 см, сақталған биіктігі 22 см. Суфаның ені 80 см. Кан арнасының ұзындығы 170 см, ені 22 см, тереңдігі 12 см.

Бөлменің есігі оңтүстік қабырғаның батыс жағында. Есік ені 56 см. Бөлменің солтүстік шетінен үлкен шұңқыр ашылды. Көлемі 85х140 см, тереңдігі 40 см. Қабырғасы түбіне қарай ішке кірген. Түбі тостаған тәріздес келген.

Қазбаның солтүстік-батыс бұрышынан да шұңқыр анықталды. Шұңқыр диаметрі 115 см, тереңдігі 22 см. Түбі бірқалыпты тегіс келген. Қабырғасы түбіне қарай ішке кірген.

Бөлме қабырғасының үстінен темір қанжар тәріздес бұйым табылды. Қазба жұмыстары барысында қызыл түсті сырланбаған қыш ыдыс сынықтары мен мал, балық сүйектері кездесіп отырды.



11-сурет. №3 қазбаның әуеден көрінісі



12-сурет. Шығыс бөлменің көрінісі №3 қазба



13-сурет. Батыс бөлменің көрінісі №3 қазба



14-сурет. Бөлмелердің орналасуы №3 қазба

Ащысай қаласының археологиялық қазба жұмыстары барысында алынған материалдар елді мекеннің тарихи топографиясын зерттеу үшін өте маңызды деп саналады. Табылған олжалар Ащысайдың Алтын Орда дәуіріндегі сауда және мәдени байланыстарының көрсеткіші ретінде көңіл аудартарлық. Қазбалардағы Алтын Орда кезеңінің анықталған қабаты бір құрылыс деңгейіне жатады. Археологиялық нысандардың мәдени қабаты аса бай емес.

Қала үйлерінде орнатылған тандыр пештер, ошақты пештер Сарайшық қаласының алтынордалық, ноғайлы кезеңдерінің материалдарымен бірдей, XIV-XV ғасырлармен кезеңделеді. Мал сүйектерімен қатар балық сүйектерінің көп кездесуі қала тұрғындарының мал шаруашылығымен қатар балық аулауды да кәсіп еткенін анық көрсетеді. Шығыр ыдыстары олардың бау-бақша өсірумен айналысқанына дәлел бола алады.

Ащысай қаласының қазба материалдары мәдени-хронологиялық сипаты бойынша Сарайшық қаласына ұқсас боп келген. Пештердің құрылысы, кан арналарының саны XIV-XV ғасырлармен мерзімделіп отыр. Ақшаның болуы, каури секілді импорттық тауарлардың кездесуі қаланың сауда-керуен жолымен тығыз байланысқанын көрсетеді. Сырлы қыш ыдыстардың болуы да бұған қосымша дәлел бола алады.

Ащысай және т.б. осы маңдағы қалаларды зерттеу соңғы екі жылда ғана қарқын алды. Дегенмен, бір кемшін тұсы – Сарайшық оазисіндегі

осындай қалалар тақырыбы әлі күнге ортағасырлық Қазақстан тарихын тарихнамалық, деректанушылық тұрғыдан зерттейтін ғалымдардың назарына ілінбей келеді.

Сондай-ақ, Ащысай қаласының Алтын Орда, Ноғай Ордасы, Қазақ хандығы кезеңдері тарихын зерттеп, кеңінен насихаттаудан кейін оны туристік кластер есебінде ұтымды пайдалану керек. Бұл Махамбет ауданы экономикасына айтарлықтай үлес қосары сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 «Қазақстанның батыс өңіріндегі алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлар: пәнаралық зерттеулер (XIII-XV ғғ.)» ғылыми жобаның 2021 жылға арналған жылдық есебі». /Ғылыми жетекшісі т.ғ.д., қауымдастырылған профессор У.Т. Ахметова. – Сарайшық: «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы, 2021. – 165 б.

2 История и культура Атырау в русских источниках (XVIII-XX вв.). Том.1 // Сост. М.К. Кипиев // Науч.ред. Ж. Шалгынбай. – Атырау: ИП «Сисенгалиев ЖМ», 2014 – 400 с.

3 Ахметова У., Мұқтар Ә., Қасенов М., Тұраруұлы А., Жұмабаев А. Батыс Қазақстандағы Алтынорда қалалары, керуен сарайлары және керуен жолдары (XIII-XYI ғғ.). Монография. – Алматы: «Болат медия» мекемесі, 2023. - 158 бет.

4 Пушкарев А.А. «Отчет о научно-исследовательской работе по теме: «Магнитная разведка на археологических памятниках в окрестностях средневекового города Сарайшык»». – Сарайшық: «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы, 2023. – 32 с.

5 «Алтынордалық Сарайшық, Ұшқан, Ащысай, Қарағайлы ескерткіштері тарихи-мәдени мұра контекстісінде (XIII-XV ғғ.)» ғылыми бағдарламаның 2024 жылға арналған жылдық есебі». /Бағдарлама жетекшісі т.ғ.д. У.Т. Ахметова. – Сарайшық: «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы, 2024. – 288 б.

4 АЛТЫНОРДАЛЫҚ ҚАРАҒАЙЛЫ, ҰШҚАН, АЩЫСАЙ ҚАЛАЛАРЫ ОРНЫНДАҒЫ ОСТЕОЛОГИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛДАРЫН АРХЕОЗООЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ

4.1 Ортағасырлық Сарайшық, Ащысай және Қарағайлы ескерткіштерінің 2024 жылғы остеологиялық материалдарын археозоологиялық зерттеу нәтижелері

Атырау облысындағы ортағасырлық Сарайшық, Ащысай, Қарағайлы, Ұшқан қалалары Қазақстан аумағындағы маңызды тарихи және мәдени ескерткіштер болып табылады. 2024 жылы археологиялық қазбалар барысында табылған материалдар, оның ішінде остеологиялық коллекциялар, ортағасырлық қоғамның шаруашылық жүйесін, жануарларды пайдалану ерекшеліктерін, экономикалық қатынастарды анықтауға мүмкіндік береді.

Алтын Орда дәуірінің материалдық ескерткіштері Қарағайлы, Ұшқан және Ащысай орнынан табылған остеологиялық материалдармен археозоологиялық зерттеулерді Ә. Марғұлан атындағы Археология институтының зооархеология зертханасының ғылыми қызметкерлерімен біріге зерттеулер жүргізген болатынбыз. Атасақ, 2024 жылғы аталған орындарда жүргізілген археологиялық қазба нәтижесінде табылған материалдық жәдігерлермен ғылыми қызметкерлер жұмыстанды.

Зерттеу барысында Сарайшық, Ащысай, Қарағайлы, Ұшқан қалалары орындарындағы қазба орындарынан табылған сүйек материалдарына археозоологиялық талдау жүргізілді. Морфологиялық сараптама нәтижесінде үй және жабайы жануарлардың сүйектері анықталып, олардың таксономиялық құрамы, жас ерекшеліктері, анатомиялық элементтері және шаруашылықтағы маңызы сараланды. Сондай-ақ, сүйектердегі өңдеу іздері, жануарлардың сою ерекшеліктері мен олардың тіршілік ету ұзақтығы туралы мәліметтер алынды. Қазба материалдары мал шаруашылығының құрылымын, ортағасырлық халықтың тамақтану жүйесін және аңшылықтың рөлін анықтауға мүмкіндік береді.

Археолозоологиялық зерттеудің мақсаты – Сарайшық, Ащысай және Қарағайлы қалаларында анықталған жануар сүйектеріне морфологиялық және таксономиялық талдау жүргізу арқылы ортағасырлық қоғамның мал шаруашылығындағы ерекшеліктер,

жануарлардың құрамындағы иерархиялық айырмашылықтар мен аңшылық дәстүрлерін анықтау болды.

2024 жылы зертханалық талдауға Сарайшық (XIV – XV ғғ.), Қарағайлы (XIII – XIV ғғ.) және Ащысай (XIII – XIV ғғ.) қалаларынан жиыны – 254 дана жануар сүйегі зерттелінді. Оның ішінде Сарайшық қаласындағы №2 қазбадан (географиялық оординаттары: 47°30'3.60"С; 51°43'53.35"Ш) 2024 жылы (А. Жумабаев және Ж. Байгалиевтің қазбасы) – 92 жануар сүйегі мен 2 адамның қаңқа элементтері; №6 қазбадан (географиялық оординаттары: 47°30'4.02"С; 51°43'49.97"Ш) 2024 жылы (А.Тұраруұлының қазбасы) – 49 жануар сүйегі мен 3 адаманың қаңқа элементтері; жалпы қазбаның 3-4 құрылыс қабатынан – 22 дана жануар сүйегі және көрхана дәлізінен – 27 жануар сүйегіне сараптама жүргізілді. Ащысай қаласындағы (географиялық оординаттары: 47º28,789′ С; 51º32,289′ Ш) 2024 жылғы қазбадан (А.Заиновтың қазбасы) – 40 дана жануар сүйегі және Қарағайлы қаласындағы (географиялық оординаттары: 47°24,544' С; 51°29,1279′ Ш) 2024 жылғы қазбадан (А.Тұраруұлының қазбасы) – 78 дана үй жануарларының сүйектеріне археозоологиялық талдау жүргізілді (кесте 1-4).

Жануар түрлері	Сүйек саны	Сүйек саны %	Жануар саны
Ірі қара – *Bos taurus*	100	39,4	13
Уақ мал – *Ovis et Capra*	45	17,7	10
Қой – *Ovis aries*	61	24,0	18
Ешкі – *Capra hircus*	12	4,7	9
Жылқы – *Equus caballus*	25	9,8	6
Түйе – *Camelus bactrianus*	3	1,2	1
Есек – *Equus asinus*	1	0,4	1
Ит – *Canis familiaris*	5	2,0	2
Ақбөкен – *Saiga tatarica*	2	0,8	2
Жиыны	254	100	62

1 – кесте. Жануар сүйектерінің таксономиялық құрамы (3 ескерткіштің материалдары бойынша)

Түр	Ащысай	Карагайлы	Сарайшық	Жиыны

Ірі қара	17	44	39	100
Уақ мал	9	11	25	45
Қой	7	17	37	61
Ешкі	5	4	3	12
Жылқы	2	2	21	25
Түйе	0	0	3	3
Ит	0	0	5	5
Есек	0	0	1	1
Ақбөкен	0	0	2	2
Жиыны	40	78	136	254
Адам қаңқасы	0	0	5	5

2 – кесте. Жануар сүйектерінің ескерткіштер бойынша құрамы

Түр	Ащысай	Карағайлы	Сарайшық		Барлығы
	Қазба		Қазба-2	Қазба-6	
Ірі қара	17	44	25	14	100
Уақ мал	9	11	19	6	45
Қой	7	17	24	13	61
Ешкі	5	4	2	1	12
Жылқы	2	2	11	10	25
Түйе	0	0	3	0	3
Есек	0	0	1	0	1
Ит	0	0	4	1	5
Ақбөкен	0	0	1	1	2
Жиыны	40	78	92	49	259
Адам	0	0	2	3	5

3 – кесте. Жануар сүйектерінің археологиялық контекстері бойынша құрамы

Түр	Сарайшық		
	3-4 құрылыс қабаты	көрхана дәлізі	Белгісіз
Уақ мал	1	5	19

Қой	8	5	24
Ешкі	0	1	2
Ірі қара	7	7	25
Жылқы	3	7	11
Түйе	0	0	3
Есек	0	0	1
Ит	1	0	4
Ақбөкен	0	1	1
Адам	2	1	2
Жиыны	22	27	92

4 – кесте. Ортағасырлық Сарайшық қаласынан табылған жануар сүйектерінің археологиялық контекстері бойынша құрамы

Зерттеу барысында әрбір жануар түрінің қаңқа элементтері мен бөліктерінің құрамы (кесте 5-7, 11-14), сүйектердің бөлшектену үдерісі, эпифиздердің жетулі жағдайы мен тіс жүйесі (кесте 8, 15-18) сүйектердегі модификациялық және патологиялық өзгерістер (кесте 9), сүйектердің электронды дерекқорда цифрлық кодталу барысы (кесте 10) сипатталып, фотоқұжаттары жасалды (сурет 1-16).

Түр	Сүйектердің жәшіктер бойынша құрамы				Жиыны
	1	2	3	4	
Ірі қара	14	25	44	17	100
Қой	13	24	17	7	61
Уақ мал	6	19	11	9	45
Ешкі	1	2	4	5	12
Жылқы	10	11	2	2	25
Түйе	0	3	0	0	3
Есек	0	1	0	0	1
Ит	1	4	0	0	5
Ақбөкен	1	1	0	0	2
Адам	3	2	0	0	5
Жиыны	49	92	78	40	259

5 – кесте. Остеологиялық коллекцияның жәшіктер бойынша таксономиялық құрамы

	Үй жануарлары/тұяқтылары	Жиыны

Қаңқа элементі	Ірі қара	Қой	Уақ мал	Ешкі	Жыл -қы	Түйе	
алдыңғы сирақ	6	10	2	4	1	0	23
артқы сирақ	1	9	3	0	4	0	17
асық	11	5	0	0	0	0	16
асықты жілік	0	0	3	0	3	0	6
атлант	2	0	1	0	0	0	3
бас сүйек	0	0	0	0	1	0	1
жамбас	3	0	0	0	0	0	3
жауырын	1	2	1	1	0	0	5
жоғарғы жақ	4	1	11	0	2	0	18
кәрі жілік	1	0	3	0	0	0	4
қабырға	7	0	1	0	1	0	9
құйымшақ	0	0	0	0	1	0	1
мүйіз	0	1	0	0	0	0	1
омыртқа	41	0	8	0	0	2	51
орталық сүйек	1	0	0	0	0	0	1
өкше	4	0	0	0	0	0	4
сан жілік	0	1	0	0	0	0	1
тарзальды	0	0	0	0	2	0	2
тіс	6	0	5	0	5	0	16
тоқпан жілік	2	8	1	1	0	0	12
топай	1	0	0	0	1	0	2
төменгі жақ	6	23	5	6	0	0	40
тұсамыс	2	1	0	0	3	1	7
тұяқ	0	0	0	0	1	0	1
шынтақ	0	0	1	0	0	0	1
эпистрофей	1	0	0	0	0	0	1
Барлығы	100	61	45	12	25	3	246

6 – кесте. Үй жануарларының қаңқа элементтерінің құрамы

Қаңқа элементі	Ақбөкен	Есек	Ит	Жиыны
алдыңғы сирақ	0	1	0	1
Асық	1	0	0	2
Қабырға	0	0	3	3
Омыртқа	0	0	0	1
Өкше	0	0	0	1
сан жілік	0	0	1	1
Тарзальды	0	0	0	1
тоқпан жілік	1	0	1	2
төменгі жақ	0	0	0	1
Барлығы	2	1	5	13

7 – кесте. Үй және жабайы жануарлардың қаңқа элементтерінің құрамы

Жағдайы	Ешкі	Жылқы	Ірі қара	Қой	Түйе	Уақ мал	Жиыны
Өсінді бар	0	0	2	1	0	0	3
Өсінді мен буын фасеткасы бар	0	1	3	0	0	1	5
Эпфизі бар	0	1	1	6	0	3	11
Кауда-краниальды диск бар	0	1	6	0	1	3	11
Проксимальды эпифизі бар	0	0	0	1	0	0	1
Проксима-дистальды эпифиз бар	1	8	7	17	1	5	39
Жақ сүйекте рм4 тісі бар	0	0	1	0	0	0	1
Өсінді жоқ	1	0	1	0	0	2	4
Проксимальды эпифиз жетілген	1	0	0	1	0	0	2

Дистальды эпифиз жоқ	2	0	3	1	0	2	8
Кауда-краниальды диск бар	0	0	32	0	0	4	36
Каудальды диск жоқ	0	0	0	0	1	0	1
Маклок өспеген	0	0	1	0	0	0	1
Проксимальды эпифиз жоқ	1	0	0	2	0	0	3
Прокси-дистальды эпифиз бар	0	0	0	0	0	1	1
Проксимальды эпифиз бар	0	0	0	1	0	0	1
Прокс. эпифиз бар, дистальды жоқ	0	0	1	0	0	0	1
Тіс тамыры ашық	0	1	0	0	0	0	1
Сүйек жіктері байқалады	0	0	1	0	0	0	1
Жиыны	6	12	59	30	3	21	131

8 – кесте. Үй жануарларының сүйектеріндегі эпифиздердің жағдайы

Модификация мен патология түрлері	Жиыны
3 типті депрессия	1
Айдаршық үсті бұдыры үлкен, диафизі массивті	1
Біреуінің дистальды блогында депрессия 2 типа	5
1 типті депресия	1
Белгіз типті депрессия	1
Диафизде кесу іздері бар	1
Дистальды буында белгісіз типті депрессия	1
Жануар тірі кезінде сынып, қайта біткен	1
Кесілген	6
Күн/жел әсерінен сүйекқабы бұзылған, шабу ізі бар	1
ЛСД 2 стадия	2
ЛСД 3-стадия	1

ЛСД 3-стадия; дорсалды қыры егелген, кесу	1
м2-м3 тістері қажалған	1
м3 патология, гипоконулид жоқ	1
Метоконидтің лингвальды шеті қажалған, патология	1
Мүжілген	7
Мүжу ізі бар	1
Мүжілген, диафизде шабу ізі бар	1
Дұрыс емес тістеу	2
Окклюзионды бетті қатты егелген, неправильный прикус	1
Плантарлы бетінде өрнектер бар	1
Поражение поверхности головки	1
Поражение проксимального сустава	1
Проксимальды буында белгісіз типті депрессия	1
Рм1-м2 тіс жегілер бар	1
Рм1-рм3 тісжегі	1
Сүйек қап бұзылған	1
Тігінен шабылған	2
тігінен шабылған, кесу ізі бар	1
Төменгі жаққа тиесілі	1
Ұршық ойысында эбурнеация бар, ойыс деформацияланған	1
Шабылған	18
Проксимальды буыны зақымдалған	1
Эпифизі мүжілген, проксимальды буыны тесілген, біреуінің диафизі шабылған	2
жиыны	73

9 – кесте. Жануар сүйектеріндегі модификациялық өзгерістер мен патологиялық ақаулар

Ескерткіш/сүйек	Ешкі	Жылқы	Ірі қара	Қой	Түйе	Уақ мал	Жиыны
130/1	0	1	0	0	0	0	1
130/11	0	0	1	0	0	0	1

130/12	0	0	1	0	0	0	1
130/13	0	0	1	0	0	0	1
130/14	0	0	1	0	0	0	1
130/15	0	0	1	0	0	0	1
130/16	0	0	0	0	0	1	1
130/17	0	0	0	0	0	1	1
130/18	0	0	0	1	0	0	1
130/2	0	1	0	0	0	0	1
130/20	1	0	0	0	0	0	1
130/21	0	0	0	1	0	0	1
130/22	0	0	0	1	0	0	1
130/25	0	0	1	0	0	0	1
130/26	0	0	1	0	0	0	1
130/27	0	0	1	0	0	0	1
130/28	0	1	0	0	0	0	1
130/3	0	0	0	1	0	0	1
130/31	0	0	0	1	0	0	1
130/32	0	0	0	1	0	0	1
130/33	0	0	0	1	0	0	1
130/34	0	0	0	1	0	0	1
130/35	0	0	0	1	0	0	1
130/36	0	0	0	1	0	0	1
130/37	0	0	0	1	0	0	1
130/38	0	0	0	1	0	0	1
130/39	0	0	0	1	0	0	1
130/4	0	0	0	1	0	0	1
130/40	1	0	0	0	0	0	1
130/41	0	0	0	1	0	0	1
130/44	0	0	1	0	0	0	1
130/45	0	0	1	0	0	0	1
130/46	0	0	1	0	0	0	1
130/47	0	1	0	0	0	0	1
130/48	0	1	0	0	0	0	1
130/49	0	1	0	0	0	0	1
130/5	0	0	0	1	0	0	1
130/50	0	1	0	0	0	0	1
130/51	0	0	1	0	0	0	1
130/52	0	0	1	0	0	0	1

130/53	0	1	0	0	0	0	1
130/54	0	0	0	0	1	0	1
130/55	0	1	0	0	0	0	1
130/56	0	1	0	0	0	0	1
130/57	0	1	0	0	0	0	1
130/58	0	1	0	0	0	0	1
130/59	0	0	1	0	0	0	1
130/6	0	0	0	1	0	0	1
130/60	0	0	1	0	0	0	1
130/61	0	0	0	1	0	0	1
130/62	0	0	0	1	0	0	1
130/64	0	0	1	0	0	0	1
130/65	0	0	1	0	0	0	1
130/66	0	0	1	0	0	0	1
130/67	0	0	1	0	0	0	1
130/68	0	0	0	1	0	0	1
130/69	0	0	0	1	0	0	1
130/7	0	0	0	1	0	0	1
130/70	0	0	0	1	0	0	1
130/71	0	0	0	1	0	0	1
130/72	1	0	0	0	0	0	1
130/73	0	0	1	0	0	0	1
131/1	1	0	0	0	0	0	1
131/10	0	0	0	0	0	2	2
131/11	0	0	0	1	0	0	1
131/12	0	0	0	1	0	0	1
131/13	0	0	1	0	0	0	1
131/14-131/18		0	5	0	0	0	5
131/19	0	0	1	0	0	0	1
131/2	1	0	0	0	0	0	1
131/20	0	0	1	0	0	0	1
131/21	0	0	1	0	0	0	1
131/22	0	0	1	0	0	0	1
131/23	0	0	1	0	0	0	1

131/24	0	1	0	0	0	0	1
131/25	0	0	0	0	0	1	1
131/3	1	0	0	0	0	0	1
131/4	1	0	0	0	0	0	1
131/5	0	0	0	1	0	0	1
131/6	0	0	0	1	0	0	1
131/7	0	0	0	1	0	0	1
131/8 131/9	0	0	0	2	0	0	2
132/1	0	2	0	0	0	0	2
132/10	0	0	0	1	0	0	1
132/11	0	0	0	1	0	0	1
132/12	1	0	0	0	0	0	1
132/13-14-15	0	0	0	3	0	0	3
132/16-17	0	0	0	2	0	0	2
132/18	0	0	0	0	0	1	1
132/19	0	0	0	1	0	0	1
132/2	0	0	0	1	0	0	1
132/20	0	0	1	0	0	0	1
132/21-23	0	0	3	0	0	0	3
132/24	0	0	1	0	0	0	1
132/25	0	0	1	0	0	0	1
132/26	0	0	1	0	0	0	1
132/27	0	1	0	0	0	0	1
132/28	0	1	0	0	0	0	1
132/3	1	0	0	0	0	0	1
132/4	0	0	0	1	0	0	1
132/5	0	0	0	1	0	0	1
132/6	0	0	0	1	0	0	1
132/7	0	0	0	0	0	1	1
132/8	0	0	0	1	0	0	1
132/9	0	0	0	2	0	0	2

10 – кесте. Жануар сүйектерінің зооархеология зертханасының электронды дерекқорындағы код/нөмірі

Қаңқа элементі	Ірі қара		Қой		Уақ мал		Ешкі		Жылқы		Түйе	
	абс.	%	абс.	%	абс.	%	абс.	%	абс.	%	абс.	%
алдыңғы сирақ	6	6,0	10	16,4	2	4,4	4	33,3	1	4,0	0	0,0
артқы сирақ	1	1,0	9	14,8	3	6,7	0	0,0	4	16,0	0	0,0
асық	11	11,0	5	8,2	0	0,0	0	0,0	0	0,0	0	0,0
асықты жілік	0	0,0	0	0,0	3	6,7	0	0,0	3	12,0	0	0,0
атлант	2	2,0	0	0,0	1	2,2	0	0,0	0	0,0	0	0,0
бас сүйек	0	0,0	0	0,0	0	0,0	0	0,0	1	4,0	0	0,0
жамбас	3	3,0	0	0,0	0	0,0	0	0,0	0	0,0	0	0,0
жауырын	1	1,0	2	3,3	1	2,2	1	8,3	0	0,0	0	0,0
жоғарғы жақ	4	4,0	1	1,6	11	24,4	0	0,0	2	8,0	0	0,0
кәрі жілік	1	1,0	0	0,0	3	6,7	0	0,0	0	0,0	0	0,0
қабырға	7	7,0	0	0,0	1	2,2	0	0,0	1	4,0	0	0,0
құйымшақ	0	0,0	0	0,0	0	0,0	0	0,0	1	4,0	0	0,0
мүйіз	0	0,0	1	1,6	0	0,0	0	0,0	0	0,0	0	0,0
омыртқа	41	41,0	0	0,0	8	17,8	0	0,0	0	0,0	2	66,7
орталық сүйек	1	1,0	0	0,0	0	0,0	0	0,0	0	0,0	0	0,0
өкше	4	4,0	0	0,0	0	0,0	0	0,0	0	0,0	0	0,0
сан жілік	0	0,0	1	1,6	0	0,0	0	0,0	0	0,0	0	0,0
тарзальды	0	0,0	0	0,0	0	0,0	0	0,0	2	8,0	0	0,0
тіс	6	6,0	0	0,0	5	11,1	0	0,0	5	20,0	0	0,0
тоқпан жілік	2	2,0	8	13,1	1	2,2	1	8,3	0	0,0	0	0,0

топай	1	1,0	0	0,0	0	0,0	0	0,0	1	4,0	0	0,0
төменгі жақ	6	6,0	23	37,7	5	11,1	6	50,0	0	0,0	0	0,0
тұсамыс	2	2,0	1	1,6	0	0,0	0	0,0	3	12,0	1	33,3
тұяқ	0	0,0	0	0,0	0	0,0	0	0,0	1	4,0	0	0,0
шынтақ	0	0,0	0	0,0	1	2,2	0	0,0	0	0,0	0	0,0
эпистрофей	1	1,0	0	0,0	0	0,0	0	0,0	0	0,0	0	0,0
Жиыны	100	0	61	0	45	0	12	0	25	0	3	0

11 – кесте. Жануар сүйектерінің қаңқа элементтерінің құрамы және пайыздық мөлшері

Қаңқа элементі	131/1	131/10	131/11	131/12	131/13	131/14-131/18	131/19	131/2	131/20	131/21	131/22	131/23	131/24	131/25	131/3	131/4	131/5	131/6	131/7	131/8-131/9
алдыңғы сирақ	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	2
артқы сирақ	0	2	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	1	0	0	0	1	1	1	0
асық	0	0	1	0	0	5	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
асықты жілік	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
бас сүйек	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
жамбас	0	0	0	0	0	0	0	0	0	1	0	1	0	0	0	0	0	0	0	0
жоғарғы жақ	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	1	0	0	1	0	0	0	0	0	0
кәрі жілік	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
қабырға	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0

омыртқа	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
тіс	0	0	0	0	1	0	0	0	1	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
тоқпан жілік	0	0	0	1	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
төменгі жақ	1	0	0	0	0	0	1	1	0	0	0	0	0	0	1	1	0	0	0	0	0
Жиыны	1	2	1	1	1	5	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	2

12 – кесте. Жануарлардың қаңқа элементтерінің электронды дерекқордағы сәйкес нөмірлері бойынша құрамы

Қаңқа элементі	Ovis aries		Bos taurus		Equus caballus		Camelus bactrianus	
	абс.	%	абс.	%	абс.	%	абс.	%
Мүйіз – *Cornu*	1	0,8	0	0,0	0	0,0	0	0,0
Бас сүйек – *Cranium*	0	0,0	0	0,0	1	4,0	0	0,0
Жоғарғы жақ – *Maxilla*	12	10,2	4	4,0	2	8,0	0	0,0
Төменгі жақ – *Mandibula*	34	28,8	6	6,0	0	0,0	0	0,0
Тіс – *Dentes*	5	4,2	6	6,0	5	20,0	0	0,0
Атлант – *Atlas*	1	0,8	2	2,0	0	0,0	0	0,0
Эпистрофей – *Axis*	0	0,0	1	1,0	0	0,0	0	0,0
Омыртқа – *Vertebrae*	8	6,8	41	41,0	0	0,0	2	66,7
Қабырға – *Costae*	1	0,8	7	7,0	1	4,0	0	0,0
Құйымшақ – *Sacrum*	0	0,0	0	0,0	1	4,0	0	0,0

Жауырын – *Scapula*	4	3,4	1	1,0	0	0,0	0	0,0
Тоқпан жілік – *Humerus*	10	8,5	2	2,0	0	0,0	0	0,0
Кәрі жілік – *Radius*	3	2,5	1	1,0	0	0,0	0	0,0
Шынтақ – *Ulna*	1	0,8	0	0,0	0	0,0	0	0,0
Жамбас – *Os coxae*	0	0,0	3	3,0	0	0,0	0	0,0
Сан жілік – *Femur*	1	0,8	0	0,0	0	0,0	0	0,0
Асықты жілік – *Tibia*	3	2,5	0	0,0	3	12,0	0	0,0
Өкше – *Calcaneus*	0	0,0	4	4,0	0	0,0	0	0,0
Асық – *Talus*	5	4,2	11	11,0	0	0,0	0	0,0
Орталық сүйек – *Os centrale*	0	0,0	1	1,0	0	0,0	0	0,0
Тарзальды – *Ossa tarsi*	0	0,0	0	0,0	2	8,0	0	0,0
Алдыңғы сирақ – *Metacarpalia (III-IV)*	16	13,6	6	6,0	1	4,0	0	0,0
Артқы сирақ – *Metatarsalia (III-IV)*	12	10,2	1	1,0	4	16,0	0	0,0
Тұсамыс – *Phalanx I*	1	0,8	2	2,0	3	12,0	1	33,3
Топай – *Phalanx II*	0	0,0	1	1,0	1	4,0	0	0,0
Тұяқ – *Phalanx III*	0	0,0	0	0,0	1	4,0	0	0,0
Жиыны	118	100,0	100	100,0	25	100,0	3	100,0

13 – кесте. Үй жануарларының қаңқа элементтерінің құрамы (есек және ит сүйектері тағам қалдығы болмағандықтан, есепке алынбайды)

Қаңқа бөлігі	Ovis et Capra		Bos taurus		Equus caballus	
	Абс.	%	Абс.	%	Абс.	%
Бас сүйек	47	39,8	10	10,0	3	12,0
Тіс	5	4,2	6	6,0	5	20,0
Кеуде сүйектері	10	8,5	51	51,0	2	8,0
Аяқтың проксималды бөлігі	22	18,6	7	7,0	3	12,0
Аяқтың дисталды бөлігі	34	28,8	26	26,0	12	48,0
Жиыны	118	100,0	100	100,0	25	100,0

14 – кесте. Үй жануарларының қаңқа элементтерінің құрамы

Төменгі жақтағы тіс жүйесінің жағдайы	Жасы, ай	Абс.	%
	Уақ мал		
pm3 тұрақты	30 айдан жоғары	7	18,9
m3 бар	24 айдан жоғары	8	21,6
m2 бар, m3 жоқ	12–24 ай	16	43,2
m1 бар, m2 жоқ	3–12 ай	6	16,2
Жануар саны		37	100
	Ірі қара		
pm3 тұрақты	34 айдан жоғары	8	61,5
m3 бар	28 айдан жоғары	4	30,7
m1 жоқ	6 айға дейін	1	7,6
Жануар саны		13	100
Жылқы			
14-15 жас		1	16,6
10 жастан асқан		3	50,0
3-4 жас		2	34,4
Жануар саны		6	100

15 – кесте. Үй жануарларының жас ерекшеліктері (Сарайшық, Ащысай және Қарағайлы)

Төменгі жақтағы тіс жүйесінің жағдайы	Жасы, ай	Абс.	%
	Уақ мал		
pm3 тұрақты	30 айдан жоғары	2	11,1
m3 бар	24 айдан жоғары	2	11,1

m2 бар, m3 жоқ	12–24 ай	12	66,7
m1 бар, m2 жоқ	3–12 ай	2	11,1
Жануар саны		18	100
	Ірі қара		
pm3 тұрақты	34 айдан жоғары	5	62,5
m3 бар	28 айдан жоғары	2	25,0
m1 жоқ	6 айға дейін	1	12,5
Жануар саны		8	100
Жылқы			
14-15 жас		1	20
10 жастан асқан		2	40
3-4 жас		2	40
Жиыны		5	100

16 – кесте. Ортағасырлық Сарайшық қаласындағы үй жануарларының жас ерекшеліктері

Төменгі жақтағы тіс жүйесінің жағдайы	Жасы, ай	Абс.	%
	Уақ мал		
m3 бар	24 айдан жоғары	3	37,5
m2 бар, m3 жоқ	12–24 ай	2	25,0
m1 бар, m2 жоқ	3–12 ай	3	37,5
Жануар саны		8	100
	Ірі қара		
pm3 тұрақты	34 айдан жоғары	2	50,0
m3 бар	28 айдан жоғары	2	50,0
Жануар саны		4	100

17 – кесте. Ортағасырлық Ащысай қаласындағы үй жануарларының жас ерекшеліктері

Төменгі жақтағы тіс жүйесінің жағдайы	Жасы, ай	Абс.	%
	Уақ мал		
pm3 тұрақты	30 айдан жоғары	5	45,5
m3 бар	24 айдан жоғары	3	27,3
m2 бар, m3 жоқ	12–24 ай	2	18,2
m1 бар, m2 жоқ	3–12 ай	1	9,0

Жануар саны		11	100
	Ірі қара		
рm3 тұрақты	34 айдан жоғары	1	100
Жылқы			
10 жастан асқан		1	100

18 – кесте. Ортағасырлық Қарағайлы қаласындағы үй жануарларының жас ерекшеліктері

Сарайшық, Ащысай және Қарағайлы қалаларының остеологиялық материалдары (фрагмент түрінде сақталған сүйектер) Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының зооархеология зертханасындағы эталондық коллекциялармен морфологиялық ерекшеліктері бойынша салыстырылып, таксономиялық рангі (класс, отряд, тұқымдас, туыс, түр) анықталды. Зооархеология зертханасындағы салыстырмалы материалдар кешені Қазақстанның әр аймағынан және әртүрлі тарихи кезеңдерге тиесілі ескерткіштерден жинастырылған. Зерттеу барысында 3 ескерткіштен табылған жануар сүйектерінің сандық мөлшері өзара салыстырылып, ұқсастықтары мен айырмашылықтары анықталды. Сүйек коллекциясына морфологиялық талдау жасауда үй жануарларының қаңқа бөліктерінің өзара қатынасы талданып, «бас сүйек», «жеке тістер», «кеуде», «аяқтың жоғарғы бөлігі» және «аяқтың төменгі бөлігі» деп жүйеленді. «Бас сүйек» бөлігіне бас сүйектің фрагменттері, төменгі жақ сүйек, тіл асты сүйегі (os hyoideum) жатады. «Жеке тістерге» барлық изоляцияланып, жеке сақталған бүтін және фрагмент тістер енеді. «Кеуде» бөлігіне омыртқалар, төс, құйымшақ және қабырғалар жатқызылады. «Аяқтың жоғарғы бөлігіне» жануардың «етті» бөлігі болып есептелетін жауырын, жамбас, тоқпан жілік, кәрі жілік, шынтақ сүйегі, сан және асықты жілік кіреді. «Аяқтың төменгі бөлігіне» жануардың «етсіз» бөлігі саналатын аралық сүйектер немесе карпальды және тарзальды сүйектер, сесамоидты сүйектер, сирақ және фалангалар (тұсамыс, топай, тұяқ) енеді.

Үй жануарларының (ірі қара, жылқы және түйе) жас ерекшеліктерін (жақ сүйектердегі тістердің өсу/жетілу үдерісі, түтікшелі сүйектердің эпифиздері және т.б.) анықтауда И. Сильвердің әдістемелік еңбегі [1, С. 283-302] пайдаланылды. Жұп тұяқты үй жануарларының өлшемдері бойынша экстерьерлік ерекшеліктерін реконструкциялауда алдыңғы және артқы сирақтардың коэфициенттері

негізге алынды [2; 3, С.127; 4, С.137–138]. Сүйектердің морфометриялық өлшемдері қалыптасқан әдістерге сәйкес жүргізілді. Ірі қара, уақ мал және жылқы сүйектері А. Дриш әдісі бойынша [5, С. 56–101] өлшенді.

Ортағасырлық Сарайшық – 2024. Қазба 2.

Аталған нысаннан 94 дана сүйек материал археозоологиялық зерттелінді. Таксономиялық талдауда остеологиялық коллекцияның барлығы түрге дейін ажыратылып, 8 жануар және адам қаңқасының элементтері екені анықталды. Сүйектердің басым бөлігі (98,9%) үй жануарларына тиесілі. Сүйек саны бойынша уақ мал (қой-ешкі) негізгі бөлікті құраса, екінші орында ірі, үшінші жылқының қаңқа элементтері. Жабайы фаунадан тек ақбөкен сүйегі ғана анықталы. 2 сүйек адамның қаңқа элементтеріне жатады.

Уақ мал (қой – ешкі) – *Ovis et Capra.* Қойға 24, ешкіге 2 сүйек және жалпы уақ малға 19 сүйек тиесілі. Әрі қарай екі жануарды ортақ қарастырып, жалпы «уақ мал» деп көрсетілді. Барлығы 45 сүйектің көпшілігі түтікшелі ұзын элементтер болып табылады. Сүйектердің сақталу деңгейі әртүрлі. Басым бөлігінің табиғи сақталуы жақсы, желлауа немесе жауын-шашын әсерінен бұзылу әрекеті сирек кездеседі ([6] бойынша 0 сатысы). Асықты жілік, атлант, жоғарғы жақ, омыртқа, кәрі жілік, төменгі жақ және шынтақ сүйектері қатты бөлшектенгендіктен, нақты таксонды анықтау мүмкін емес.

Қой – *Ovis aries* Linnaeus, 1758. Қойға тиесілі 24 сүйектің 8-і бүтін сақталған. Оның ішінде метаподиялар, асықтар, жауырын және тоқпа жілік бөлшектенбеген күйі кездесіп отыр. Көп мөлшерде табылған төменгі жақ сүйектердің барлығының айдаршық немесе тәждік өсінділері сындырылған. Жануарлардың жас ерекшеліктері де әртүрлі, 1 жастан 4-5 жасқа дейінгі жануар сүйектері кездеседі.

Ешкі – *Capra hircus* Linnaeus, 1758. Ешкіге бүтін жауырын және төменгі альвеолярлы қатары мен вентральды қыры сақталған жақ сүйек тиесілі. Беренсмейер сатысы бойынша 0-ге тең.

Ірі қара – *Bos taurus* L., 1758. Аталған жануарға 25 дана қаңқа элементтері тиесілі. Асық, атлант, қабырға және тұсамыс сүйектері шартты түрде бүтін сақталған. Төменгі жақ сүйектерде м3 және рм4 жарып шыққан. Бұл жануарлардың 5-6 жаста сойылғанын көрсетеді.



Сурет 1 – Ортағасырлық Сарайшық – 2024. Үй жануарларының қаңқа элементтері: 1-2 – ірі қара (metatarsalia III-IV); 3 – ірі қара (os centrale); 4, 8, 11-12 – ірі қара (mandibula); 5-7 – ірі (talus); 9 – ірі қара (phalanx 1); 14 – түйе (calcaneus); 15 – ірі қара (calcaneus).



Сурет 2 – Ортағасырлық Сарайшық – 2024. Ірі қараның төменгі жақ сүйегіндегі үшінші молярдағы патология (гипоконулид жетілмеген)

Жылқы – *Equus caballus* Linnaeus, 1758. 2-ші қазбадан жылқыға тиесілі 11 сүйек анықталды. Қаңқа элементтерінің құрамын ұзын сүйектер мен аяқтың дистальды бөлігінің сүйектері құрайды. Алдыңғы сирақ, артқы сирақ, топай, тұамыс және тұяқтар бүтін сақталған. Барлық сүйектер кемінде ересек үш жануардан тарайды. Оның ішінде екі жануар 10 жастан асқанда, бір жануар 14-5 жасында сойылған.

Түйе – *Camelus bactrianus* Linnaeus, 1758. Түйеге екі дана омыртқа (біреуі бүтін) және бүтін тұсамыс сүйек тиесілі. Сүйектердің эпифиздері жетілген, ересек жануардан тарайды.



Сурет 3 – Ортағасырлық Сарайшық – 2024. Түйенің тұсамыс сүйегі. Проксимальды буын аймағынағы кесуден қалған іздерге назар аударыңыз.



Сурет 12 – Ортағасырлық Сарайшық – 2024. Түйенің тірі кезінде сынып, кейіннен қайта біткен қабырғасы

Есек – *Equus asinus* Linnaeus, 1758. Есекке бүтін алдыңғы сирақ тиесілі. Эпифиздері жетілген ұзын сүйек ересек жануардан тарайды.



Сурет 4 – Ортағасырлық Сарайшық – 2024. Есектің алдыңғы сол аяғының сирағы (metacarpalia III)

Ит – *Canis familiaris* Linnaeus, 1758. Бұл жануарға буын фасеткалары сақталмаған қабырға бөлшектері (3 дана) және тоқпан жілік тиесілі. Тоқпан жіліктің проксималды және дисталды эпифиздері жоқ болуына қарап, 7-8 ай кезінде өлгені анықталды.



Сурет 5 – Ортағасырлық Сарайшық – 2024. Иттің тоқпан жілігі (эпифиздері жетілмеген, 7-8 айлық жануар)

Ақбөкен – Saiga tatarica Linnaeus, 1766. Бір дана бүтін асық ақбөкенге тиесілі. Сүйектің дорсалды бетіндегі жоталарында пышақпен кесу іздері сақталған.

Ортағасырлық Сарайшық – 2024. Қазба 6.

№6 қазбадан барлығы 49 сүйек табылып, оларға таксономиялық талдау жүргізілді. Зертханалық сараптама барысында 3 сүйектің адамға тиесілі екендігі анықталды. 46 дана адам сүйектері 6 жануарға тиесілі. Оның ішінде: Ovis aries, Capra hircus, Equus caballus, Bos taurus, canis familiaris, Saiga tatarica және Ovis et Capra сүйектері анықталып отыр.

Уақ мал (қой – ешкі) – *Ovis et Capra*. Фрагмент түрінде сақталған алдыңғы сирақ, асықты жілік, жоғарғы жақ, қабырға және омыртқалар қой немесе ешкі деп ажыратылмай, жалпы топталып, уақ мал деп берілді.



Сурет 7 – Ортағасырлық Сарайшық – 2024. Уақ малдың қаңқа элементтері (төменгі жақтар, жауырын, сан жілік, тоқпан жілік, асықтар)

Қой – *Ovis aries* Linnaeus, 1758. Қойға тиесілі 13 сүйектің сақталу деңгейі әртүрлі. Алдыңғы сирақ, артқы сирақ, асық, мүйіз және тұсамыс сүйектер бүтін сақталған. Жануарлар кемінде 4 жануардан, оның ішінде үшеуі 2,5 жастан асқан кезде, біреуі 2 жасқа дейін сойылған.

Ешкі – *Capra hircus* Linnaeus, 1758. Ешкіге тиесілі бір дана алдыңғы сирақтың дистальды эпифизі жетілмеген, яғни жануар 18-24 айында сойылған.

Ірі қара – *Bos taurus* L., 1758. Ірі қараға тиесілі 14 сүйектің сақталуы әртүрлі. Алдыңғы сирақ, асық, омыртқа, орталық сүйектер бүтін сақталса, қалған элементтер әртүрлі сипатта бөлшектенген. Барлық сүйектер кемінде 2 жануардан тарайды. Жануарлар 3–3,5 жас аралығында сойылған.

Жылқы – *Equus caballus* Linnaeus, 1758. Жылқыға тиесілі 10 сүйектің ішінде 5-і (артқы сирақ, тарзальды және тістер) бүтін сақталған. Сүйектер кемінде екі жылқыдан тарайды. Барлығы да 3-4 жас аралығында сойылған.

Ит – *Canis familiaris* Linnaeus, 1758. Итке тиесілі сан жіліктің проксималды және дисталды эпифиздері толық жетілген. Қаңқа элементі 1-1,5 жастағы жануарға тиесілі.

Ақбөкен – Saiga tatarica Linnaeus, 1766. Ақбөкенге тиесілі тоқпан жіліктің проксималды эпифизі сынып, жоғалған. Дисталды эпифизінің сақталуына қарап, жануардың 2-4 жас аралығында өлгенін/сойылғанын байқаймыз. Ортағасырлық Сарайшық – 2024. 3-4 құрылыс қабаты.

Жалпы қазбаның 3-4 құрылыс қабаттарынан 22 сүйек жинастырылды. Қаңқа элементтері кемінде 4 жануардан тарайды. 2 сүйек адамға тиесілі.

Уақ мал (қой – ешкі) – *Ovis et Capra.* Уақ малға тиесілі омыртқа бүтін сақталған. Краниальды және каудальды буын эпифиздерінің сақталуына қарап, жануардың 1 жастан асқан.

Қой – *Ovis aries* Linnaeus, 1758. Қойға тиесілі 8 сүйек 4 қаңқа элементінен тарайды. Оның ішінде бүтін сақталған алдыңғы сирақ, артқы сирақ және проксималды эпифиздері жетілмеген тоқпан жіліктер мен альвеолярлы қатары жартылай сақталған төменгі жақ сүйек. Сүйек коллекциясы 2-4 жастағы 4 жануарға тиесілі.



Сурет 8 – Ортағасырлық Сарайшық – 2024. Қой асығы. Плантарлы бетіне түсіріген сызықтарға назар аударыңыз

Ірі қара – *Bos taurus* L., 1758. Ірі қараға тиесілі 7 сүйектің 2-і бүтін, қалғандары әртүрлі көлемде бөлшектенген. Қаңқа элементтерінің эпифиздері жетілген 2,5 – 4 жас аралығындағы жануарларға тиесілі.

Жылқы – *Equus caballus* Linnaeus, 1758. Аталған жануарға бүтін артқы сирақ, жоғарғы жақтың фрагменті және қабырға сынығы тиесілі. Метаподия кемінде 10 жастан ересек жануарға тиесілі.



Сурет 6 – Ортағасырлық Сарайшық – 2024. Жылқының алдыңғы және артқы сирақтары. Алдыңғы сирақтағы (төменгі, 3-і сүйек) грифельді сүйектің бітісіп кетуі, жануардың қартайған шағына дейін өмір сүргенін білдіреді

Ит – *Canis familiaris* Linnaeus, 1758. Итке проксимальды эпифизі жартылай сынған сан жілік тиесілі. Сүйек 1,5-2 жастағы ересек жануарға тиесілі.

Ортағасырлық Сарайшық – 2024. Көрхана дәлізі. Аталған нысаннан 6 жануарға тиесілі 27 сүйек анықталды. оның ішінде 7 сүйек жылқыға, 7 сүйек ірі қараға, 5 сүйек қойға, 5 сүйек жалпы уақ малға, 1 сүйек ешкіге және 1 сүйек ақбөкенге тиесілі.

Уақ мал (қой – ешкі) – *Ovis et Capra.* Уақ малға алдыңғы сирақ, асықты жілік, жоғарғы жақ және қабырға тиесілі. Барлық сүйектер бөлшектен. Алдыңғы сирақтаың пркосимальды эпифизінің сақталуына қарап, жануардың 1 жасқа дейін сойылған.

Қой – *Ovis aries* Linnaeus, 1758. Қойға тиесілі 5 сүйектің төртеуі бүтін сақталған. Оның ішінде мүйіз, тоқпан жілік, асық және тұсамыс бар. Артқы сирақ диафиз тұсынан шалып, тек дистальды бөлігі ғана қалған. Сүйектерде эпифиздер жетілген, 2-3 жастағы жануарлардан тарайды.



Сурет 9 – Ортағасырлық Сарайшық – 2024. Уақ малдың алдыңғы және артқы сирақтары. Сүйектердің ұзындықтары мен тігінен шабылуына назар аударыңыз

Ешкі – *Capra hircus* Linnaeus, 1758. Проксимальды жәэне дистальды эпифиздері сақталған алдыңғы сирақ 2-2,5 жастағы ешкіге тиесілі.

Ірі қара – *Bos taurus* L., 1758. Сиырдан тарайтын 7 сүйектің ішінде тек орталық сүйек (os centrale) ғана бүтін сақталған. Өкше сүйегіндегі жоғарғы өсінді жетілмеуіне қарап, сүйектің 3 жасқа дейін сойылғанын байқаймыз. Артқы сирақтың эпфиздерінің жетілуі, жануардың 2,5-3 жасында өлген.



Сурет 10 – Ортағасырлық Сарайшық – 2024. Ірі қараның алдыңғы сирақтары. Сирақтардың диафиз тұсынан тігінен жарылуына/шабылуына назар аударыңыз

Жылқы – *Equus caballus* Linnaeus, 1758. Жылқыға тиесілі 7 сүйектің 4 бүтін сақталған. Бүтін сақтал тіс 3-4 жастағы жылқыға тиесілі. Дисталды эпифизі сақталған асықты жілік 20-24 айлық жануарға тиесілі.



Сурет 11 – Ортағасырлық Сарайшық – 2024. Жылқының қаңқа элементтері (жоғарғы жақ, асықты жілік, тістер, тұсамыс, топай және тұяқ)

Ақбөкен – Saiga tatarica Linnaeus, 1766. Ақбөкенге тиесілі тоқпан жіліктің дистальды эпифизі жетілген. Жануар кемінде 3-4 жасында ауланған.

Ортағасырлық Ащысай – 2024. Қазба 2024. Ащысай қаласынан 40 дана жануар сүйегі зерттеуге алынды. Сүйектер кемінде 4 жануардан тарайды. Оның ішінде ірі қара, қой, ешкі және жылқы сүйектері. 9 сүйектің таксономиялық құрамы нақты анықталмағандықтан, жалпы уақ мал деп көрсетілді. Сүйек саны бойынша ірі қара бірінші орында, екінші уақ мал (қой-ешкі) және үшінші жылқы сүйектер.

Уақ мал (қой – ешкі) – *Ovis et Capra.* Уақ малға тиесілі тоғыз қаңқа элементінің 3-і бүтін сақталған: артқы сирақ (дистальды эпифизі бітпеген, алайда морфометриялық өлшемдер жүргізуге шартты түрде жарамды), алдыңғы сирақ (2 дана). Аталған екі қаңқа элементінің таксономиялық құрамының анықталмауына, дистальды эпифиздердің сақталмауы әсер етті. Ұзын сүйектердің тек диафиздері ғана сақталған. Төменгі және жоғарғы жақтардағы тістердің өсу қатарына қарап, бір жануардың 2 жасқа дейін, ал үш жануардың 2 жастан асқанда сойылған.



Сурет 13 – Ащысай – 2024: Уақ малдың метаподиялары. Сүйектердің ұзындықтары мен дистальды эпифифздерінің мүжілуіне назар аударыңыз

Қой – *Ovis aries* Linnaeus, 1758. Қойға тиесілі 7 қаңқа элементінің барлығын бүтін немесе шартты түрде бүтін сүйектер құрайды. Тек тоқпан жіліктің проксимальды эпифизі жетілмеген. Бұл жануардың 3 жасқа дейін сойылғанын білдіреді. Алдыңғы және артқы сирақтардың эпифиздерінің толық жетілуі жануарлардың кемінде 2-2,5 жастан асқан кезде сойылғанын көрсетеді. Яғни Ащысай қаласынан табылған қой сүйектері 2-3 жастағы жануарларға тиесілі.



Сурет 14 – Ащысай: проксимальды буыны тесілген уақ малдың артқы сирағы

Ешкі – *Capra hircus* Linnaeus, 1758. Аталған жануарға тиесілі 5 сүйектің ішінде 1 дана алдыңғы сирақ бүтін және 1 дана төменгі жақ сүйектің ростральды бөлігі жартылай сынған. Басқа сүйектердің көпшілігі жартылай бөлшектен. Жиыны 4 жақ сүйектің үшеуінде екінші моляр жарып шықпаған. Бұл ешкілердің 1 жасқа дейін сойылғанын көрсетеді. Бір жақ сүйекте үшінші моляр шықпаған. Яғни жануар 1,5-2 жас аралығында сойылған.

Ірі қара – *Bos taurus* L., 1758. Ірі қара сүйектері Ащысайда 2024 жылы жүргізілген қазбада ең көп анықталды. Сүйектердің сақталу деңгейі әртүрлі. Оның ішінде 5 дана асық пен 2 тіс бүтін сақталған. Жеке тістер мен төменгі жақ сүйектердің альвеолярлы қатарындағы азу тістердің жарып шығу ретіне қарай, екі жас ерекшелігі анықталды. Яғни 2 жануар 2,5 жасында және екі сиыр шамамен 3 жастан асқанда сойылған.

Жылқы – *Equus caballus* Linnaeus, 1758. Жылқыға проксимальды бөлігі сақталған артқы сирақ пен бас сүйектің фрагменті ғана тиесілі. Сүйектердің қабырғасының қалыңдығы мен кемікті бөліктерінің жойылуы, жануарлардың ересек шағында сойылғанын көрсетеді.

Ортағасырлық Қарағайлы – 2024. Қазба 2024.

Қарағайлы ескерткішінде 2024 жылы жүргізілген қазба жұмыстары кезінде 78 жануар сүйегі табылып, барлығының таксономиялық құрамы анықталды. Морфологиялық талдауда, остеологиялық коллекцияның 56,4% ірі қараның қаңқа элементтері құрайтыны анықталды. Екінші орында уақ мал (қой-ешкі) сүйектері – 41%. Жылқы сүйектері Ащысай ескерткішіндегідей өте аз (2 дана немесе 2,6%).

Уақ мал (қой – ешкі) – *Ovis et Capra.* Уақ малға қаңқа әртүрлі бөліктеріне тиесілі 11 сүйек тиесілі. Оның ішінде тек жеке тістер ғана бүтін сақталған. Тістер мен жақ сүйектердің альвеолярлы қатарына қарап, 6 жануардың жас ерекшеліктері анықталды. Оның ішінде 1 жануар 1 жасқа дейін, 3 жануар 2-2,5 жасында және 2 жануар 3 жастан асқанда сойылған. Бір дана төменгі жақ сүйектің альвеолярлы қатарында дұрыс емес желіну үдерісі анықталды. 2 сүйекте қатты затпен шабудан қалған іздер бар (етті бөлшектеу кезінен қалған болу керек).



Сурет 16 – Қарағайлы - 2024: Уақ малдың алдыңғы және артқы сирақтары. Сүйектердің ұзындықтары мен массивтілігіне назар аударыңыз

Қой – *Ovis aries* Linnaeus, 1758. Қойға тиесілі 17 сүйектің 9-ы бүтін сақталған. Төменгі жақ сүйектерегі тіс жүйесіне қарап, екі жас ерекшелігі анықталды. Яғни 2 жануар 2 жасқа дейін сойылса, 2 жануар 3 жастан асқанда сойылған. 2 дана қой асығы мен жауырында пышақпен кесу іздері кездеседі. Төменгі жақ сүйектің м2-м3 тістерінің

окклюзиалды бетінде қажалу үдерісі анықталды. Сан жіліктің буын басында белгісіз депрессия типі кездесіп отыр. 1 дана артқы сирақ және 3 дана төменгі жақ сүйекте шабудан қалған іздер кездеседі.

Ешкі – *Capra hircus* Linnaeus, 1758. Ешкіге тиесілі 4 сүйектің біреуі бүтін, екеуі шартты түрде бүтін сақталған. Алдыңғы сирақтың дистальды эпифизінің жетілмеуі, жануардың 2 жасқа дейін сойылғанын, тоқпан жіліктің проксимальды эпифизінің жетілмеуі ешкінің 3,5 жасқа дейін өмір сүргенін дәлелдейді. Төменгі жақ сүйекте рм4 тісінің сқаталуы жануардың 3 жастан асқан сойылғанын көрскетіп отыр. 1 дана төменгі жақ сүйекте қатты затпен шабу іздері сақталған.

Ірі қара – *Bos taurus* L., 1758. Ірі қараға тиесілі 44 сүйектің 5-і ғана бүтін сақталған. Өкше сүйегіндегі tuber calcanei кездеспеуі жануардың 3-3,5 жасына дейін, ал алдыңғы сирақтың эпифизінің болмауы жануардың шамамен 2,5-3 жасқа дейін өмір сүргенін көрсетеді. 1 дана төменгі жақ сүйекте рм4 тсінінің кездесуі, жануардың 3-4 жас шамасында сойылғанын айғақтайды. 3 тістен әртүрлі патологиялық және модификациялық өзгерістер анықталды. 1 дана тұсамыс (ф1) сүйегінің дистальды буынынан 3-ші типті депрессия кездесіп отыр. 1 дана алдыңғы сирақ тігінен шабылған. Жалпы сүйекті бөлшектеудің мұндай әдісі ортағасырларда аса көп кездесе бермейді. Ересек жануарға тиесілі атлантта иттің мүжуінен қалған іздер сақталған.



Сурет 15 – Қарағайлы - 2024: Ірі қара, жылқы және уақ малдың қаңқа элементтері. Ірі қараның алдыңғы сирағының (3-ші қатар, сол жақтан бірінші) тігінен сындырылуына назар аударыңыз

Жылқы – *Equus caballus* Linnaeus, 1758. Жылқыға бүтін тіс және тұсамыс сүйегі тиесілі. Үшінші молярдың тамырларының тоық

жабылуы жануардың шамамен 10 жастан асқанша өмір сүргенін көрсетеді. Тұсамыс сүйегінің проксимальды буынының ортасында «өрмекші торына» ұқсас (*палеозоолог Қ. Қашқынбаев Берел жылқыларынан анықтаған патологиялық ақауға ұқсас) жарықтар кездесті.

Қорыта келгенде, 2024 жылы жүргізілген археозоологиялық зерттеулер нәтижесінде, Ащысай, Қарағайлы және Сарайшық қалашықтарында табылған жануар сүйектерінің сандық құрамы анықталды. Жалпы 259 жануар сүйегі зерттеліп, олардың таксономиялық құрамына талдау жасалды. Зерттеу нәтижелері бойынша, сүйектердің ең көп таралған түрі – ірі қара *(Bos taurus)*. Оның үлесі барлық ескерткіштерде басым болып, жалпы саны 100 дана сүйекке жетті. Бұл көрсеткіш аталған ескерткіштерде өмір сүрген халықтың мал шаруашылығында сиыр өсіруге көп мән бергенін көрсетеді. Екінші орында қой сүйектері *(Ovis aries)* орналасқан. Барлығы 61 дана қой сүйегі анықталды, бұл оның ет және басқа өнімдері үшін маңызды мал түрі болғанын дәлелдейді. Сонымен қатар, уақ мал (қой-ешкі) саны 45 дана болса, ешкі сүйектері *(Capra hircus)* 12 дананы құрайды. Жылқы сүйектері *(Equus caballus)* 25 дана, олардың көбісі Сарайшық қаласынан табылған. Түйе *(Camelus bactrianus)* және есек *(Equus asinus)* сүйектері өте аз кездесті. Сарайшық қаласынан 3 дана түйе және 1 дана есек сүйегі тіркелді. Бұл түйенің негізінен жүк тасымалы мен көшпелі өмірге бейімделгенін, ал есектің аймақтарда сирек қолданылғанын білдіруі мүмкін (*бұл тұжырым әлі анықтауды аталап етеді). Ит *(Canis familiaris)* сүйектерінен 5 дана және ақбөкен *(Saiga tatarica)* сүйектерінен 2 дана анықталып отыр. Кейбір қазбалардан адам сүйектері де кездеседі, мысалы Сарайшықтың остеологиялық коллекциясынан 5 дана адам қаңқа элементтері анықталған.

Жалпы алғанда, зерттелген сүйек матеиалдары ортағасырлық қалаларда мал шаруашылығының жақсы дамығанын және мал түрлерінің барлық түрінің кездесуі шаруашылықтағы әртүрлі рөл атқарғанын көрсетеді. Қой мен ірі қараның жас ерекшеліктері бойынша талдау, аталған жануарларды негізгі азықтық және шаруашылық мақсатта пайдаланылғаны байқалады. Жылқының тасымалдау мен көлік қызметінде маңызды орын алғанын байқаймыз. Мұны жылқылардың басым бөлігінің ересек шағында сойылуы да жанама түрде растайды. Тағам рационында түйе еті болғанымен, мөлшері өте

аз болған. Сонымен қатар, аңшылықтың да белгілі бір деңгейде болғанын ақбөкен сүйектерінің табылуынан көруге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Silver I.A. The Ageing of Domestic Animals // Science in Archaelogy. Basic books, Inc., Publishers. New York, 1969. Pp. 250-268.

2 Цалкин В.И. Изменчивость метаподий и ее значение для изучения крупного рогатого скота древности // Бюллетень Московского общества испытателей природы. Отдел биология. 1960. – Т. 65. – Вып. 1. – С.109–126.

3 Цалкин В.И. Изменчивость метаподии у овец // Бюллетень Московского общества испытателей природы. Отдел биология. 1961. – Т.66. –Вып.5. – С.115–132.

4 Цалкин В.И. Древнейшие домашние животные Восточной Европы. Москва: Наука, 1970. -279 с.

5 Von Den Driesch A. A Guide to the Measurement of Animal Bones from Archaeological Sites. Harvard University. Peabody Museum of Archaeology and Ethnology. Peabody Museum bulletin. 1976. Vol. 1. Pp. 68-101.

6 Behrensmeyer A. Taphonomic and ecologic information from bone weathering // Paleobiology. 1978. Vol. 4.Iss. 2. P. 150–162

4.2 Ортағасырлық Қарағайлы, Ұшқан, Ащысай қалалары орнындағы 2025 жылғы остеологиялық материалдарын археозоологиялық зерттеу нәтижелері

Биылғы археологиялық қазбалар нәтижесінде табылған остеологиялық матереріалдарын археоозологиялық зерттеулер талдамасын Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының қызметкері М.С. Шагирбаев зооархеология зертханасында саралап, төмендегідей ғылыми нәтижелерге қол жеткізді.

4.2.1 Ащысай қаласы (2025 ж. қазба) жануар сүйектерінің археозоологиялық талдауы

Материал және зерттеу әдістері. 2025 жылғы қазба барысында Ащысай қаласынан барлығы 316 сүйек қалдығы зерттелді (1-кесте; 1-3-сурет). Жануар сүйектері Ә.Х. Марғұлан ат. Археология

институтының зооархеология зертханасында сараптамадан өтіп, морфологиялық құрамы анықталды. Остеологиялық коллекция қалыптасқан археозоологиялық әдістерге сәйкес зерттеліп: жануар түрі, қаңқа элементтері, қаңқа бөліктері, жас ерекшеліктері, патологиялық және модификациялық өзгерістері анықталды және етті тұтыну мөлшері нақтыланды (Громова, 1953; Zeder, Pilaar, 2010; Zeder, Lapham, 2010; Silver, 1969; Антипина, 2013: 139; Рассадников, 2024).


Таксономиялық құрамы

Остеологиялық материалдардың ішінде үй жануарлары сүйектері – 227 дана (71,8%), бұл мал шаруашылығының негізгі шаруашылық саласы болғанын дәлелдейді. Үй жануарлары ішінде ірі қара (Bos taurus) – 35,7% және уақ мал (Ovis/Capra) – 26,4% басым орын алады. Бұл деректер қала тұрғындарының ет пен сүт өнімдерін өндіруде ірі қара мен қой-ешкіге сүйенгенін көрсетеді. Сонымен қатар, жылқы (Equus caballus – 12,8%), түйе (Camelus bactrianus – 1,8%) және ит (Canis familiaris – 9,7%) сүйектері тіркелді. Жылқы сүйектерінің болуы бұл жануарлардың салт көлігі ретінде және етке қосымша ресурс ретінде пайдаланылғанын меңзейді. Ит сүйектерінің көптеп кездесуі олардың күзет және көмекші қызмет атқарғанын, ал кейбір жағдайларда азық ретінде пайдаланылуы мүмкін екенін жоққа шығармайды. Құстың өкілі ретінде тауық (Gallus gallus) сүйектері анықталды, бұл үй құстарының қолдан өсірілгенін және жұмыртқа мен еттің қосымша көзі болғанын айғақтайды. Жабайы жануарлар сүйектері 78 дана (24,7%) құрайды. Олардың басым бөлігі – балық сүйектері (84,6%), оның ішінде жайын (Silurus glanis) және сазан (Cyprinus carpio) тіркелді. Бұл қала тұрғындарының балық аулау ісімен тұрақты айналысқанын, балықтың маңызды азық-түлік ресурсы болғанын дәлелдейді. Сонымен қатар, сарышұнақ сүйектері (6,4%) аңшылықтың қосалқы рөл атқарғанын көрсетеді.


Жануар түрлері	Сүйек саны		%		Жануар саны
Үй жануарлары					
Уақ мал – Ovis et Capra	60	73	26,4	32,1	20
Қой – Ovies aries	13		5,7		
Ірі қара – Bos taurus	81		35,7		8
Жылқы – Equus caballus	29		12,8		4

Түйе – Camelus bactrianus	4	1,8	2
Ит – Canis familiaris	22	9,7	2
Тауық – Gallus gallus	18	7,9	1
Жиыны	227	100	37
Жабайы жануарлар			
Жайын	6	7,7	2
Сазан	1	1,3	1
Балық	66	84,6	8
Сарышұнақ	5	6,4	3
Жиыны	78	100	14
Түрге дейін анықтауға келмейтін сүйектер			
Сүтқоректілер	11		
Барлығы	316		


1-кесте. Ащысай қаласы. 2025 жылғы қазба. Жануар сүйектерінің түрлер бойынша таксономиялық құрамы



1-сурет. Ащысай қаласы. 2025 жылғы қазба. Жануар сүйектерінің қазба бойынша саны



2-сурет. Ащысай қаласы. 2025 жылғы қазба. Жануар сүйектерінің қазба тереңдігі бойынша саны



3-сурет. Ащысай қаласы. 2025 жылғы қазба. Үй жануарларының қаңқа элементтерінің сақталу деңгейі ([Ерохин, Бачура 2011] әдісі бойынша)

Қаңқа элементтерінің анатомиялық құрамы

Ащысай қаласынан алынған остеологиялық материалдар үй жануарларының қаңқа бөліктерінің кең ауқымда ұсынылғанын көрсетеді (2-3 кесте). Ірі қара сүйектерінің жалпы саны 81 дананы құрайды. Оның ішінде кеуде бөлігінің элементтері (қабырға, омыртқа, жауырын) 32,1% құрайды, бұл сою барысында малдың кеуде торы қалдықтарының көбірек сақталғанын байқатады. Аяқтың проксимальды бөлігі (humerus, radius, pelvis, femur, tibia) 33,3%, дистальды бөліктері (metapodium, phalanges) 14,8% үлес алады. Бұл сойылған малдың сүйектері толық кешен түрінде түскенін, яғни малдың етін қоныстың ішінде немесе маңында сойғанын көрсетеді.

Уақ мал сүйектерінің (Ovis/Capra, 73 дана) үлесі де жоғары. Мұнда аяқтың проксимальды бөліктері (42,5%) мен бас сүйек бөліктерінің (21,9%) үлесі айтарлықтай басым. Бұл ұсақ малдың толық ұшалары көбіне жергілікті жерде өңделгенін және сүйектердің көп бөлігі тікелей тұрмыстық қалдық ретінде қалғанын дәлелдейді.

Жылқы сүйектерінің үлесі салыстырмалы түрде аз (29 дана), бірақ олардың ішінде аяқ сүйектері (әсіресе проксимальды – 48,3%, дистальды – 27,6%) айқын басымдықта. Бұл жылқының көбіне аяқ бөліктерінің өңделгенін немесе тіпті сою кезінде терісі мен сіңірлерінің пайдаланылғанын меңзейді. Сонымен қатар, жылқы сүйектерінің бір бөлігінің (17,2%) бас сүйекке тиесілі болуы жануардың жасын анықтауға мүмкіндік беріп, жылқының негізгі шаруашылықтағы рөлін (көлік, қосалқы ет көзі) нақтылауға жол ашады.

Жалпы алғанда, қаңқа элементтерінің таралуы Ащысай қаласы тұрғындарының малды толық сойып, әртүрлі бөліктерін азыққа және тұрмыстық мақсаттарға пайдаланғанын көрсетеді. Проксимальды аяқ бөліктерінің көптеп кездесуі қоныстағы ет өңдеу мен тұтыну процестерінің орталықтанғанын, ал дистальды бөліктердің болуы тері өңдеу, қолөнер немесе шаруашылық құралдары ретінде қолданылғанын айғақтайды.

Қаңқа элементі	Ірі қара		Уақ мал		Жылқы	
	абс.	%	абс.	%	абс.	%
Бас – Cranium	3	3,7	0	0,0	0	0,0
Жоғарғы жақ – Maxilla	3	3,7	4	5,5	2	6,9

Төменгі жақ – Mandibula	9	11,1	12	16,4	3	10,3
Тіс – Dentes	1	1,2	4	5,5	1	3,4
Атлант – Atlas	2	2,5	0	0,0	0	0,0
Эпистрофей – Axis	1	1,2	0	0,0	0	0,0
Омыртқа – Vertebrae	9	11,1	7	9,6	1	3,4
Қабырға – Costae	14	17,3	7	9,6	0	0,0
Жауырын – Scapula	9	11,1	2	2,7	0	0,0
Тоқпан жілік – Humerus	2	2,5	3	4,1	0	0,0
Шынтақ – Ulna	0	0,0	1	1,4	1	3,4
Кәрі жілік – Radius	4	4,9	7	9,6	4	13,8
Жамбас – Pelvis	2	2,5	4	5,5	1	3,4
Сан жілік – Femur	1	1,2	2	2,7	5	17,2
Асықты жілік – Tibia	2	2,5	8	11,0	3	10,3
Асық – Talus	3	3,7	3	4,1	0	0,0
Өкше – Calcaneus	4	4,9	1	1,4	0	0,0
Карпалды – Ossa carpi	0	0,0	0	0,0	1	3,4
Метаподия – Metapo-dium	0	0,0	1	1,4	1	3,4
Алдың. сирақ – Metacarpale	4	4,9	3	4,1	1	3,4
Артқы сирақ – Metatarsale	2	2,5	3	4,1	0	0,0
Тұсамыс – Phalanx 1	4	4,9	1	1,4	3	10,3
Топай – Phalanx 2	2	2,5	0	0,0	0	0,0
Тұяқ – Phalanx 3	0	0,0	0	0,0	2	6,9
Жиыны	81	100,0	73	100,0	29	100,0

2-кесте. Ащысай қаласы. 2025 жылғы қазба. Үй жануарларының қаңқа элементтерінің саны бойынша құрамы

Қаңқа бөліктері	Ірі қара		Уақ мал		Жылқы	
	абс.	%	абс.	%	абс.	%
Бас сүйек	15	18,5	16	21,9	5	17,2
Жеке тістер	1	1,2	4	5,5	1	3,4
Кеуде	26	32,1	14	19,2	1	3,4

Аяқтың прокси-мальды бөлігі	27	33,3	31	42,5	14	48,3
Аяқтың дистальды бөлігі	12	14,8	8	11	8	27,6
Жиыны	81	100	73	100	29	100

3-кесте. Ащысай қаласы. 2025 жылғы қазба. Үй жануарларының қаңқа бөліктерінің құрамы

Үй жануарларының жас құрылымы

Ащысай қаласынан табылған төменгі жақ сүйектеріндегі тістердің жағдайы үй жануарларының жас ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді (4-кесте; 4-сурет). Уақ мал (Ovis/Capra) үлгілерінің (n=20) басым бөлігі (65%) 12–24 ай аралығында болған жас малдарға тиесілі, яғни қоныс тұрғындары негізінен ет өнімін алу үшін малды бір жасқа толғаннан кейін, бірақ әлі толық ересек жасқа жетпей сойған. Бұл қой-ешкі шаруашылығында ет бағытындағы пайдалану басым болғанын білдіреді. Сонымен қатар, үлгінің 20%-ын 3 айға дейінгі және 3–12 айлық төлдер құрайды, бұл маусымдық сойыс пен төл етін тұтыну фактілерін көрсетеді. Тек 15%-ы ғана (pm4, m3 бар) ересек (24 айдан асқан) малдарға тиесілі, бұл олардың көбіне ұзақ уақыт ұсталып, шаруашылықта (жүн, төл алу мақсатында) пайдаланылғанын меңзейді.


Ірі қара малдың (n=8) жас құрылымы әртүрлі, бірақ үлгінің басым бөлігі (37,5%) 18–28 ай аралығындағы жас малдарға тиесілі. Бұл ірі қара етін де көбіне 1,5–2,5 жас аралығында, салмақ жинаған шақта сойғанын көрсетеді. 25%-ы (pm4 бар) толық ересек малдар, ал қалған үлгіде (m1 жоқ немесе m2 жоқ) бұзау мен жас мал сүйектері бар, бұл табында төлдер мен жас малдың да болғанын дәлелдейді.

Жылқы сүйектерінің жас анықтамасы (n=4) қоныстағы жылқылардың негізінен еңбекке пайдаланылғанын және ересек жаста болғанын көрсетеді. Үлгінің 75%-ы 10 жастан асқан, яғни ұзақ уақыт шаруашылықта (көлік, жүк тарту) қолданылған қарт жануарларға тиесілі. Тек бір ғана жас (2–5 жас) жылқы тіркелді, бұл етке союдың сирек болғанын, жылқының шаруашылықтағы негізгі рөлінің көлік пен еңбек күші ретінде болғанын меңзейді.

Төменгі жақ сүйектегі тістердің жағдайы	Жасы, ай	Абс.	%
	Уақ мал		

pm4 бар	30 айдан жоғары	1	5,0
m3 бар	24 айдан жоғары	2	10,0
m2 бар, m3 жоқ	12–24 ай	13	65,0
m1 бар, m2 жоқ	3–12 ай	2	10,0
m1 жоқ	3 айға дейін	2	10,0
Жануарлар саны		20	100
	Ірі қара		
pm4 бар	34 айдан жоғары	2	25
m3 бар	28 айдан жоғары	1	12,5
m2 бар, m3 жоқ	18–28 ай	3	37,5
m1 бар, m2 жоқ	6–18 ай	1	12,5
m1 жоқ	6 айға дейін	1	12,5
Жануарлар саны		8	100
Жылқы			
Ересек жануар	10 жастан асқан	3	75
Жартылай ересек	2–5 жас аралығы	1	25
Жануарлар саны		4	100

4-кесте. Ащысай қаласы. 2025 жылғы қазба. Үй жануарларының жас ерекшеліктері



4-сурет. Ащысай қаласы. 2025 жылғы қазба. Үй жануарларының жас құрамы


Модификациялық және патологиялық өзгерістер

Ащысай қаласынан алынған остеологиялық кешенде *модификациялық іздер* айқын басым (5-кесте). Барлығы 24 сүйектен өзгерістер тіркеліп, олардың ішінде шабылған іздер 58,3% құрайды. Бұл жануарлардың сою және мүшелеу процесінің қарқынды жүргізілгенін және қаңқаның әдейі бөлшектенгенін көрсетеді. Сонымен қатар, мүжілген іздер (29,2%) сүйектердің ит немесе басқа жыртқыш жануарлар тарапынан тістелгенін, тұрмыстық қалдықтардың ашық ортада біраз уақыт жатқанын дәлелдейді. Кесілген іздердің (12,5%) тіркелуі сүйектерді өңдеу кезінде өткір құралдар қолданылғанын көрсетеді, бұл қаладағы сою техникасының дамығанын аңғартады.

Патологиялық өзгерістер саны (n=6) аз болғанымен, олар мал шаруашылығындағы жануарларды ұзақ пайдалану фактілерін айғақтайды (5-сурет). *Laesio circumscripta tali* (50,0%) тіркелуі малдың тіршілігінде тірек-қимыл аппаратына жүктеменің жоғары болғанын, яғни жұмысқа немесе ұзақ уақыт айдауда қолданылғанын меңзейді. Сонымен қатар, анкилоз және жауырындағы депрессиялық өзгерістер жануарлардың жарақат алғанын немесе буын ауруларына шалдыққанын көрсетеді. Бұл деректер қоныс тұрғындарының малды тек етке ғана емес, шаруашылық жұмыстарына да кеңінен пайдаланғанын дәлелдейді.

Сүйектердегі өзгеріс түрлері	Саны	%
Патологиялық өзгерістер		
Анкилоз	2	33,3
Депрессия (жауырын)	1	16,6
Laesio circumscripta tali	3	50,0
Жалпы:	6	100
Модификациялық өзгерістер		
Кесілген	3	12,5
Шабылған	14	58,3
Мүжілген	7	29,2
Жалпы:	24	100

5-кесте. Ащысай қаласы. 2025 жылғы қазба. Модификацияланған және патологиялық өзгерістері бар сүйектердің мөлшері



5-сурет. Ащысай қаласы. 2025 жылғы қазба. Сүйектердегі патологиялық және модификациялық өзгеріс түрлері

Ет өтінім тұтыну мөлшері

6-кестенің нәтижелері қоныстағы ет өнімдерін тұтыну құрылымын анықтауға мүмкіндік береді. Шартты бірліктер бойынша есептелген ет көлемінің 67,6%-ын ірі қара еті құрайды, бұл ірі қара шаруашылығының негізгі ет көзі болғанын көрсетеді. Жылқы еті де елеулі орын алады – 22,3%, бұл жылқының қосалқы ет көзі ретінде пайдаланылғанын білдіреді. Ұсақ мал еті (10,1%) аз үлесті құрағанымен, жыл бойы тұрақты түрде тұтынылғанын болжауға болады.

Көрсеткіш	Уақ мал	Ірі қара	Жылқы	Жиыны
Остеологиялық спектр (барлық горизонт), %	32,1	35,7	12,8	183 сүйек
Ірі тұяқтының тұтас етінің салмағының бір қойдың тұтас етіне еселігі	1	6	5,5	–
Шартты бірліктердегі ет өнімдерінің көлемі	32,1	214,2	70,4	316,7
Ет өнімдерінің көлемдік қатынасы, %	10,1	67,6	22,3	100

6-кесте. Ащысай қаласы. 2025 жылғы қазба. Үй тұяқтыларының ет өнімдерін тұтынудың салыстырмалы көлемін есептеу, (%)

Қорытынды. 2025 жылғы қазба жұмыстары нәтижесінде алынған Ащысай қаласының остеологиялық материалдары қоныс тұрғындарының шаруашылық-экономикалық қызметін жан-жақты сипаттауға мүмкіндік берді. Таксономиялық талдау сүйектер кешенінде үй жануарларының айқын басымдылығын көрсетті: ірі қара (35,7%), ұсақ мал (32,1%) және жылқы (12,8%) сүйектері қаңқа қалдықтарының негізгі бөлігін құрайды. Бұл дерек қоныс тұрғындарының аралас мал шаруашылығын жүргізгенін және ет өнімінің негізгі үлесін ірі қара еті қамтамасыз еткенін дәлелдейді. Жас ерекшеліктерін талдау ұсақ мал мен ірі қараның басым бөлігі 12–28 ай аралығында сойылғанын көрсетті, бұл малды етке арнайы өсіру және союдың жоспарлы сипат алғанын білдіреді. Жылқы сүйектерінің ішінде ересек және кәрі жануарлардың көп болуы олардың еңбек және көлік күшін қамтамасыз ету үшін ұзақ уақыт пайдаланылғанын меңзейді. Сүйектердегі модификациялық өзгерістер – кесу, шабу, мүжу іздері – ет өндіру, мүшелеу және тұрмыстық қалдықтарды өңдеу процестерінің қарқынды жүргізілгенін көрсетеді. Патологиялық өзгерістердің болуы қоныс тұрғындарының малды тек ет көзі ретінде ғана емес, сонымен қатар шаруашылық мақсатта да пайдаланғанын дәлелдейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Антипина Е.Е. (2013). Модели древнего скотоводства на Кавказе: археозоологические исследования на поселении Кабардинка-2 // Аналитические исследования лаборатории естественнонаучных методов / Отв. ред. Е.Н. Черных, В.И. Завьялов. Вып. 3. Москва: ИА РАН. С. 126–141.

2 Громова В. (1953). Остеологические отличия родов Capra (козлы) и Ovis (бараны). Руководство для определения ископаемых остатков // Труды комиссии по изучению четвертичного периода. Том X. Выпуск 1. Москва: Изд-во АН СССР. 123 с.

3 Ерохин Н.Г., Бачура О.П. Новый подход к компьютерной формализации раздробленности костных остатков млекопитающих в археологических исследованиях // Методика междисциплинарных археологических исследований : сб. науч. ст. и метод. рекомендаций / Омский государственный унтверситет. – Омск: Наука, 2011. – С. 62-69.

4 Рассадников А.Ю. (2024). Палеопатологические исследования в археозоологии: возможности и значение для археологии // Археология Казахстана. № 4 (26). С. 368–388.

5 Silver I.A. (1969). The Ageing of Domestic Animals // Science in Archaelogy. New York.Basic books, Inc., Publishers. Pp. 250–268.

6 Zeder M.A., Lapham H.A. (2010). Assessing the reliability of criteria used to identify postcranial bones in sheep, Ovis, and goats, Capra // JAS. Vol. 37. Iss. 11. Pp. 2887–2905.

7 Zeder M.A., Pilaar S.E. (2010). Assessing the reliability of criteria used to identify mandibles and mandibular teeth in sheep, Ovis, and Goats, Capra // JAS. Vol. 37. Iss. 2. Pp. 225–242.

4.2.2 Қарағайлы қаласының тұрғындарының шаруашылық қызметі: остеологиялық материалдар негізінде

Материал және зерттеу әдістері

2025 жылғы қазба жұмыстары барысында Қарағайлы қаласынан барлығы 1394 сүйек қалдықтары анықталды (1; 6-9-кесте; 1-2 сурет). Остеологиялық материалдарға Ә.Х. Марғұлан ат. Археология институты зооархеология зертханасында талдау жүргізілді.

Жануарлардың жас ерекшеліктері төменгі жақ сүйектердегі тістердің иекті жарып шығу реті және түтікшелі сүйектердің эпифиздерінің жетілу жағдайына қарай анықталды [Silver, 1969]. Ешкі мен қойдың (әрі қарай: уақ мал) қаңқа элементтерін ажыратуда арнайы әдістемелік еңбектер пайдаланылды [Громова, 1953; Zeder, Pilaar, 2010; Zeder, Lapham, 2010]. Ет өнімдеріне негізделген тамақтану рационын қалпына келтіру үшін РҒА Археология институты жаратылыстану ғылымдары әдістері зертханасының арнайы әдістемесі қолданылды [Антипина, 2013: 139]. Жануар сүйектеріндегі өзгерістер палеопатологиялық бағыттағы зерттеулерге [Рассадников, 2024] негізделіп жүргізілді.

Таксономиялық құрамы

Жануар сүйектерінің құрамын талдау олардың ішінде үй жануарларының үлесі басым екенін көрсетті – 1071 сүйек (43,2%), яғни жануарлар саны бойынша 160 бас. Бұл қала аумағында мал шаруашылығының жетекші рөл атқарғанын айғақтайды.

Үй жануарларының ішінде уақ мал сүйектері (қой мен ешкі) айрықша басым: барлығы 463 сүйек (59,6%), яғни 113 бас жануар. Қой сүйектері (Ovis aries) уақ мал сүйектерінің ішінде жетекші үлеске ие (163 дана, 15,2%), ал ешкі сүйектері (Capra hircus) салыстырмалы түрде аз (13 дана, 1,2%). Бұл қой шаруашылығының ешкіге қарағанда әлдеқайда жақсы дамығанын білдіреді.

Сонымен қатар, ірі қара мал (Bos taurus) сүйектері 335 дана (31,3%) болып, 34 бас жануарға сәйкес келеді. Бұл – сүт және ет өнімдерінің маңызды көзі ретінде сиыр малының тұрақты түрде пайдаланылғанын көрсетеді. Жылқы (Equus caballus) сүйектері 72 дана (6,7%) – яғни кемінде 10 бас жануар. Бұл қала тұрғындарының көлік, шаруашылық немесе әскери мақсатта жылқыны пайдаланғанын болжайды. Түйе (Camelus bactrianus) сүйектерінің аз болуы (7 дана, 0,7%, 1 бас жануар) түйе шаруашылығының қосалқы рөл атқарғанын көрсетеді. Ит (Canis familiaris) сүйектері де аз (18 дана, 1,7%, немесе кемінде 2 бас жануар), бұл олардың негізгі функциясы күзет немесе көмекші рөлде болғанын білдіреді.


Жабайы жануарлардың үлесі айтарлықтай төмен – 30 сүйек (барлығының 2,1%-ы), яғни 13 жануар. Олардың ішінде көбінесе балық сүйектері басым: жайын (Silurus glanis – 50%), сазан (Cyprinus carpio – 23,3%), шортан (Esox lucius – 23,3%). Бұл балық аулау ісінің қала тұрғындары үшін қосымша азық көзі болғанын дәлелдейді. Қарақұйрық (Gazella subgutturosa) сүйегінің бір данасы ғана кездесті, бұл аңшылықтың тұрақты емес, эпизодтық сипатта болғанын көрсетеді.

Сонымен қатар, түрге дейін анықтауға келмейтін 293 сүйек фрагменті тіркелді (оның ішінде 256 – балық, 33 – сүтқоректілер, 3 – құс, 1 – моллюск), бұл материалдардың көпшілігі фрагментацияға ұшырағанын және толық морфологиялық талдауды қажет ететінін көрсетеді.


Жануар түрлері	Сүйек саны		%		Жануар саны	
Үй жануарлары						
Уақ мал – *Ovis* et *Capra*	463	639	43,2	59,6	68	113
Қой – *Ovis aries*	163		15,2		41	
Ешкі – *Capra hircus*	13		1,2		4	
Ірі қара – *Bos taurus*	335		31,3		34	
Жылқы – *Equus caballus*	72		6,7		10	

Түйе – *Camelus bactrianus*	7	0,7	1
Ит – *Canis familiaris*	18	1,7	2
Үй жануарлары	1071	43,2	160
Жабайы жануарлар			
Қарақұйрық – *Gazella subgut-turosa*	1	3,3	1
Сазан – *Cyprinus carpio*	7	23,3	5
Жайын – *Silurus glanis*	15	50,0	4
Шортан – *Esox lucius*	7	23,3	3
Жабайы жануарлар	30	100	13
Түрге дейін анықтауға келмейтін сүйектер			
Сүтқоректілер – Mammalia indet	33		
Балық – Pisces	256		
Моллюск – Mollusca	1		
Құс – Aves	3		
Барлығы	1394		

1-кесте. Қарағайлы қаласы. 2025 жылғы қазба. Жануар сүйектерінің түр бойынша құрамы



1-сурет. Қарағайлы қаласы. 2025 жылғы қазба. Жануар сүйектерінің қазба бойынша саны



2-сурет. Қарағайлы қаласы. 2025 жылғы қазба. Үй жануарларының қаңқа элементтерінің сақталу деңгейі ([Ерохин, Бачура 2011] әдісі бойынша)

Қаңқа элементтерінің қатынасы

Үй жануарларының қаңқа элементтері бойынша талдау (2-кесте; 3-6 сурет) материалдардың жақсы сақталғанын және салыстырмалы түрде толық қаңқа жиынтығының бар екенін көрсетеді. Уақ мал сүйектерінің жалпы саны – 639 дана, ірі қара – 336 дана, жылқы – 72 дана.

Уақ мал материалдары ішінде ең көп кездесетін элементтер – төменгі жақ сүйектері (Mandibula – 123 дана, 19,2%), қабырғалар (Costae – 86 дана, 13,5%), омыртқалар (Vertebrae – 66 дана, 10,3%) және жауырындар (Scapula – 75 дана, 11,7%). Бұл қалдықтардың көпшілігі мал сою және қасаптау процестерінің іздерін көрсетеді. Аяқ сүйектерінің үлесі де жоғары – әсіресе асықты жілік (Tibia – 48 дана, 7,5%) және метаподия (Metacarpalia + Metatarsalia – 73 дана, 11,5%).

Жылқы сүйектері аз кездескенімен, олардың ішінде қабырғалар (33,3%) мен сан жілік (Femur – 13,9%) айқын басым. Бұл жылқының еттік пайдалануын, яғни қасапқа жиі түскенін көрсетеді. Сонымен қатар, тұсамыс (Phalanx 1 – 8,3%) пен тобық (Patella – 2 дана, 2,8%) сүйектерінің болуы шаруашылықта қолданылған жылқылардың тіршілігінде белсенді жүктеме алғанын, яғни жұмыс малы ретінде пайдаланылғанын көрсетеді.

Ірі қара сүйектерінің ішінде қабырғалар (21,4%), төменгі жақ (10,1%) және омыртқалар (9,8%) басым. Бұл да етке союдың тұрақты жүргізілгенін көрсетеді. Сонымен қатар, аяқ сүйектерінің дистальды бөліктері (Metatarsalia – 6,5%, Metacarpalia – 3,0%) және фалангалар (барлығы 5,1%) көптеп кездеседі, бұл қасаптан кейінгі қаңқа қалдықтарының толық тасталғанын дәлелдейді.

Элементы скелета	Уақ мал		Жылқы		Ірі қара	
	абс.	%	абс.	%	абс.	%
Мүйіз – Cornu	5	0,8	0	0,0	5	1,5
Бас сүйек – Cranium	18	2,8	3	4,2	24	7,1
Жоғарғы жақ – Maxilla	15	2,3	0	0,0	11	3,3
Төменгі жақ – Mandibula	123	19,2	3	4,2	34	10,1
Тіс – Dentes	6	0,9	7	9,7	16	4,8
Атлант – Atlas	7	1,1	0	0,0	0	0,0
Эпистрофей – Axis	6	0,9	0	0,0	1	0,3
Омыртқа – Vertebrae	66	10,3	2	2,8	33	9,8
Құйымшақ – Sacrum	2	0,3	0	0,0	0	0,0
Қабырға – Costae	86	13,5	24	33,3	72	21,4
Кеуде – Sternum	0	0,0	0	0,0	1	0,3
Жауырын – Scapula	75	11,7	2	2,8	18	5,4
Тоқпан жілік – Humerus	17	2,7	1	1,4	7	2,1
Шынтақ – Ulna	3	0,5	0	0,0	1	0,3
Кәрі жілік – Radius	31	4,9	0	0,0	6	1,8
Жамбас – Os coxae	19	3,0	2	2,8	9	2,7
Сан жілік – Femur	23	3,6	10	13,9	5	1,5
Тобық – Patella	0	0,0	2	2,8	0	0,0
Асықты жілік – Tibia	48	7,5	2	2,8	15	4,5
Асық – Talus	6	0,9	1	1,4	10	3,0
Өкше – Calcaneus	3	0,5	2	2,8	5	1,5
Карпальды – Ossa carpi	0	0,0	1	1,4	0	0,0

Тарсальды – Ossa tarsi	1	0,2	0	0,0	5	1,5
Метаподия – Metapodium	2	0,3	1	1,4	4	1,2
Алдыңғы сирақ – Metacarpalia	33	5,2	0	0,0	10	3,0
Артқы сирақ – Metatarsalia	40	6,3	1	1,4	22	6,5
Тұсамыс – Phalanx 1	2	0,3	6	8,3	12	3,6
Топай – Phalanx 2	2	0,3	2	2,8	5	1,5
Тұяқ – Phalanx 3	0	0,0	0	0,0	5	0,0
Всего	639	100,0	72	100,0	336	100

2-кесте. Қарағайлы қаласыы. 2025 жылғы қазба. Үй жануарларының қаңқа элементтерінің құрамы



3-сурет. Қарағайлы қаласы. Қой және ешкінің бас сүйектері. 2025 ж.



4-сурет. Қарағайлы қаласы. 2025 жылғы қазба. Ірі қараның мүйіздері. Мүйіздердің диаметрлеріне назар аударыңыз



5-сурет. Қарағайлы қаласы. 2025 жылғы қазба. Ит, құс және жылқының қаңқа элементтері



6-сурет. Қарағайлы қаласы. 2025 жылғы қазба. Қой және ешкінің алдыңғы және артқы сирақтары. Сүйектердің ұзындықтарына назар аударыңыз.

Қаңқа бөліктерінің қатынасы

Қаңқа бөліктерінің қатынасын талдау (3-кесте) көрсеткендей, барлық жануар түрлері үшін кеуде бөлігі (қабырғалар, омыртқалар, жауырындар) ең көп үлеске ие: уақ малда – 26,1%, жылқыда – 36,1%, ірі қарада – 31,8%. Бұл деректер еттік мақсатта сою кезінде кеуде бөлігінің негізгі азық көзі болғанын айғақтайды.

Сонымен қатар, аяқтың проксимальды бөлігі (сан, тоқпан жілік, асықты жілік және жамбас сүйектері) уақ малда 35,2%, жылқыда 30,6%, ірі қарада 22,6% құрайды. Бұл сүйектерде көбіне қасаптау және мүшелеу іздері байқалады, яғни бұл бөліктер де азық ретінде белсенді пайдаланылған. Аяқтың дистальды бөлігі (табан сүйектері, метаподия, фалангалар) барлық жануарларда айтарлықтай үлеске ие (12,5–17,3%), бұл қалдықтардың қоқыс шұңқырларына толық тасталғанын немесе тері өңдеу кезінде алынғанын көрсетеді.

Жалпы, қаңқа элементтері мен бөліктерінің талдауы Қарағайлы қаласы тұрғындарының мал шаруашылығын негізгі шаруашылық саласы ретінде дамытқанын және ет өнімдерін толық көлемде пайдаланғанын дәлелдейді. Қасаптау қалдықтарының толық болуы, төменгі жақ пен аяқ сүйектерінің көп кездесуі, сондай-ақ омыртқа мен қабырғалардың жоғары үлесі – қаңқа кешенінің тұрмыстық қалдық сипатында екенін көрсетеді. Жылқы сүйектерінің құрылымы оның көлік және жұмыс малы ретінде пайдаланылып, кейін етке сойылғанын болжауға мүмкіндік береді.

Қаңқа бөліктері	Уақ мал		Жылқы		Ірі қара	
	абс.	%	абс.	%	абс.	%
Бас сүйек	161	25,2	6	8,3	74	22,0
Жеке тістер	6	0,9	7	9,7	16	4,8
Кеуде	167	26,1	26	36,1	107	31,8
Аяқтың проксимальды бөлігі	225	35,2	22	30,6	76	22,6
Аяқтың дистальды бөлігі	80	12,5	11	15,3	63	17,3
Жиыны	639	100	72	100	336	100

3-кесте. Қарағайлы қаласы. 2025 жылғы қазба. Үй жануарларының қаңқа бөліктерінің құрамы

Жас ерекшеліктері

Төменгі жақ сүйектеріндегі тістердің сақталу деңгейі жануарлардың жасын анықтауға мүмкіндік берді (4-кесте; 7-сурет). Барлығы 113 уақ малдың, 34 ірі қараның және 10 жылқының жасы анықталды.

Уақ мал (қой-ешкі) сүйектерінің ішінде негізгі үлесті (75,3%) 12 айдан асқан дарақтар құрайды. Соның ішінде ең көбі – толық жетілген, шамамен 2–3 жастағы малдар (m3 бар – 38,1%) және 1–2 жастағы малдар (m2 бар, m3 жоқ – 37,2%). 30 айдан асқан, толығымен жетілген малдар үлесі – 14,2%. Ал 1 жасқа дейінгі жас төлдер саны аз (10 дарақ, 8,8%), 3 айға дейінгі қозы-лақтар тіпті сирек кездеседі (2 дарақ, 1,8%). Бұл мәліметтер уақ малды көбінесе жас кезінде, бірақ толық жетілген соң (етке тиімді жасында) сойғанын көрсетеді.

Ірі қара малдың жасы бойынша құрылымы да ересек жануарлардың басым екенін айғақтайды: 34 айдан асқан сиырлар – 47,1%, 28 айдан асқандар – 35,3%. Барлығының 82,4%-ы – 2,5 жастан жоғары малдар, яғни олар толық жетілген соң ғана сойылған. 6–18 айлық бұзаулар тек 1 жағдайда ғана тіркелді (2,9%). Бұл ірі қара малын ұстаудың ұзақ мерзімділігі мен сүт, еңбек ресурсы ретінде пайдаланғаннан кейін етке жіберілгенін көрсетеді.


Жылқы сүйектері арасында негізінен ересек дарақтар басым: 5–15 жас аралығындағы жылқылар – 50%. Сондай-ақ кәрі дарақтар да кездеседі (15 жастан жоғары – 20%). 2 жасқа дейінгі жас жылқылардың үлесі 30% құрайды. Мұндай құрылым жылқының шаруашылықта ұзақ уақыт пайдаланылып, кейін ғана етке сойылғанын немесе табиғи өлім жағдайларының кездескенін болжайды.

Жалпы, жас ерекшеліктерін талдау Қарағайлы қаласы тұрғындарының мал шаруашылығында жоспарлы сою стратегиясын ұстанғанын көрсетеді. Уақ мал көбінесе жас кезінде, ет сапасы жоғары кезеңде сойылған, ал ірі қара мен жылқы көбінесе толық жетілгеннен кейін немесе шаруашылықтағы негізгі функциясын атқарған соң пайдаланылған. Бұл деректер мал шаруашылығының аралас бағытта – ет, сүт және көлік/еңбек өнімдерін өндіруде кешенді түрде жүргізілгенін дәлелдейді.

Төменгі жақ сүйектегі тістердің жағдайы	Жасы, ай	Абс.	%
	Уақ мал		

pm4 бар	30 айдан жоғары	16	14,2
m3 бар	24 айдан жоғары	43	38,1
m2 бар, m3 жоқ	12–24 ай	42	37,2
m1 бар, m2 жоқ	3–12 ай	10	8,8
m1 жоқ	3 айға дейін	2	1,8
Жануарлар саны		113	100
	Ірі қара		
pm4 бар	34 айдан жоғары	16	47,1
m3 бар	28 айдан жоғары	12	35,3
m2 бар, m3 жоқ	18–28 ай	5	14,7
m1 бар, m2 жоқ	6–18 ай	1	2,9
Жануарлар саны		34	100
Жылқы			
Кәрі жануар	15 жастан	2	20,0
Ересек жануар	5–15 жас аралығы	5	50,0
Жас жануар	2 жасқа дейін	3	30,0
Жануарлар саны		10	100

4-кесте. Қарағайлы қаласы. 2025 жылғы қазба. Үй жануарларының жас ерекшеліктері



7-сурет. Қарағайлы қаласы. 2025 жылғы қазба. Үй жануарларының жас құрылымы

Модификациялық және патологиялық өзгерістер

Сүйек материалдарында анықталған *модификациялық өзгерістер* (5-кесте; 8-9 сурет) жануарлардың қасапталуы мен кейінгі тағдыры туралы маңызды ақпарат береді. Барлығы 277 сүйек модификациялық


өзгерістерге ұшыраған. Олардың ішінде ең көп таралғаны – шабылған іздер (177 дана, 63,9%), бұл сүйектердің басым бөлігі сою және мүшелеу кезінде қасаптық құралдармен бөлінгенін көрсетеді. Мүжілген іздердің (70 дана, 25,3%) болуы тұрмыстық қалдықтардың үй жануарлары (ит, т.б.) немесе жабайы жануарлар тарапынан қайта пайдаланылғанын дәлелдейді. Сондай-ақ кесілген іздер (8,7%) жиі кездеседі – бұл сүйектердің ұсақтап бөлшектенгенін немесе арнайы аспаздық өңдеуден өткенін білдіреді. Кальцинацияланған (1,1%) және өртенген (0,4%) сүйектер қала аумағында от жағу кезінде немесе арнайы отқа күйдіру нәтижесінде пайда болуы мүмкін. Сонымен қатар, тесілген және егілген сүйектердің аз кездесуі (әрқайсысы 0,4%) бұл жерде сүйектен тұрмыстық заттар (құрал, әшекей) жасалғанын болжайды.

Патологиялық өзгерістер 29 сүйекте (барлығының 2–3%) тіркелді. Ең жиі кездескені – тістің окклюзионды бетінің ретсіз қажалуы (31%), бұл жануарлардың ұзақ уақыт жайылымда болып, қатты жем-шөппен қоректенгенін көрсетеді. Laesio circumscripta tali (20,7%) және басқа да буындық өзгерістер (липпинг, анкилоз) жануарлардың тіршілік кезінде қозғалыс жүктемесінің жоғары болғанын, яғни еңбек немесе көлік күші ретінде пайдаланылғанын дәлелдейді. Экзостоза, остеофит және сүйектің қабыну іздері жеке дара сипатта болғанымен, мал денсаулығының бір бөлігінде жарақат немесе созылмалы аурулар болғанын көрсетеді.

Сүйектердегі өзгерістер	Сүйек саны	%
Модификациялық өзгерістер		
Шабылған іздер	177	63,9
Мүжілген іздер	70	25,3
Кесілген іздер	24	8,7
Кальцинацияланған сүйектер	3	1,1
Өртенген сүйектер	1	0,4
Өңделген (тесілген) іздер	1	0,4
Өңделген (егелген) іздер	1	0,4
Жиыны	277	100
Патологиялық өзгерістер		

Тістің окклюзионды бетінің ретсіз қажалуы	9	31,0
Laesio circumscripta tali	6	20,7
Экзастоза	3	10,3
Lesion on the verticillus of the trochlea humeri	3	10,3
Буынның кеңеюі (липпинг)	2	6,9
Анкилоз	2	6,9
Остеофагия	1	3,4
Остеофит	1	3,4
Эбурнеация	1	3,4
Сүйектің қабынуы	1	3,4
Жиыны	29	100

5-кесте. Қарағайлы қаласы. 2025 жылғы қазба. Модификацияланған және патологиялық өзгерістері бар сүйектердің мөлшері



8-сурет. Қарағайлы қаласы. 2025 жылғы қазба. Сүйектердегі патологиялық және модификациялық өзгеріс түрдері



9-сурет. Қарағайлы қаласы. 2025 жылғы қазба. Жануар тістеріндегі өзгерістер

Ет өнімдерін тұтыну көлемі

6-кесте деректері үй жануарларының шаруашылықтағы маңызын сандық тұрғыдан сипаттауға мүмкіндік береді. Остеологиялық спектр бойынша уақ малдың үлесі – 59,6%, ірі қара – 31,3%, жылқы – 6,7%. Алайда тұтас ет өнімдерінің есептік салмағы ескерілгенде, ет өндірудегі басты үлес ірі қараға тиесілі (66,1%). Уақ мал етінің үлесі – 20,9%, жылқы еті – 13,0%. Бұл деректер Қарағайлы қаласы тұрғындарының азық-түлік рационында сиыр етінің жетекші рөл атқарғанын, ал қой еті қосымша, бірақ тұрақты көзі болғанын айғақтайды. Жылқы еті салыстырмалы түрде аз пайдаланылғанымен, оның үлесі маңызды (13%), бұл жылқы етін эпизодтық сипатын көрсетуі мүмкін.

Көрсеткіш	Уақ мал	Ірі қара	Жылқы	Жиыны
Остеологиялық спектр (барлық горизонт), %	59,6	31,3	6,7	1046 сүйек
Ірі тұяқтының тұтас етінің салмағының бір қойдың тұтас етіне еселігі	1	6	5,5	–

Шартты бірліктердегі ет өнімдерінің көлемі	59,6	187,8	36,8	284,2
Ет өнімдерінің көлемдік қатынасы, %	20,9	66,1	13	100

6-кесте. Қарағайлы қаласы. 2025 жылғы қазба. Үй тұяқтыларының ет өнімдерін тұтынудың салыстырмалы көлемін есептеу, (%)

Қорытынды. Қарағайлы қаласының 2025 жылғы қазбасынан алынған остеологиялық материалдардың талдауы бұл ескерткіш тұрғындарының шаруашылық-экономикалық қызметі туралы кешенді мәлімет береді. Барлығы 1394 сүйек қалдығы зерттеліп, оның ішінде үй жануарлары сүйектері басым (1071 дана, 43,2%), бұл мал шаруашылығының жетекші рөл атқарғанын айғақтайды. Үй жануарлары ішінде уақ мал (қой-ешкі) – 59,6%, ірі қара – 31,3%, жылқы – 6,7% үлеске ие болды. Қаңқа элементтерінің таралуы қасаптау және мүшелеу процестерінің жүйелі жүргізілгенін көрсетті: төменгі жақ сүйектері, қабырғалар, омыртқалар және аяқ сүйектері жиі кездеседі, бұл тұрмыстық қалдықтардың толық тасталғанын дәлелдейді. Жас ерекшеліктерін талдау бойынша уақ мал көбінесе 1–2 жас аралығында, яғни етке тиімді жасында сойылған, ал ірі қара мен жылқы көбіне толық жетілген соң пайдаланылған. Модификациялық өзгерістер (шабу, кесу іздері – 63,9%) сүйектердің қасаптық және аспаздық өңдеуден өткенін көрсетеді, ал мүжілген сүйектердің көптігі тұрмыстық қалдықтардың қайталама пайдаланылғанын дәлелдейді. Патологиялық өзгерістердің тіркелуі (буын кеңеюі, анкилоз, экзостоза, окклюзияның бұзылуы) малдардың ұзақ уақыт тіршілікте қолданылғанын, әсіресе еңбек немесе көлік күші ретінде пайдаланылғанын білдіреді. Ет өнімдерінің салыстырмалы есептері тұрғындардың азық-түлік рационында сиыр етінің жетекші рөл атқарғанын (66,1%), қой етінің тұрақты қосымша ресурс болғанын (20,9%) және жылқы етінің эпизодтық түрде қолданылғанын (13%) көрсетті.

Жалпы алғанда, Қарағайлы қаласының остеологиялық материалдары қала тұрғындарының шаруашылығы аралас бағытта – мал шаруашылығын, ет-сүт өнімдерін өндіруді, балық аулауды және аңшылықты үйлестіре жүргізгенін дәлелдейді. Бұл кешенді деректер ортағасырлық қалалық ортаның әлеуметтік-экономикалық моделін

қалпына келтіруге және аймақтағы мал шаруашылығының дамуын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Антипина Е.Е. Модели древнего скотоводства на Кавказе: археозоологические исследования на поселении Кабардинка-2 // Аналитические исследования лаборатории естественнонаучных методов / Отв. ред. Е.Н. Черных, В.И. Завьялов. – Москва: ИА РАН, 2013. – Вып.3. – С. 126–141.

2 Громова В. Остеологические отличия родов Capra (козлы) и Ovis (бараны). Руководство для определения ископаемых остатков // Труды комиссии по изучению четвертичного периода. – Москва: Изд-во АН СССР, 1953. –Т. 10. – Вып.1. - 123 с.

3 Ерохин Н.Г., Бачура О.П. Новый подход к компьютерной формализации раздробленности костных остатков млекопитающих в археологических исследованиях // Методика междисциплинарных археологических исследований : сб. науч. ст. и метод. рекомендаций / Омский государственный унтверситет. – Омск: Наука, 2011. – С. 62-69.

4 Рассадников А.Ю. Палеопатологические исследования в археозоологии: возможности и значение для археологии // Археология Казахстана. № 4 (26), 2024. С. 368–388.

5 Silver I.A. The Ageing of Domestic Animals // Science in Archaelogy. New York.Basic books, Inc., Publishers, 1969. – Pp. 250–268.

6 Zeder M.A., Lapham H.A. Assessing the reliability of criteria used to identify postcranial bones in sheep, Ovis, and goats, Capra // JAS. Vol. 37. Iss. 11. 2010. Pp. 2887–2905.

7 Zeder M.A., Pilaar S.E. Assessing the reliability of criteria used to identify mandibles and mandibular teeth in sheep, Ovis, and Goats, Capra // JAS. Vol. 37. 2010. Iss. 2. Pp. 225–242.

4.2.3 Ұшқан ескерткіші бойынша мал шаруашылығының дамуы және тұрғындардың азықтық стратегиясы

Материал және зерттеу әдістер. Ұшқан ескерткішіндегі 2025 жылғы қазба барысында алынған остеологиялық материалдардың


жалпы саны 454 сүйек болды (1-кесте, 1-2 сурет). Жануар сүйектерін морфологиялық талдауда Ә.Х. Марғұлан ат. Археология институты зооархеология зертханасының эталон коллекциясы пайдаланылды. Зерттеу барысында жануарлардың таксономиялық құрамы, жас ерекшеліктері, етті тұтыну мөлшері мен сүйектердегі түрлі өзгерістер негізгі нысанға алынды [Громова, 1953; Silver, 1969; Антипина, 2013: 139; Рассадников, 2024].

Жануар сүйектерінің таксономиялық құрамы. Сүйек коллекциясының ішінде 378 сүйек (83,3%) үй жануарларына, 4 сүйек (0,9%) жабайы жануарларға, ал қалған 70 сүйек (15,4%) түрге дейін анықтауға келмейтін сүтқоректілерге тиесілі. Сонымен қатар екі адам сүйегі анықталды, бұл қабір шұңқырының немесе кейінгі қайта пайдаланудың іздерін көрсетуі мүмкін. Үй жануарлары ішінде үлесі ең көп түр – ұсақ мал (Ovis et Capra), олардың үлесі 56,3% және сүйек саны 213 дананы құрайды. Ұсақ мал сүйектерінің ішінде нақты анықталған қой сүйектері (Ovis aries) – 41,0%, ал ешкі сүйектері (Capra hircus) – 0,5% болып отыр. Бұл деректер қой шаруашылығының жетекші рөлін айқындайды. Жылқы сүйектері (Equus caballus) 110 дана (29,1%) тіркелді, бұл олардың азық-түлік пен көлік шаруашылығында маңызды орын алғанын көрсетеді. Сонымен қатар, ірі қара сүйектері (Bos taurus) – 10,6%, түйе сүйектері (Camelus bactrianus) – 3,2%, есек (Equus asinus) – 0,3% және ит сүйектері (Canis familiaris) – 0,5% анықталды. Жабайы жануарлардан құлан (Equus hemionus) сүйектері (75%) мен ақбөкен (Saiga tatarica) сүйегі (25%) кездесті. Бұл аңшылықтың белгілі бір рөл атқарғанын, бірақ екінші дәрежелі сипатта болғанын білдіреді.


Жануар түрі	Сүйек саны		%		Жануар саны	
Үй жануарлары						
Уақ мал – *Ovis* et *Capra*	56	213	14,8	56,3	15	24
Қой – *Ovis aries*	155		41,0		8	
Ешкі – *Capra hircus*	2		0,5		1	
Жылқы – *Equus caballus*	110		29,1		10	
Ірі қара – *Bos taurus*	40		10,6		2	

Түйе – *Camelus bactrianus*	12	3,2	1
Есек – *Equus asinus*	1	0,3	1
Ит – *Canis familiaris*	2	0,5	1
Жиыны	378	100	39
Жабайы жануарлар			
Құлан – *Equus hemionus*	3	75,0	1
Ақбөкен – *Saiga tatarica*	1	25,0	1
Жиыны	4	100	2
Түрге дейін анықтауға келмейтін сүйектер			
Сүтқоректі – *Mammalia indet*	70		
Адам	2		
Барлығы	454		

1-кесте. Ұшқан ескерткіші. 2025 жылғы қазба. Жануар сүйектерінің түр бойынша құрамы



1-сурет. Ұшқан ескерткіші. 2025 жылғы қазба. Жануар сүйектерінің қазба тереңдігі бойынша саны



2-сурет. Ұшқан ескерткіші. 2025 жылғы қазба. Үй жануарларының қаңқа элементтерінің сақталу деңгейі ([Ерохин, Бачура 2011] әдісі бойынша)

Үй жануарлары қаңқа элементтері мен бөліктерінің құрамы

2025 жылғы қазба барысында анықталған остеологиялық материалдардың ішінде үй жануарларына тиесілі сүйектердің жалпы саны 363 дана болды, олардың ішінде ұсақ мал сүйектері – 213 (58,7%), жылқы сүйектері – 110 (30,3%), ірі қара сүйектері – 40 (11,0%). Қаңқа элементтерінің таралуы жануарлардың сойылу тәсілін, қаңқа бөліктерінің сақталуын және ескерткіш тұрғындарының шаруашылық қызметін анықтауға мүмкіндік береді (2-3-кесте).

Ұсақ мал сүйектерінің арасында ең көп кездесетін элементтер – қабырғалар (15,5%), омыртқалар (12,7%), төменгі жақ сүйектері (8,9%), сондай-ақ асықты жілік (8,9%) пен сан сүйегі (6,6%). Бұл көрсеткіштер қаңқа бөліктерінің біршама толық сақталғанын, ұсақ малдың еті толық пайдаланылғанын білдіреді. Аяқтың проксимальды бөліктері (жамбас, тоқпан жілік, асықты жілік және т.б.) 35,7% құрап отыр, бұл ет өнімдерінің негізгі бөлігі ескерткіш аумағында дайындалғанын көрсетеді.

Жылқы сүйектерінің құрылымында да ұқсас тенденция байқалады: ең көп үлесті қабырғалар (16,4%), омыртқалар (11,8%), төменгі жақ (7,3%) пен тоқпан жілік (9,1%) құрайды. Сонымен қатар жылқыда жеке

тістердің көптеп кездесуі (14,5%) оның жас ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл деректер жылқының тек шаруашылықта пайдаланылмағанын, сонымен қатар етке сойылғанын да айғақтайды.

Ірі қара сүйектерінде кеуде бөліктерінің үлесі өте жоғары (47,5%), бұл малдың еті негізінен толық пайдаланылғанын және сүйектердің қоқыс шұңқырларына тасталғанын көрсетеді. Сонымен бірге қабырғалар (30%) мен омыртқалар (10%) жиі тіркелуі де ұсақ малдағы сияқты толық ет өндіру үрдісін айқындайды.

Қаңқа бөліктерінің жиынтық талдауы көрсеткендей, кеуде бөліктері – 31,0%, аяқтың проксимальды бөліктері – 35,7%, дистальды бөліктер – 12,7%. Бұл сүйек жиынтығының шаруашылық қалдықтарға тән екенін және сойыс пен ет дайындау орындарының тікелей ескерткіш аумағында орналасқанын көрсетеді.

Жалпы алғанда, Ұшқан ескерткішінің қаңқа элементтері малдың толық қаңқалық кешендерінің қатысуын, ет өнімдерінің кешенді өңделгенін және жылқы мен ұсақ малдың етке жиі пайдаланылғанын дәлелдейді. Бұл материалдар тұрғындардың күнделікті өмірінде мал шаруашылығы жетекші рөл атқарғанын және оның өнімдері тікелей ескерткіш аумағында өңделгенін көрсетеді.

Элементы скелета	Уақ мал		Жылқы		Ірі қара	
	абс.	%	абс.	%	абс.	%
Мүйіз – Cornu	2	0,9	0	0,0	0	0,0
Бас сүйек – Cranium	4	1,9	4	2	5,0	
Жоғарғы жақ – Maxilla	11	5,2	1	0,9	0	0,0
Төменгі жақ – Mandibula	19	8,9	8	7,3	0	0,0
Тіс – Dentes	8	3,8	16	14,5	2	5,0
Атлант – Atlas	1	0,5	0	0,0	2	5,0
Эпистрофей – Axis	5	2,3	0	0,0	1	2,5
Омыртқа – Vertebrae	27	12,7	13	11,8	4	10,0
Құймышақ – Sacrum	0	0,0	1	0,9	0	0,0
Қабырға – Costae	33	15,5	18	16,4	12	30,0
Жауырын – Scapula	8	3,8	3	2,7	0	0,0
Тоқпан жілік – Humerus	10	4,7	10	9,1	1	2,5

Шынтақ – Ulna	5	2,3	2	1,8	0	0,0
Кәрі жілік – Radius	8	3,8	3	2,7	3	7,5
Жамбас – Os coxae	8	3,8	1	0,9	0	0,0
Сан жілік – Femur	14	6,6	3	2,7	0	0,0
Асықты жілік – Tibia	19	8,9	6	5,5	2	5,0
Асық – Talus	4	1,9	1	0,9	2	5,0
Өкше – Calcaneus	0	0,0	0	0,0	1	2,5
Карпальды – Ossa carpi	0	0,0	5	4,5	2	5,0
Тарзальды – Ossa tarsi	1	0,5	0	0,0	0	0,0
Метаподия – Metapodium	5	2,3	2	1,8	3	7,5
Грифельді – Mc II-IV / Mt II-IV	0	0,0	1	0,9	0	0,0
Алдыңғы сирақ – Metacarpalia	10	4,7	4	3,6	0	0,0
Артқы сирақ – Metatarsalia	9	4,2	0	0,0	0	0,0
Тұсамыс – Phalanx 1	2	0,9	4	3,6	1	2,5
Топай – Phalanx 2	0	0,0	3	2,7	2	5,0
Тұяқ – Phalanx 3	0	0,0	1	0,9	0	0,0
Жиыны	213	100	110	100	40	100

2-кесте. Ұшқан ескерткіші. 2025 жылғы қазба. Үй жануарларының қаңқа элементтерінің құрамы

Қаңқа бөліктері	Уақ мал		Жылқы		Ірі қара	
	абс.	%	абс.	%	абс.	%
Бас сүйек	36	16,9	13	11,8	2	5,0
Жеке тістер	8	3,8	16	14,5	2	5,0
Кеуде	66	31,0	32	29,1	19	47,5
Аяқтың проксимальды бөлігі	76	35,7	29	26,4	9	22,5
Аяқтың дистальды бөлігі	27	12,7	20	18,2	8	20,0

Жиыны	213	100	184	100	70	100

3-кесте. Ұшқан ескерткіші. 2025 жылғы қазба. Үй жануарларының қаңқа бөліктерінің құрамы

Үй жануарларының жас ерекшеліктері

2025 жылғы қазба материалдары негізінде төменгі жақ сүйектеріндегі тістердің жағдайына қарай жануарлардың жас құрылымы анықталды (4-кесте). Барлығы 24 ұсақ мал, 2 ірі қара және 10 жылқы сүйектерінің жасы анықталды.

Ұсақ мал арасында негізгі үлесті 12–24 айлық жас топтары құрайды (45,8%), бұл қозылардың бір немесе екі жылдық жасында сойылғанын көрсетеді. 3–12 айлық жас топтарының үлесі 25,0%, яғни төл етін пайдаланудың да маңызы зор болған. Ересек мал (24 айдан жоғары) үлесі шамамен 25% құрайды (pm4 бар және m3 бар топтар). Бұл ұсақ малдың бір бөлігі тек ет үшін ғана емес, сонымен қатар жүн, сүт алу мақсатында да ұсталғанын айғақтайды.

Ірі қара сүйектерінің саны аз болғанымен, екі жануардың бірі 28 айдан асқан, екіншісі 18–28 ай аралығында болған. Бұл сиырдың да ересек жаста сойылғанын, яғни етке сою алдында біраз уақыт шаруашылықта пайдаланылғанын көрсетеді.

Жылқы сүйектерінің жас құрылымында ересек жануарлар басым (70,0%), яғни 5–15 жас аралығындағы жануарлар сойылған. Сонымен қатар, 20% жас жылқылардың табылуы, бұл жануарлардың бір бөлігі арнайы етке өсірілгенін көрсетеді. Жартылай ересек (2–5 жас) жылқылардың үлесі мардымсыз (10%).

Жалпы талдау көрсеткендей, Ұшқан ескерткіші тұрғындары ұсақ малды негізінен бір және екі жасында сойған, бұл ет өнімін тұрақты алу тәжірибесін көрсетеді. Жылқы шаруашылығында да ересек дарақтардың басымдығы олардың шаруашылықта ұзақ уақыт пайдаланылғаннан кейін етке өткізілгенін аңғартады. Бұл деректер ескерткіш тұрғындарының мал шаруашылығындағы кешенді тәсілін және әртүрлі жас топтарын мақсатты түрде пайдаланғанын дәлелдейді.

Төменгі жақ сүйектегі тістердің жағдайы	Жасы, ай	Абс.	%
	Уақ мал		
pm4 бар	30 айдан жоғары	1	4,2
m3 бар	24 айдан жоғары	5	20,8

m2 бар, m3 жоқ	12–24 ай	11	45,8
m1 бар, m2 жоқ	3–12 ай	6	25,0
m1 жоқ	3 айға дейін	1	4,2
Жануарлар саны		24	100
	Ірі қара		
m3 бар	28 айдан жоғары	1	50,0
m2 бар, m3 жоқ	18–28 ай	1	50,0
Жануарлар саны		2	100
Жылқы			
Ересек жануар	5–15 жас аралығы	7	70,0
Жартылай ересек	2–5 жас аралығы	1	10,0
Жас жануар	2 жасқа дейін	2	20,0
Жануарлар саны		10	100

4-кесте. Ұшқан ескерткіші. 2025 жылғы қазба. Үй жануарларының жас ерекшеліктері


Модификацияланған және патологиялық өзгерістерге талдау

Ұшқан ескерткішінен табылған сүйектердің ішінде модификациялық өзгерістер анық байқалады (5-кесте; 3-сурет). Барлығы 9 сүйекте (100 %) адам әрекетінің іздері байқалды. Оның ішінде кесілген іздер – 22,2 %, шабылған іздер – 44,4 %, ал өңделген (тесілген) сүйектер – 33,4 % құрады. Бұл көрсеткіштер ескерткіш материалдарында жануарларды сойып-бауыздау, сүйек өңдеу және тұрмыстық мақсатта пайдалану процестерінің болғанын дәлелдейді. Әсіресе шабылған іздердің үлесі жоғары болуы (44,4 %) жануарларды бөлшектеу кезінде қару немесе өткір құралдардың белсенді қолданылғанын көрсетеді.

Патологиялық өзгерістері бар сүйектер де тіркелді – барлығы 7 сүйек. Олардың ішінде ең жиі кездескені экзостоза (57,1 %), бұл жануарлардың тіршілігі кезінде сүйек тіндерінде қосымша өскіндердің пайда болғанын білдіреді. Сонымен қатар тістің окклюзионды бетінің ретсіз қажалуы (28,6 %) тіркеліп, бұл малдардың азықтану ерекшеліктерін және шайнау жүктемесінің біркелкі болмағанын меңзейді. Ерекше жағдай ретінде жануар жұтып қойған сүйек (14,3 %) анықталды, бұл жануарлардың мінез-құлқы мен қоректену жағдайы туралы қосымша мәлімет береді.

Сүйектердегі өзгерістер	Сүйек саны	%
Модификациялық өзгерістер		
Кесілген іздер	2	22,2
Шабылған іздер	4	44,4
Өңделген (тесілген) іздер	3	33,4
Жиыны	9	100
Патологиялық өзгерістер		
Тістің окклюзионды бетінің ретсіз қажалуы	2	28,6
Экзастоза	4	57,1
Жануар жұтып қойған сүйек	1	14,3
Жиыны	7	100

5-кесте. Ұшқан ескерткіші. 2025 жылғы қазба. Модификацияланған және патологиялық өзгерістері бар сүйектердің мөлшері



3-сурет. Ұшқан ескерткіші. 2025 жылғы қазба. Сүйектердегі патологиялық және модификациялық өзгеріс түрлері

Үй тұяқтыларының ет өнімдерін тұтыну көлемі

Ұшқан ескерткішіндегі остеологиялық материалдарды талдау нәтижесінде үй жануарларының ет өнімдерін тұтыну құрылымын анықтауға мүмкіндік туды (6-кесте). Остеологиялық спектр бойынша негізгі үлесті ұсақ мал сүйектері құрады – 56,3 %, жылқы сүйектері – 29,1 %, ірі қара сүйектері – 10,6 %. Бұл жануарлардың сүйек қалдықтарының таралуы олардың шаруашылықтағы үлес салмағын көрсетеді.

Алайда, ет өнімдерінің көлемін шартты бірліктерде есептегенде, мүлде басқа сипат байқалады. Жылқы еті негізгі ет көзі болып табылады: ол жалпы ет өнімінің 57,2 % құрайды. Ұсақ мал еті 20,1 %, ал ірі қара еті 22,7 % үлеске ие. Бұл деректер жылқының сүйек қалдықтары салыстырмалы түрде аз болғанымен, оның ет өнімінің көлемі өте жоғары болғанын көрсетеді. Басқаша айтқанда, жылқының ет массасы (ірі тұяқтының бір тұтас еті – 5,5 қойға тең) жалпы азықтандыру жүйесінде негізгі рөл атқарған.

Бұл нәтиже Ұшқан ескерткішінде жылқы шаруашылығының ерекше маңызын айқындайды. Жылқы етінің басым болуы тұрғындардың етпен қамтамасыз етілуінде жылқыны негізгі азық көзі ретінде пайдаланғанын дәлелдейді. Сонымен қатар, ұсақ мал мен ірі қара еті қосымша рөл атқарып, азықтандыру құрылымын толықтырған.

Көрсеткіш	Уақ мал	Жылқы	Ірі қара	Жиыны
Остеологиялық спектр (барлық горизонт), %	56,3	29,1	10,6	363
Ірі тұяқтының тұтас етінің салмағының бір қойдың тұтас етіне еселігі	1	5,5	6	–
Шартты бірліктердегі ет өнімдерінің көлемі	56,3	160,1	63,6	280
Ет өнімдерінің көлемдік қатынасы, %	20,1	57,2	22,7	100

6-кесте. Ұшқан ескерткіші. 2025 жылғы қазба. Үй тұяқтыларының ет өнімдерін тұтынудың салыстырмалы көлемін есептеу, (%)

Қорытынды. 2025 жылғы қазба барысында алынған Ұшқан ескерткішінің остеологиялық материалдары ескерткіш тұрғындарының

шаруашылық-экономикалық қызметі туралы маңызды деректер берді. Жануар сүйектерінің түрлік құрамы үй жануарларының (56,3 % ұсақ мал, 29,1 % жылқы, 10,6 % ірі қара, 3,2 % түйе, аз мөлшерде ит пен есек) басым болғанын көрсетті. Бұл көрсеткіштер қоныстағы мал шаруашылығының жетекші рөлін дәлелдейді. Қаңқа элементтерінің жиілігі жануарлардың қасаптан кейінгі бөлшектелу ерекшеліктерін айқындады: сүйектердің ең көп тобы – қабырғалар мен омыртқалар, бұл ет алу мақсатында союдың толық жүргізілгенін көрсетеді. Жас ерекшеліктері бойынша деректер (4-кесте) тұрғындардың шаруашылығында жас малды өсіріп, белгілі бір жасқа жеткенде етке сойғанын, ал жылқылардың көбінің ересек жаста болғанын айғақтайды. Сүйектердегі модификациялық және патологиялық өзгерістер (5-кесте) малдың шаруашылықта кеңінен пайдаланылғанын, кейбірінің тірі кезінде еңбекке жегілгенін және арнайы өңдеу іздері бар екенін көрсетті. Ет өнімдерін салыстырмалы есептеу нәтижелері (6-кесте) жылқы етінің негізгі азық көзі болғанын, ал ұсақ мал мен ірі қара етінің қосымша рөл атқарғанын дәлелдейді. Бұл деректер Ұшқан ескерткіші тұрғындарының шаруашылығында жылқы шаруашылығының айрықша маңызға ие болғанын көрсетеді.

Жалпы алғанда, Ұшқан ескерткішінің остеологиялық материалдары бұл ескерткіште аралас мал шаруашылығы дамығанын, оның ішінде жылқы етін тұтынудың ерекше жоғары үлесі болғанын дәлелдейді. Бұл аймақ тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық өмірінде жылқы тек көлік пен салт мініс құралы ғана емес, сонымен қатар негізгі ет ресурсы ретінде маңызды рөл атқарған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Антипина Е.Е. Модели древнего скотоводства на Кавказе: археозоологические исследования на поселении Кабардинка-2 // Аналитические исследования лаборатории естественно научных методов / Отв. ред. Е.Н. Черных, В.И. Завьялов. – Москва: ИА РАН, 2013. – Вып.3 – С.126–141.

2 Громова В. Остеологические отличия родов Capra (козлы) и Ovis (бараны). Руководство для определения ископаемых остатков // Труды комиссии по изучению четвертичного периода.– Москва: Издательство АН СССР,1953. – Т.Х. – Вып.1. -123 с.

3 Ерохин Н.Г., Бачура О.П. Новый подход к компьютерной формализации раздробленности костных остатков млекопитающих в археологических исследованиях // Методика междисциплинарных археологических исследований : сб. науч. ст. и метод. рекомендаций / Омский государственный унтверситет. – Омск: Наука, 2011. – С. 62-69.

4 Рассадников А.Ю. Палеопатологические исследования в археозоологии: возможности и значение для археологии // Археология Казахстана. № 4 (26) 2024. – С.368–388.

5 Silver I.A. The Ageing of Domestic Animals // Science in Archaelogy. New York.Basic books, Inc., Publishers, 1969. Pp. 250–268.

5 ҚАРАҒАЙЛЫ, ҰШҚАН ЖӘНЕ АЩЫСАЙ МЕКЕНДЕРІНДЕГІ НУМИЗМАТИКАЛЫҚ МАТЕРИАЛДАРДЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Қарағайлы, Ұшқан, Ащысай мекендеріндегі қазба орындарынан табылған нумизматикалық жәдігерлерді өңдеуде Ресей Федерациясының ғалым нумизматы, т.ғ.к. Павел Николаевич Петров басшылық жасады.

Керуен жолындағы кез-келген археологиялық ескерткіштерді зерттеу барысында ең маңызды мәселелері – олардың қашаннан бастап және қанша уақыт жұмыс жасағанын анықтау, жергілікті нарықтардағы ақша айналымын қалыптастырған көздерді айқындау, сондай-ақ әр кезеңдегі ақша айналымының бағыты мен сипатын белгілеу болып табылады. Керуен жолы бойымен жүрген сауда керуендері бір ірі логистикалық орталықтан екіншісіне дейін жылжып отыра, кейде керуен-сарайларда қысқа мерзімді тынығу үшін аялдаған. Әдетте, керуен-сарайлар жиі пайдаланылатын сүрлеулерде салынған. Біз байқағандай, аралық логистикалық тынығу орталықтары ең қарқынды түрде Шыңғыс ұрпақтарының билігі кезінде, соның ішінде Алтын Орда аумағында салына бастаған. Бұл бағытта ортағасырлық Сарайшықтан Еділ бойындағы қалаларға жететін соңғы жылдары ашылған Қарағайлы мен Ащысай археологиялық ескерткіштері аса маңызды. Аталған мекендер Еділ бойынан (Селитренное қалашығы – ортағасырлық Сарай әл-Жәдид) ортағасырлық Сарайшық қаласымен байланыстырады. Сондай-ақ Сарайшықтан Хорезмнің тарихи аймағына апаратын жолдағы Ұшқан қаласының (Керуен сарайы) да бұл керуен жолында өз орыны бар. Әдістемелік тұрғыдан алғанда, әрбір осы ескерткіштердегі табылған нумизматикалық жәдігерлерді Сарайшық, Селитренное ескерткіштерінің нумизматикалық деректерімен және Хорезм ескерткіштерінен қолжетімді ақпараттармен салыстыра зерттеген жөн болады.

Селитренное қалашығынан табылған мыс теңгелердің нумизматикалық кешенін 2002 жылы В.Б. Клоков пен В.П. Лебедев жариялаған болатын [1]. Олар жекелеген олжалардан табылған 2675 дана Жошы дәуірі пұлдарын атрибуциялап, талдады. Солардың ішінде Хорезмде соғылған небәрі 25 пұл анықталды, бұл табылған олжалардың 1%-нан да аз бөлігін құрайды.

Қарағайлы қаласында 2024 жыл мен 2025 жылда жүргізілген қазба жұмыстары барысында табылған тиындар саны салыстырмалы түрде аз (20 дана) тіркелді, бұл көрсеткіш Ащысайда 2024–2025 жылдардағы археологиялық маусымдарда табылған 45 дана тиынмен салыстырғанда төмен. Мұндай сандық айырмашылықтар әр ортағасырлық қалалар аумағындағы халықтың қызметінің әртүрлілігімен немесе ескерткіштің археологиялық түрде ашылған аумағының аздығымен байланысты болуы әбден мүмкін. Ащысайда табылған 45 дана тиынның ішінде 1-і күміс дирхем болса, қалғаны – пұлдар, олардың ішінде 1 дана – хорезмдік тиын бар (58 пұлдың 1,7%-ы). Қарағайлы аумағында әзірге хорезмдік пұлдар анықталған жоқ.

Ұшқан қаласы - Сарайшық пен Көне Үргеніштің аралығында орналасқан. Мұндағы нумизматикалық кешеннің сандық көрінісі Ащысай мен Қарағайлыдан біраз ерекше. 2021 - 2024 жылдардағы «Сарайшық» музей-қорығы археологтары жүргізген экспедиция мен археологиялық барлау нәтижесінде 22 тиын табылса, 2025 қазба жұмыстары барысында археологтар 9 дана тиын тіркеген. Жалпы тиындар саны: 31 дана. Барлық тиындар ішінде 1 данасы күміс дирхем, қалған 30-ы – мыс пұлдар. Солардың ішінде 2 пұл (6,7%) – хорезмдік соғылым.

Хорезмнің археологиялық ескерткіштеріндегі тиындар табылымы бойынша зерттеу жұмыстары бұл өңірдегі ақша айналымының сипаты мен кезеңделуі туралы туындаған сұрақтарға толық жауап беру үшін әрине, жеткіліксіз. Дегенмен, нумизматикалық материалды қысқаша сипаттап қарастыруға болады. Хорезмнің ақша сарайында соғылған күміс өнімдерінің ең ерте нұсқалары Дәукескен қаласынан табылған шағын көмбе құрамында тіркелді (Петров, 2010). Көмбе 658/1260 жылдан 668/1269–70 жылдар аралығымен белгіленеді. Келесі мақалада Дәукескен қаласынан (Сарықамыс көлі маңындағы Түрікменстан аумағы) табылған дирхемдер жеке сипатталады, олар XIII ғасырдың екінші жартысы мен XIV ғасырдың басына (706/1306–07 жылға дейін) жатады [2]. 1260–1307 жылдар аралығында қарастырылып отырған кезеңде Дәукескен қаласы аумағында хорезмдік тиындардың кездеспеуімен сипатталады, сондықтан ақша айналымын жергілікті, аймақтық деп сипаттауға болады. Аталған кезеңде бұл өңірде негізінен күміс тиындар айналымда болған. Әрине, хижра жыл санауы бойынша 670 жылдардың шамамен бірінші жартысы басталғанға дейін алтын тиындар да соғылған. Алайда, осы кезеңге жататын мыс тиындары

белгісіз. Біз үшін Хорезм аймағындағы ең маңызды нумизматикалық материал – Жошы пұлдары, өйткені, дәл осы соғылымдар Селитренное, Сарайшық қалаларында және керуен-сарайларында табылған нумизматикалық олжалардың басым бөлігін құрайды.

Хорезмде Жошы дәуірінің мыс тиындарды соғу ісінің басталуы 708/1308–1309 жылмен байланыстырылады [3,с.189тип1]. *Хваризм* ақша сарайы атауымен белгілі Дәукескен қаласынан табылған мыс пұлдар үшінші мақалада қарастырылған [4]. Мақалада барлығы Дәукескен қаласынан жекелей табылған 833 дана тиын талдауға алынды. Герман Алексеевич Федоров-Давыдов Шахерлик қалашығынан табылған нумизматикалық олжаларды жариялады [5]. Бұл екі жағдайда да жоғарыда аталған ақша сарайларынан табылған тиындардың құрамы туралы бірдей қорытынды жасалғанын байқаймыз: «XIV – XV ғасырдың басындағы Дәукескен қаласы аумағындағы мыс тиындар айналымы шектеуінің жоғарғы деңгейі (~97% нарықты жергілікті өніммен толтыру) және Шахерликтегі (~99%) көрсеткіш (яғни, хорезмдік емес теңгелердің нарыққа ену деңгейінің төмендігі) Хорезмде мыс айналымы саласында ерекше ақша саясаты жүргізілгенін көрсетеді» [4, с.237-245]. Яғни, бұдан түйер ой - біз төменгі Поволжьеден шыққан мыс тиындардың Хорезм аймағында белсенді айналымда болғаны байқалмайды.

XIV ғасырдағы Үргеніш, Кят (Қият) және Хиуа қалаларындағы ақша мөлшері (салмағы) құрамын толыққанды анықталмаған. Мүмкін, бұл қалаларда Еділ бойында соғылған жошылық мыс тиындар анағұрлым көп көлемде айналымда болған шығар? Екінші жағынан, жуырда біз Үстірттегі атауы жоқ қалашықтан табылған тиындар кешенін жариялады қ. Барлығы 464 дана тиын талданды, оның ішінде: күміс дирхемдер – 277 дана, алтын динарлар – 13 дана, мыс пұлдар – 174 дана. Сонымен қатар 75 данадан тұратын күміс дирхемдер көмбесі де зерттелді. Бұл көмбе оның құрамында Еділ өзені бойы қалаларының күміс тиындары бар екенін көрсетті: Хваризмде – 81,3%; Сарай, Сарай әл-Махрус және Сарай әл-Жәдидте– 14,6%; Гүлістанда – 2,7%; ақша сарайы көрінбеген алтынордалық елді мекендер – 1,3% құрайды. Күміс тиындардың жеке табылулары да көмбе берген статистикалық мәліметтерді растап отыр: қалашық кешеніндегі хорезмдік теңгелер шамамен ~85 пайызды құраса, ал Еділ өзені бойы қалаларынан – ~15 пайыздай табылып отыр. Еділ бойынан шыққан пұлдардың басым бөлігі 760-шы /1360 жылдардағы аласапыран кезеңіне тиесілі және

олардың 174 дананың ішіндегі үлесі өте аз – 4 пайыз ғана құрайды. Қалған пұлдардың барлығы дерлік хорезмдік соғылымдар.

Сарайшық қаласынан табылған 467 дана тиынның жекелеген нұсқаларын Сарайшық музей-қорығы ғалымдарының 2021, 2022, 2024 жылғы зерттеулерінің нәтижесінде төмендегідей қорытындыға тоқтаған: «Сарайшық кешенінде 33 хорезмдік тиын бар (кешендегі барлық тиындардың 7,1%-ы), шамамен онжылдықтар бойынша бірдей таралған – тіркелген 33 хорезмдік тиынның 13,6±4,6 пайызын құрап отыр» [6]. Қолдағы бар деректерге сүйенсек, Сарайшықтағы ақша топтамасында хорезмдік соғылымдардың сарайлықтардан басымдылығы байқалмайды. Яғни, Хорезмнің ақша өнімдері Жайық өзені бойындағы нарықтарға XIV ғасырдың он жылдықтары бойынша біркелкі келіп отырған деп бағалауға болады» [7, с.185-192]. Әрине, бұл қорытынды интегральды сипатта ғана айтылып отыр. Біз назар аударған ортағасырлық Сарайшықта 770/1368–1369 жылдан кейінгі соғылған тиындар әзірге тіркелмеген. Сондықтан деректерді салыстыру кезінде Сарайшықтағы 33 хорезмдік тиынның ішінен хижраның 760-жылдарынан кейін соғылған 19 дананы алып тастау қажет, сонда 14 дана қалады. Сол тәрізді жалпы 459 дана жошы соғылымдарының ішінен де 770/1368–1369 жылдан кейінгі соғылған 91 дананы алып тастау қажет, сонда 368 дана қалады. Осылайша, 368 жошылық соғылымның ішінде 1 дана — күміс дирхем, 367 дана — мыс пұл, олардың ішінде хорезмдік пұлдар — 14 дана (3,8%) деген тоқтамға келдік.

Бұл ақпаратты талдау үшін алынған нәтижелердің қорытындысын төмендегі №1 кесте арқылы көрсеттік.

Археологиялық ескерткіш	Зерттелген пұлдардың саны, дана	Хорезмдік пұлдардың үлесі	
		дана	%
Селитренное	2675	25	0,93
Карағайлы	20	0	0
Ащысай	45	1	2,2
Сарайшық	367	14	3,8
Ұшқан	31	2	6,7
«Атаусыз қала» Үстірт	174	149	~85
Дәукескен-қала	833	806	~97

(Хорезм облысы)			

1-кесте. Еділ өзені бойы мен Әмудария өзені бағыты бойынша Сарайшық қаласы арқылы өтетін ортағасырлық керуен жолындағы археологиялық ескерткіштерде хорезмдік мыс теңгелердің кездесуі бойынша салыстырмалы кестесі

Жоғары берілген 1-кестеден көрініп тұрғандай, Хорезмде жергілікті соғылымдағы пұлдар өңір нарықтарының қажеттіліктерін қамтамасыз етіп отырған жалғыз дерлік ақша түрі болған. Аймақ шекарасынан Еділ бойына қарай («Атаусыз қала» – Ұшқан – Сарайшық – Ащысай – Қарағайлы – Селитренное) алыстаған сайын хорезмдік тиындар саны күрт азаяды. Бұл жағдайда Хваризм ақша сарайында XIV ғасырда соғылған, 769/1367–1368 жылдан кеш емес пұлдарды ғана талданды. Қазіргі таңда барлық зерттеліп отырған ескерткіштер бойынша толыққанды статистикалық талдау жасауға жеткілікті толық нумизматикалық материалдың болмауын да ескеруіміз қажет. Дегенмен, байқалып отырған үрдіс айқын сипатқа ие.

Яғни, қарастырылып отырған кезеңде хорезмдік мыс тиын өңірлік ақша рөлін атқарған, шамасы, Еділ бойының мыс тиындарына қарағанда күштеп белгіленген жоғары «айырбас курсымен» айналымда болып, осылайша, айналымның жергілікті сипатын сақтап, жергілікті нарықты Еділ бойынан келетін пұлдардың толып кетуінен қорғаған. Бұл өз кезегінде Хорезм аймағына әкімшілік тұрғыдан қарасты жерлерді (кем дегенде XIV ғасыр басынан бастап 1360-жылдарға дейінгі кезеңде) Хваризм ақша сарайының жошылық пұлдарының белгілі бір елді мекендердегі табылу статистикасы арқылы анықтауға болатынын білдіреді.

Бұл мәселені шешу Хорезм – Сарайшық – Еділ бойы, Хорезм – Маңғышлақ бағыттарындағы тауар-ақша қатынастарын түсіну үшін ғана емес, сондай-ақ Хорезм – Женд, Хорезм – Отырар бағыттары үшін де аса маңызды.

1370 жылдардың басында Ұрыс хан (немесе оның алдындағы билеуші) билікке келгеннен кейін әкімшілік шекаралар өзгеруі мүмкін. Бұл үдеріс әсіресе, 1380-жылдардың басында Тоқтамыс пен Әмір Темір кезеңінде күшейген. Сол себепті, бұл кезеңде хорезмдік мыс тиын Хорезм аймағындағы ақша айналымының жергілікті көрсеткіші ретіндегі мәнін жоғалтқан болуы да мүмкін.

Бүгінгі күнге дейін ортағасырлық Сарайшық қаласы аумағынан Жәнібек, Өзбек, Тоқты, Қызыр хандардың тиындарымен қатар, Бердібек, Құлына, Наурыз, Қайыр Болат және Абдуллах хандардың тиындары да анықталған. Археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде табылған нумизматикалық олжалардың ішінде Жәнібек хан билігі кезеңіне тән тиындар басымдыққа ие [8]. Ал Сарайшықта соғылған мыс тиындар біркелкі Мүрид хан есімімен шыққан. Бұл нумизматикалық жәдігерлер хижра жыл санауы бойынша 763 жылға тиесілі. Соңғы жылдарда жүргізілген қазба жұмыстары барысында Мүрид ханның соғылымы жиі кездесуде (1-сурет). Ал ортағасырлық Сарайшық маңындағы ортағасырлық елді мекендер Ащысай мен Қарағайлыдан әлі анықталмады.



1-сурет. Мүрид хан соғылымы. Сарайшық. 763 х.ж. (Фотосурет Ж. Байғалиев)
Ескерту: 2024 жылғы Сарайшық қаласы орнындағы №6 қазба орны

Аталған нысаналы бағдарлама бойынша жүргізілген археологиялық қазбалар кезінде табылған нумизматикалық жәдігерлер Ащысай мекенінде 2024-2025 жылдары жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында барлығы 45 нумизматикалық жәдігер табылды. 2024 жылы 6 тиын табылған болса, 2025 жылы 39 тиын анықталды.

№ А-01...	Салмағы, г	Диаметр, мм	Соғылған қала	Жыл, х.ж	Эмитент
1	0,92	13,5-14,5	Сарай әл-Жәдид	[743-750]	Белгісіз
2	1,10	15,5-15,9	Ас-Сарай	[731]	Белгісіз
3	1,29	16,2-16,5	Сарай әл-Жәдид	[743-750]	Белгісіз
4	1,32	14,5	Сарай әл-Жәдид	740	Белгісіз
5	1,02	13,5	Көрсетілмеген [Сарайшық]	(784 – 794)	анэпиграфный (эпиграфсыз) – ешқандай жазуы жоқ. Тоқа-Темір әулетінің таңбасы бейнеленген. 
6	0,73	16	[Сарай]	[721]	Белгісіз

2-кесте. 2024 жылы Ащысай мекенінен жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған тиындар кестесі

Жалпы қазба орындарынан табылған тиындардың сақталуы деңгейі нашар. 2-кестеден көрсетілгендей, тиындар қайсы билеушінің есімімен шығарылғаны байқалмайды. Тек қана соғылған қала, жылы немесе суреттері берілген. 2024 жылы Ащысайдан табылған 6 дана мыс тиынның ішінде Хорезм соғылымы байқалмаса да, Тоқа-Темір әулеті таңбасы бейнеленген Сарайшық соғылымы анықталды [9, 72 б.].

2025 жылы Ащысай мекеніндегі үш жерде археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді. Қазба жұмыстары барысында жалпы 39 дана нумизматикалық жәдігер анықталған болса, оның ішінде 11 данадан тұратын мыс тиындар көмбесі табылды.

№ А-	Салмағы, г	Диаметр, мм	Соғылған қаласы	жыл, х.ж.	Эмитент	Ескертулер

17	1.24	17	Сарай	[718]	Өзбек	AR. Дирхем. бүгілген. беті тот басқан. (Лебедев и др. 2008: 447, рис. 4, №10/3).
32, 19	1,10; 1,66	18, 17	[Сарай]	[721]	белгісіз	AE. Пул. Тип «звезда» («жұлдыз»). (Лебедев и др. 2008: 460, рис. 17, № 12/1б).
30, 31	1,02; 1,04	16, 17	Сарай	[726]	белгісіз	AE. Пул. Тип «Басы артына қараған, солға қарап тұрған құс». (Лебедев и др. 2008: 460, рис. 17, № 13/2 - а-1).

13	1,36	15	ас-Сарай әл-Махрус?	73[1]	белгісіз	АЕ. Пул. Тип «он алты /данг». (Лебедев и др. 2008: 460, рис. 17, № 14/3 - в-1 /Д-1).
15	1,29	14	Сарай?	737	белгісіз	АЕ. Пул. Тип «арыстан және күн». Жылы картуштың төменгі бөлігінде көрсетілген.
16, 21	1,24; 1,26	15, 15	Сарай	[737]	белгісіз	АЕ. Пул. Тип «арыстан және күн». (Лебедев и др. 2008: 460, рис. 17, № 17/7).

22	1,12	16	Йангикент	[737]	белгісіз	АЕ. Пул. Тип «он алты /данг». (Петров и др. 2023: 76-77).
20	1,79	16	Хваризм	[737]	белгісіз	АЕ. Пул. Тип «Күн шаянның қысқыштарында бейнеленген». (Федоров-Давыдов 1965: 221, рис. 3).
26	0,87	14	Сарай?	[737?]	белгісіз	АЕ. Пул. Тип «арыстан және күн» - (Сарай қаласында 731 х.ж. қайта соғылған). Беті қатты тот басқан.
8, 10, 14, 18, 25,	1,19; 0,86; 1,40; 0,80; 1,23	15, 14, 16, 17, 15	Сарай әл-Жәдид	[743-750]	белгісіз	АЕ. Пул. Тип «Екі басты құс»

29	1,32	18	[Сарай әл-Жәдид]?	[743-750]?	белгісіз	АЕ. Пул. Тип «Екі басты құс»? Беті қатты бүлінген.
27	1,60	17	Сарай	не указан [712-720]	белгісіз	АЕ. Пул. Тип «Январь солға беттеген» Аңыз «кутлуг болсун ...». (Лебедев и др. 2008: 460, №20/11).
7, 9, 11, 12, 23, 24, 28, 33, 34	0,99; 1,36; 1,74; 0,89; 1,42; 1,17; 0,85; 0,50; 1,48	14, 16, 17, 16, 16, 17, 14, 13; 15	-	-	-	АЕ. Атрибуция жасау мүмкін емес. Бетінде қатты коррозия бар. №33 – сынған.

3-кесте. 2025 жылы Ащысай мекенінен жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған тиындар кестесі

2025 жылы табылған тиындардың көпшілігі қазба аймағының оңтүстік және оңтүстік-шығыс бөлігінен анықталды. Жоғарыдағы 3-

кестеде көрсетілген 28 дана тиын бір жерде шоғырланған. 2024 жылғы қазба аймағына қарай тиындардың саны да азая түседі. Бұл 2024 жылғы қазба орнында мал шаруашылығы орны, қора мен тұрғын үй болғандықтан ондағы тиындардың көпшілігі жойылған болуы мүмкін. Ащысай өзегінің мал шаруашылығы орналасқан жерден оңтүстікке қарай тиындар саны артып отырды. (2-сурет).



2-сурет. №1 қазба орны. Ащысай. 2025 жыл. (Фотосурет: Ж. Байғалиев).
Ескерту: Фотосурет спутник түсірілімі арқылы әзірленді.

Тиындар Сарай, Сарай әл-Жәдид, Сарай әл-Махрус, Жаңакент (Йангикент), Хорезм қалаларында соғылған. Мысалы, 3-ші кестеде берілген А-17 номерлі тиын күміс дирхем Өзбек ханның соғылымы.

Ащысайдан табылған құнды нумизматикалық жәдігерлерден бірі 11 дана мыс көмбесі болды. Мыс көмбе Ащысайдағы №2 қазбаның оңтүстігінен анықталған. Суретте А-35/45 реттік номерлерімен белгіленген (3 – сурет).



3-сурет. №2 қазба орны. Ащысай. 2025 ж. (Фотосурет: Ж. Байғалиев)

Ескерту: Фотосурет спутник түсірілімі арқылы әзірленді.

Жоғарыдағы суретте Ащысай мекеніндегі №2 археологиялық қазба орны қызылмен белгіленген. №1 қазба орнынмен салыстарғанда бұл жерден тиындар сирек кездесті. Бірақ тиындар табылған орындар бір-біріне жақын орналасқан. Оңтүстік-шығыс бөлігіндегі Ащысай өзегіне жақындаған сайын тиындар кездесуі тоқтайды.

№ А-	Салмағы, г	Диаметр, мм	Соғылған қаласы	жыл, х.ж.	Эмитент	Ескертулер
Мыс көмбе						
35-45	1,55; 1,63; 1,43; 1,33; 1,58; 1,70; 1,64; 1,51; 1,60; 1,74; 1,75	18, 16, 17, 17, 17, 16, 16, 16, 18, 18, 16	Сарай	[712-720]	белгісіз	АЕ. Пул. Тип «Жануар солға беттеген» аңыз «кутлуг болсун ...». (Лебедев и др. 2008: 460, №20/11; Z/282885).

4-кесте. 2025 жылы Ащысай мекенінде жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған мыс тиындар көмбесінің кестесі.

Кестеде Ащысай мекеніндегі №2 археологиялық қазба орнының оңтүстігіне қарай шамамен 20 м қашықтықтан табылған мыс тиындар көмбесі туралы мәлімет берілген. Олар А-35/45 реттік номерлерімен белгіленген. Мыс көмбені тазалау барысында барлық тиындар солға қарай қарап тұрған жануар (барыс немесе арыстан) бейнеленген. Көмбедегі тиындар Сарай қаласында соғылғаны белгілі болды. (4-сурет).



4-сурет. №3 қазба орны. Ащысай. 2025 ж. (Фотосурет: Ж.Байғалиев)
Ескерту: Фотосурет спутник түсірілімі арқылы әзірленді

Ащысай мекеніндегі №3 археологиялық қазба орны. Бұл жерден тек 2 дана мыс тиын анықталды. Оған қазба орнының солтүстік-батысында орналасқан шеңбер тәріздес нысанға жақын орналасуы болса керек. Кезінде аталған орында мал бағылған. Сондықтан жер бетінде әртүрдегі темір қалдықтары көп кездеседі.

Қарағайлы мекенінде 2024-2025 жылдары жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында жалпы 20 нумизматикалық жәдігер анықталған. 2024 жылы – 16 дана, 2025 жылы – 4 дана (5-сурет).



5-сурет. Қарағайлы қазбасы. Тиындардың табылған орындары. 2025 ж. (Фотосурет: Ж.Байғалиев). Ескерту: Фотосурет спутник түсірілімі арқылы әзірленді.

Төменде 5-ші кестеде көрсетілгендей, Қарағайлыда Ащысаймен салыстарғанда тиындар аз кездеседі. Қарағайлыда металл іздегіш құрылғы көмегімен жердің беткі қабаттарын тексеру барысында қара металл бөлшектері көптеп кездеседі. Тиындар Сарай, Жаңакент (Йангикент), Сарай әл-Жәдид және Хорезм қалаларында соғылған. Эмитенттері белгісіз.

№ Q-	Салмағы, г	Диаметр, мм	Соғылған қаласы	жыл, х.ж.	Эмитент	Ескертулер

2, 10	1,42; 1,80	17; 16,4	Са-рай	не ука-зан [712-720]	Белгісіз	АЕ. Пул. Тип «Январь солға беттеген» аңыз «кутлуг болсун ...». (Лебедев и др. 2008: 460, №20/11).
5, 7, 19	1,09; 1,37; 1,08	17,1; 16,7; 18	[Сарай]	[721]	Белгісіз	АЕ. Пул. Тип «жұлдыз». (Лебедев и др. 2008: 460, рис. 17, № 12/1б).
16, 20	1,46; 1,55	14,9-17,8; 15	ас-Са-рай	[731]	Белгісіз	АЕ. Пул. Тип «он / алты /данг». (Лебедев и др. 2008: 460, рис. 17, № 14/3 – а-1).
8	1,46	15,5-16,5	ас-Са-рай	[7]31	Белгісіз	АЕ. Пул. Тип «он / алты /данг». (Лебедев и др. 2008: 460, рис. 17, № 14/3 – а-2).
13	1,14	15,3-17,5	Йан-гикент	[737]	Белгісіз	АЕ. Пул. Ортасында тесігі бар. Қатты зақымданған. Тип «он алты /данг». (Петров и др. 2023: 76-77).
4	1,23	14,5	Сарай әл-Жәдид	[743-750]	Белгісіз	АЕ. Пул. Тип «Екі басты құс»

9, 17	2,25; 1,88	17,5; 17	Сарай әл-Жәдид	[751-762]	Белгісіз	АЕ. Пул. Тип «розетка» (гүл).
18	1,51	16	Хваризм	71х	анық емес	АЕ – Дирхамның қолдан жасалған көшірмесі (жалған ақша)
14, 15, 11, 12, 6, 3, 1	1,30; 1,32; 1,80; 1,43; 0,63; 0,58; 1,79	18-19; 22; 16; 17,6; 15; 14,1; 17-20,1	-	-	-	АЕ. Пул. Түрі белгісіз. Атрибуция жасау мүмкін емес. №15, 6 және 3 – сынық.

5-кесте. 2024-2025 жылдары Қарағайлы мекенінен табылған тиындар тізімі

Ұшқан керуен-сарайынан 2025 жылы жүргізілген қазба жұмыстары барысында 9 дана нумизматикалық жәдігерлер анықталды. Тиындарды тазалау жұмыстары жүргізілуде. Алдағы уақытта жоғарыда келтірілген 1-кестедегі Ұшқанға байланысты статистикалық деректерге өзгеріс болуы мүмкін. Одан өзге, 2025 жылдың бірінші жарты жылдығында ескерткіш аумағында жүргізілген археологиялық барлау жұмыстары барысында 6 тиын табылды. Аталған тиындар тазаланып, оқылды. 2025 жылы Ұшқанда жүргізілген қазба жұмыстарында табылған нумизматикалық жәдігерлер 6-шы кестеде көрсетілген.

№ U-	Салмағы, г	Диаметр, мм	Соғылған қаласы	жыл, х.ж.	Эмитент	Ескертулер
1	2.41	2.41	Хваризм	[762]	Қызыр	АЕ. Пул. (Федоров-Давыдов 1965: 191, №16).

2	3.29	3.29	Сарай әл-Жәдид	[762]	Қызыр	Пул.
4	3.17	3.17	Сарайшық	[763]	Мурид	АЕ. Пул. (Петров и др. 2023: 58 №1-4).
3	1.49	1.49	Сарай әл-Жәдид	751-762	белгісіз	АЕ. Пул. Тип «розетка» (гүл).
5	1.88	1.88	Сарай әл-Жәдид	752	белгісіз	АЕ. Пул. Тип «розетка» (гүл).
6	1.68	1.68	Сарай әл-Жәдид	751-762	белгісіз	АЕ. Пул. Тип «розетка» (гүл).

6-кесте. 2025 жылғы Ұшқан керуен-сарайына жасалған археологиялық барлау жұмыстары барысында анықталған тиындар тізімі

Жоғарыда берілген 6-шы кестеде Ұшқан керуен-сарайынан табылған нумизматикалық деректердің аймақтық және хронологиялық ауқымын сипаттайды. Нумизматикалық жәдігерлер салмағы, диаметрі, соғылған жері, уақыты, эмитенті және әдебиеттегі ескертпелері бойынша сипатталған. Бұл тиындар XIV ғасырдың ортасына тән, негізінен Хорезм, Сарай әл-Жәдид және Сарайшық қалаларында соғылған. Эмитенттер ішінде Қызыр мен Муридтің есімдері кездеседі. Сонымен қатар, белгісіз билеушілерге тиесілі «розетка» типіндегі тиындар да бар.

Нумизматикалық деректерді тарихи ақпарат көзі ретінде қарастыруға болады. Өйткені, белгілі бір билеуші кезеңінде соғылған тиындардағы қала атауы мен таңбалар арқылы сол дәуірдегі мемлекеттегі саяси, экономикалық және әлеуметтік жағдайларды анықтауға мүмкіндік туады. Нумизматикалық жәдігерлерді ғылыми еңбектер және жылнамалардан кейінгі дереккөз ретінде қолдануға болатынын ескерсек, онда тарих беттеріне жаңа мәліметтер қалдыруға болады. Тиындардың таралу аймағы арқылы, Сарайшық қаласы және

оған жақын маңдағы алтынордалық мекендердің басқа аймақтармен экономикалық және саяси қарым-қатынасын білуге болады.

2024-2025 жылдары Ащысай, Қарағайлы қалаларындағы және Ұшқан ескерткіші орнындағы қазба жұмыстары барысында табылған нумизматикалық материалдар сауда байланыстарын жақсы көрсетеді және ескерткіштердің өмір сүрген уақыты алтынордалық кезең екенін айғақтайды. Қазба жұмыстары барысында Сарай, Сарай әл-Жәдид, Хорезм, Жаңакент (Йангикент), сонымен қатар Сарайшық қаласында соғылған тиынның табылуы ескерткіштердің Сарайшық қаласымен тікелей байланыста болғанын білдіреді. Ащысай қаласынан табылған Сарай қаласында соғылған 11 мыс тиын көмбесін, Ұшқан қаласынан Мохша қаласында соғылған Өзбек ханның күміс дирхемін, Қарағайлы, Ащысайдан табылған Йангикент қаласында соғылған мыс пұлды ерекше атап өтуге болады.

Қорыта келгенде, Ащысай, Қарағайлы, Ұшқан ескерткішінен табылған нумизматикалық жәдігерлердің алғаш рет зерттеу аумағына алынып, тазаланып оқылуы, олардың барлығы 113 дананы құрап «Сарайшық» музей-қорығының нумизматикалық топтамасын толтыруы зерттеуіміздің басты ғылыми жаңалығы болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Клоков В.Б., Лебедев В.П. Монетный комплекс с Селитренного городища. (Золотая Орда, город Сарай) // Древности Поволжья и других регионов. Вып. IV Нумизматический сборник. Нижний Новгород, 2002. -Т.3. -С. 73-165.

2 Петров П.Н. Клад из Дев-кескен-кала и вопросы начала чеканки серебряных монет в Джучидском улусе // Золотоордынская цивилизация. Сборник статей.– Казань: Институт истории им. Ш.Марджани АН РТ, 2010. – Вып. 3. – С.121-149.

3 Федоров-Давыдов Г.А. Нумизматика Хорезма золотоордынского периода // Нумизматика и эпиграфика. М., 1965. Т.V. С.179-219.

4 Петров П.Н. Находки дирхемов конца XIII в. из Дев-кескен-кала // Золотоордынская цивилизация. Сборник статей. – Казань: ООО «Фолиант», Институт истории им. Ш. Марджани АН РТ, 2011. – Вып. 4. С. 218-237.; Петров П.Н., Бугарчев А.И. Медные монеты из Дев-кескен-

кала // Золотоордынская цивилизация. Сборник статей.– Казань: Институт истории им. Ш. Марджани АН РТ, 2012. – Вып. 5. С. 237-245.

5 Фёдоров-Давыдов Г.А. Монеты с городища Шахерлик // Этнография и археология Средней Азии. М.: 1979. С. 122-126.

6 Петров П.Н., Муктар А.К., Биккиняев Н.Х., Жумабаев А.Ж. Нумизматические находки в средневековом городе Сарайчук по результатам археологических исследований. Ч. I // МИАСП. 2022. №14. С. 382-404; Петров П.Н., Ахметова У.Т., Жумабаев А.Ж. Нумизматические находки в средневековом городе Сарайчук по результатам археологических исследований. Клады. Ч. II. // МАИАСП. 2023. №15. С. 845-860.; Петров П.Н., Ахметова У.Т., Касенов М.С., Биккиняев Н.Х. Монетные находки XIII – XIV вв. на караванных трассах Сарайчука // Stratum plus. №6. 2024. С. 103-118.; Мұқтар Ә., Ахметова У., Петров П., Тұраруұлы А., Жұмабаев А. Ортағасырлық Сарайшық: тарихи деректері, археологиясы, нумизматикасы, картографиясы. Ұжымдық монография. – Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2024. – 368 б.

7 Петров П.Н., Атыгаев Н.А., Белтенов Ж.М. Деньги на «Шелковом пути» (Территория Казахстана XIII – XIV вв.). – Алматы: ЦГМ РК, 2023. - 400 с.

8 Байғалиев Ж., Диярова Ж. Ортағасырлық Сарайшық тиындары тарихи дерек ретінде // Марғұлан оқулары–2023: халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары (2023 жылдың 30-31 наурызында). Алматы: Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты, 1- том, 2023. – 260-266 б.

9 «Алтынордалық Сарайшық, Ұшқан, Ащысай, Қарағайлы ескерткіштері тарихи-мәдени мұра контекстінде (XIII – XV ғғ.)» ғылыми нысаналы бағдарламасының жылдық есебі / Бағдарлама жетекшісі т.ғ.д. У.Т. Ахметова. – Сарайшық: ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы, 2024. – 288 б.

ҚОРЫТЫНДЫ

Сонымен «Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы» РМҚК ғалымдары орындаған Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің 2023-2025 жылдарға бағдарламалы-нысаналы қаржыландыруы бойынша BR 22082480 «Алтынордалық Сарайшық, Ұшқан, Ащысай, Қарағайлы ескерткіштері тарихи-мәдени мұра контекстісінде (XIII-XV ғғ.)» ғылыми бағдарламасы нәтижесінде Ұшқан, Ащысай, Қарағайлы орындарына ғылыми зерттеулерін жүргізді. Зерттеу барысында далалық экспедициялар, археологиялық қазбалардан алғашқы нақты нәтижелер алынды.

2024 жылғы Қарағайлы ескерткішіндегі қазбадан алғаш рет ғимарат ашылды. Оның қабырғалары шикі саман кірпіштен соғылған. Кірпіштер күлгін түсті, балшық ерітіндісі ашық сары түсті келген. Ғимарат екі бөлмеден тұрады. Оңтүстік-батыс жағында үлкен бөлме және солтүстік-шығыс жағында кіреберіс кіші бөлме - тамбур бар. Ғимараттың батыс қабырғасының орта бөлігі қалың келген, бұл жерде қабырғаны жартылай сфера түріндегі контрфорспен бекіткен болуы мүмкін. Егер бұл ғимаратты мешіт құрылысы деп есептесек, контрфорс ішке қарай шығыңқы михрабтың ролін атқаруы мүмкін деген болжам бар. Бөлме едені нығыздалып сазбен сыланған. Бөлмелер ішкі көрінісінен ешқандай құрылыстың орны табылған жоқ. 2014 жылы Батыс Қазақстан облысы Жалпақтал ескерткіші орнынан да осы ғимаратқа ұқсас ғимарат табылып, ол мешіт орны ретінде анықталғанды. Қарағайлы ғимаратын көрген Татастан Республикасы Археология институты директоры А. Ситдиковта оны мешітке ұқсаты. Сарайшық ғалымдары анықталған ғимаратты мешіт немесе керуеншілер жүгін сақтайтын қойма болуы мүмкін деген болжам жасады.

2024 жылғы мешіт немес керуеншілер қоймасы жанынан шығысқа қарай метал өңдеумен айналысқан кәсіпшілік болған орын анықталды. Сол кезеңде көп мөлшерде метал шлактары, сомтемірлер, қола, қорғасын бөлшектері, отбақыр ыдысы табылды. 2025 жылы қазба жұмыстары осы өндіріс алаңын кеңейте түсті. Нәтижесінде ортағасырлық Қарағайлы қаласы Алтын Орда дәуіріндегі мәдени-экономикалық орталықтардың бірі болғанын растайтын деректер алынды. Қазба барысында құрылыс қалдықтары (саз кірпіштен

қаланған қабырға), шаруашылық шұңқырлары, жануар сүйектері, керамика сынықтары, металлургиялық өндіріс қалдықтары (сомтемірлер), түрлі тұрмыстық заттар және тиындар біздің тұжырымды дәлелдей түседі.

Ұшқан ескерткіші де зерттеушілердің қызығушылығын туғызып келеді. Өкінішке орай бүгінге дейін бұл жерде қазба жұмыстары жүрмеген. Ғылыми зерттеулерде Ұшқанды бірі керуен-сарай санаса, екіншілері қала деп есептейді. Сондықтан ол қала, керуен-сарай деп те жазыла береді.

2025 жылғы маусым айында ортағасырлық Ұшқан ескерткішіне 5х5 м көлемде алғаш рет қазба салынды. Зерттеу кезінде алғаш рет 70 см тереңдіктен ғимарат орны байқалды. Табылған ғимарат біздіңше керуен-сарайдың бір бөлігі. Ескерткіш бұдан оңтүстікке қарай, Үстіртте орналасқан Қосқұдық, Белдеулі керуен-сарайларымен ұқсас келген. Ұшқан керуен-сарайы да ұлутас блоктарынан тұрғызылған. Таскешу, т.б. керуен-сарайлар секілді жақын жерде ортағасырлық зират орны болғаны анық. Әдетте қала орналасқан жерде ірі су қоймасы, өзен-көлдер, теңіз болуы тиіс. Қала тұрғындарын ауыз сумен қамтамасыз етуге суы мол жер қажет. Ұшқандағы бұлақтар көп адамды сумен қамтамасыз ету үшін аздық етеді. Соған орай бұл аймақта халық саны шектеулі, бұлақ сулары тек сауда жолындағы адамдар мен көліктік малға жететіндей болса керек.

Қазбада анықталған құрылыс қабаты бір деңгейде, Алтын Орда заманына тиесілі мәдени қабат ашылды. Тиынның болуы, қызыл түсті қышпен бірге хорезмдік сұр қыштың, сырлы қыш ыдыс бөліктерінің кездесуі керуен-сарай қызметіне байланысты болса керек.

Ащысай қалашығындағы кешенді зерттеулер 2024-2025 жылдары жүргізілді. Басты бағыт-бағдар ретінде А. Пушкаревтің магниттік түсірілімдер жоспары негізге алынды. 2024 жылы қалашықтың жоспарын білу мақсатында бір-бірінен қашық шағын қазбалар қазылды. Бұл ретте археологиялық нысанның мәдени қабатының жұқалығы да ескерілді.

Қазба жұмыстары барысында қыш ыдыстардың бөліктері, моншақтар, тиындар, сүйектен жасалған бұйымдар табылды. Құрылыс орындары нашар сақталған. Соған қарамастан, пештің жылу жүйелері, ғимарат қабырғасының бөлігі, тұрмыстық қалдықтар көмілген шаруашылық шұңқырлары табылды. Шұңқырларда балық сүйегінің қалдықтары көп кездеседі. Бұл Ащысай мекені тұрғындарының тамақ

рационында балықтың маңызды рөл атқарғанын көрсетеді. Қазба жұмыстары кезінде артефактілермен қатар малдың сүйек қалдықтары өте көп анықталған болатын. Бұл ретте ескерткіштің дәл үстінде қазіргі замандағы мал шаруашылығы нысандары болғандығын ескеру керек. Археологиялық ескерткіштің мәдени қабаты кейінгі антропогендік іс-әрекеттер нәтижесінде бұзылған.

2025 жылы Ащысай ескерткіші орнында 3 жерден қазба салынды. Қазбалардағы Алтын Орда кезеңінің анықталған қабаты бір құрылыс деңгейіне жатады. Археологиялық нысандардың мәдени қабаты аса бай емес.

Қала үйлерінде орнатылған тандыр пештер, ошақты пештер Сарайшық қаласының алтынордалық, ноғайлы кезеңдерінің материалдарымен бірдей, XIV-XV ғасырлармен кезеңделеді. Мал сүйектерімен қатар балық сүйектерінің көп кездесуі қала тұрғындарының мал шаруашылығымен қатар балық аулауды да кәсіп еткенін анық көрсетеді. Шығыр ыдыстары олардың бау-бақша өсірумен айналысқанына дәлел бола алады. Ащысайдан ақшаның табылуы, каури секілді импорттық тауарлардың кездесуі қаланың сауда-керуен жолымен тығыз байланысқанын көрсетеді. Сырлы қыш ыдыстардың болуы да бұған қосымша дәлел бола алады.

Ащысай және осы маңдағы мекендерді зерттеу соңғы екі жылда ғана қарқын алды. Дегенмен, бір кемшін тұсы – Сарайшық оазисіндегі осындай алтынордалық мекендер тақырыбы әлі күнге ортағасырлық Қазақстан тарихын тарихнамалық, деректанушылық тұрғыдан зерттейтін ғалымдардың назарына ілінбей келеді.

2024-2025 жылдары Қарағайлы, Ащысай ескерткіштерінде алғаш рет археозоологиялық зерттеулер жүргізілді. Зерттелген остеологиялық материалдар қала тұрғындарының шаруашылығы аралас бағытта – мал шаруашылығын, ет-сүт өнімдерін өндіруді, балық аулауды және аңшылықты үйлестіре жүргізгенін дәлелдейді. Қой мен ірі қараның жас ерекшеліктері бойынша талдау, аталған жануарларды негізгі азықтық және шаруашылық мақсатта пайдаланылғаны байқалады. Жылқының тасымалдау мен көлік қызметінде маңызды орын алғанын байқаймыз. Мұны жылқылардың басым бөлігінің ересек шағында сойылуы да жанама түрде растайды. Тағам рационында түйе еті болғанымен, мөлшері өте аз болған. Біздіңше, бұл арада 1333-1334 жылдары Сарайшықта болған Ибн Баттутаның еңбегіндегі Сарай Батудан Сарайшыққа жылқымен келіп, түйе сатып алуы туралы пікірін

толықтыра түседі. Яғни, түйе жүк көлігі ретінде Сарайшықтан Үргенішке қарай негізінен пайдаланса керек. Оны зерттеу барысындағы Сарайшықтан табылған түйе сүйектерінің көптігі де айғақтайды. Ал, балық сүйектерінің кездесуі балық аулау ісінің қала тұрғындары үшін қосымша азық көзі болғанын дәлелдейді.

2025 жылғы алғаш зерттеу аумағына алынған Ұшқан ескерткішінің остеологиялық материалдары бұл ескерткіште аралас мал шаруашылығы дамығанын, оның ішінде жылқы етін тұтынудың ерекше жоғары үлесі болғанын дәлелдейді. Зерттеу аумағына алыған остеологиялық материалдарда патологиялық өзгерістердің болуы тұрғындардың малды тек ет көзі ретінде ғана емес, сонымен қатар шаруашылық мақсатта да пайдаланғанын дәлелдейді. Бұл кешенді деректер аймақтағы мал шаруашылығының дамуын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

2024-2025 жылдардағы Ащысай, Қарағайлы қалаларындағы және Ұшқан ескерткіші орнындағы қазба жұмыстары барысында табылған нумизматикалық материалдар «Сарайшық» музей-қорығының зерттеуімен алғаш рет ғылыми айналымға шықты. Зеттеу жұмысына белгілі нумизмат П. Петровтың қатысуы, оның ыждағатты жұмыстары тиындарды зерделеуге мүмкіндік жасады. Нәтижесінде олардың Сарайшықпен тығыз қарым-қатынаста болып, сауда байланыстарын дамытқаны айқын көрінеді. Нумизматикалық материалдар ескерткіштердің алтынордалық кезеңнің тарихи-мәдени мұралары екенін дәлелдеді. Қазба жұмыстары барысында ескерткіштер орнынан Сарай, Сарай әл-Жәдид, Хорезм, Жаңакент (Йангикент), сонымен қатар Сарайшық қаласында соғылған тиындардың табылуы экономикалық байланыстың ортақтығын көрсетеді. Ащысай қаласынан табылған Сарай қаласында соғылған 11 мыс тиын көмбесін, Ұшқан қаласынан Мохша қаласында соғылған Өзбек ханның күміс дирхемін, Қарағайлы, Ащысайдан табылған Йангикент қаласында соғылған мыс пұлды ерекше атап өтуге болады.

Қорыта келгенде, Ащысай, Қарағайлы, Ұшқан ескерткіштерінен табылған 113 дана тиындар болашақта жаңа қорытындылар жасауға жол ашады.

ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕУЛЕР ТІЗІМІ

Б-ОБ – батыс, оңтүстік-батыс
ОБ-СШ - оңтүстік-батыс, солтүстік-шығыс
ОБ - оңтүстік-батыс
ОШ - оңтүстік-шығыс
ШБ – шығыс-батыс
ШО – шығыс-оңтүстік
С-СШ – солтүстік, солтүстік-шығыс
СШ – солтүстік-шығыс
БШ – батыс-шығыс
СШ-ОБ – солтүстік-шығыс, оңтүстік-батыс
б.з.- біздің заманымыздағы

ҚОСЫМША

Ортағасырлық Қарағайлы ескерткішіндегі ғылыми зерттеулер



Қарағайлы қалашығындағы ғылыми экспедиция. Белгілі археолог, т.ғ.д., профессор М. Елеуов, т.ғ.д., профессор Ә. Мұқтар, Астрахандық археолог В. Плахов (06.2022)



Қарағайлы керамикаларымен жұмыс (2024)



Қарағайлы қазба жұмысы барысы (2024)



Қарағайлы қалашығындағы қазба жұмыстары – солдан оңға қарай маман Ж. Құрмашев, магистр, археолог Ж. Байғалиев, археолог А. Тұраұлы, Түрік Республикасы Анкара университетінің археологы, PhD Мухаррем Атчекен, астрахандық археолог В. Плахов, Сарайшық музей қорығы директорының орынбасары, магистр Жанар Диярова, т.ғ.к. К. Меңдігереев (2025)



Қарағайлы қалашығы қазба орнында. Түрік Республикасы Анкара университетінің археологы Мухаррем Атчекен, Сарайшық археологтары Айбек Тұраруұлы, Жүніс Байғалиев (07.2025)

Ортағасырлық Ұшқан ескерткішіндегі ғылыми зерттеулер



Ұшқан қазба жұмыстарының жетекшісі т.ғ.д., қауымдастырылған профессор Ұлжан Ахметова





Ұшқан керуен сарайынан табылған тиын. Мыс.



Қазба орында – солдаан оңға қарай т.ғ.д., қауымдастырылған профессор Ұ. Ахметова, т.ғ.д., профессор Ә. Мұқтар, Астрахандық археолог В. Плахов, археолог А. Тұраруұлы, магистр, археолог А. Жұмабаев, Ж. Құрмашев, А. Ұзақбаев, т.ғ.к. К. Меңдігеерев



Қазба орнында – солдан оңға қарай магистр, археолог Ж. Байғалиев, археолог А. Тұраруұлы, т.ғ.д., қауымдастырылған профессор Ұ. Ахметова. т.ғ.д., профессор Ә. Мұқтар, Астрахандық археолог В. Плахов, магистр, археолог А. Жұмабаев, т.ғ.к. К. Меңдігеерев, жоғарыда отырған А. Ұзақбаев



Астрахандық археолог Вячеслав Плахов қазба ішінде өз тәжірибесімен бөлісуде 2025



Ұшқан керуен сарайы орнындағы құрылыс тастары



Ұшқан керуен сарайы орнындағы сәулеттік құрылыс тасы



Ұшқан қазбасының жоғарыдан көрінісі



Ұшқан қазбасының консервациясы



Ұшқаннан табылған керамикаларды талдау, тәжірибе алмасу сәтінен

Ортағасырлық Ащысай ескерткішіндегі ғылыми зерттеулер





2024 жыл. Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің тарихшы студенттері Ащысай қазбасында



Ащысай қалашығындағы қазба орнында. Түрік Республикасы Анкара университетінің археологы, PhD Мухаррем Атчекен, РФ археологы В. Плаховпен бірге (07.2025)



Ащысай қалашығындағы қазба орнында Түрік Республикасы Анкара университетінің археологы, PhD Мухаррем Атчекен, археолог А. Тұраұлы

2025 жылғы Сарайшық қаласы орнындағы қазба жұмыстары





2025 ж. №6 қазба орнында Түрік Республикасы Анкара университетінің археологы, PhD Мухаррем Атчекен, астрахандық археолог В. Плахов



2025 ж. №2 қазба Ортағасырлық Сарайшық қазба орнында «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы ғалымдары және Ресей Федерациясы Астраханьдық ғалым, нумизмат П. Петров



Бағдарлама жетекшісі т.ғ.д. У.Т. Ахметова.



Ә.Қ. Мұқтар мен магистр А.Ж. Жұмабаев. Санкт-Петербург



Бағдарлама мүшелері т.ғ.д., профессор Ә.Қ. Мұқтар мен магистр А.Ж. Жұмабаев Санкт-Петербург қаласындағы Эрмитаж архивінде. 2025 ж.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ 3

1 АЛТЫНОРДАЛЫҚ ҚАРАҒАЙЛЫ МЕКЕНІ: АЛҒАШҚЫ ЗЕРТТЕУЛЕР ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ 8

1.1 2022-2024 жылдардағы Қарағайлыдағы далалық барлау экспедициялары 8

1.2 Қарағайлы мекеніндегі мазарды зерттеу мәселелері 11

1.3 2024 жылғы археологиялық қазба жұмыстары және олардың нәтижелері 20

1.4 2025 жылғы қазба жұмыстары және олардың қорытындылары 26

2 АЛТЫНОРДАЛЫҚ ҰШҚАН ҚАЛАСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ 41

2.1 Ұшқан қаласының зерттелу тарихы 41

2.2 2025 жылғы археологиялық қазба жұмыстары және олардың нәтижелері 50

3 АЩЫСАЙ МЕКЕНІ: АЛҒАШҚЫ ЗЕРТТЕУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ 59

3.1 2021-2023 жылдардағы далалық экспедициялар нәтижелері 59

3.2 Ащысай мекеніндегі 2024 жылғы қазба жұмыстары және олардың нәтижелері 63

3.3 Ащысай мекеніндегі 2025 жылғы қазба жұмыстары және олардың нәтижелері 74

4 АЛТЫНОРДАЛЫҚ ҚАРАҒАЙЛЫ, ҰШҚАН, АЩЫСАЙ ҚАЛАЛАРЫ ОРНЫНДАҒЫ ОСТЕОЛОГИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛДАРЫН АРХЕОЗООЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ 86

4.1 Ортағасырлық Сарайшық, Ащысай және Қарағайлы ескерткіштерінің 2024 жылғы остеологиялық материалдарын археозоологиялық зерттеу нәтижелері 86

4.2 Ортағасырлық Қарағайлы, Ұшқан, Ащысай қалалары орнындағы 2025 жылғы остеологиялық материалдарын археозоологиялық зерттеу нәтижелері 118

4.2.1 Ащысай қаласы (2025 ж. қазба) жануар сүйектерінің археозоологиялық талдауы 118

4.2.2 Қарағайлы қаласының тұрғындарының шаруашылық қызметі: остеологиялық материалдар негізінде 129

4.2.3 Ұшқан ескерткіші бойынша мал шаруашылығының дамуы және тұрғындардың азықтық стратегиясы 143

5 ҚАРАҒАЙЛЫ, ҰШҚАН ЖӘНЕ АЩЫСАЙ МЕКЕНДЕРІНДЕГІ НУМИЗМАТИКАЛЫҚ МАТЕРИАЛДАРДЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ 155

ҚОРЫТЫНДЫ 175

ҚОСЫМША 180

У. Ахметова, Ә. Мұқтар, А. Тұраруұлы,

А. Жұмабаев, Ж. Байғалиев, М. Шагирбаев

Ғылыми басылым

АЛТЫНОРДАЛЫҚ ҚАРАҒАЙЛЫ, ҰШҚАН, АЩЫСАЙ ҚАЛАЛАРЫ: ТАРИХЫ ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯСЫ

ISBN 978-601-12-4689-7

Бас редакторы Болат Батыр

«Махамбет» халықаралық қор мекемесі, 2025
Басуға 10.10.2025 ж. қол қойылды.
Пішімі 62x1/32. Офистік қағаз, офистік басылыс.
Кітап басылымы 12,5 баспа табақ
Таралымы 500 дана
Тапсырыс 770